



М. Қозыбаев атындағы
Солтүстік Қазақстан
мемлекеттік университеті

Ж.С. ТАЛАСПАЕВА

МӘТІН ЛИНГВИСТИКАСЫ

5B011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті»,
6M050400 «Филология» мамандықтары үшін
оку-әдістемелік құрал

Петропавл
2017

148

22/VII 22 Ceforeasby R

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

М. Қозыбаев атындағы

Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

Ж.С. ТАЛАСПАЕВА

МӘТІН ЛИНГВИСТИКАСЫ

*5B011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті»,
6M050400 «Филология» мамандықтары үшін
оку-әдістемелік құрал*

*C. Қозыбаев атындағы
облыстық мемлекеттік
сәйнекшелік мектебі
27.03.2018.*

**Петропавл
2017**

ӘОЖ 811.512.122(075.32)

КБЖ 81.2 Каз-923

T16

М.Козыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің оқу-әдістемелік кеңесінің шешімі бойынша баспадан шығарылды (№ 12 хаттама 21.06.2017ж.)

Пікірсарапшылар:

«Өрлеу» Біліктілікті арттыру Үлттық орталығы АҚ СКО бойынша филиалы
ПҚБАИ директорының орынбасары

ф.ғ.к., доцент Куантаева М.Е.

М.Козыбаев атындағы СҚМУ доценті, ф. ғ. к., Есматова М.Т.

Таласпаева Ж.С.

T16 Мәтін лингвистикасы: оқу-әдістемелік құрал. – Петропавл қаласы:
М.Козыбаев атындағы СҚМУ, 2017. – 140 б.

ISBN 978-601-322-142-7

k - 536 88

Оқу-әдістемелік құралында «Мәтін лингвистикасы» пәнін оқытуда қарастырылатын теориялық мәселелер мен даму бағыттары, өзіндік белгілері туралы ғылыми түсніктер берілген. Тәжірибелі сабактарда берілетін тапсырмалар енгізілген. Оқу-әдістемелік құралы филология мамандықтарының студенттері мен магистранттарына, казак тіл білімі мамандарына, жалпы мәтін лингвистикасы мәселелерін зерттеуге кызығушылық танытатын ізденушілерге арналады.

ӘОЖ 811.512.122(075.32)

КБЖ 81.2 Каз-923

ISBN 978-601-322-142-7

© Таласпаева Ж.С., 2017

© М.Козыбаев атындағы СҚМУ, 2017

M.Козыбаев атындағы СҚМУ сана менеджменті жүйесі ISO 9001:2008

Северо-Казахстанская областная универсальная научная библиотека им. С. МУКАНОВА

им. С. МУКАНОВА

г. Петропавловск

Алғысөз

Ұсынылып отырған оку-әдістемелік құралының басты миссаты – жоғары оку орындарының филология мамандығында оқыттылатын «Мәтін лингвистикасы» пәні бойынша оку оннадарламасына сәйкес дәріс және тәжірибелік сабактарға күжетті теориялық материалдарды іріктеп, жинақтап беру. Мәгінтанушы Ресей және қазақ лингвист ғалымдарының соңғы '0 30 жылда жарық көрген ғылыми еңбектері мен оқулықтарының біразын талдап, оку-әдістемелік құралымыздың негізіне алдық. Мәтін теориясы онтологиялық, гносеологиялық, лингвистикалық, психологиялық және прагматикалық түрғыда іергітелу үстінде, әрі зерттеудің казіргі антропоцентристік, когнитивтік бағыттарында да кешенді жұмыс тындырылуда.

Оку-әдістемелік құралда баяндалған мәтіннің негізгі категориялары мен ұғымдары туралы түсінік тіл маманына жалпы мәтіндерді, соның ішінде талдауы ерекше күрделі көркем әдебиет мәтінін толық және жан-жақты талдауға көмектеседі.

«Мәтін лингвистикасы» пәні көркем мәтінге лингвистикалық, филологиялық талдау жүргізгенде пәннің теориялық мәселелерін ойдағыдай игеру үшін казіргі қазақ тіл білімінде жарық көрген бай тілдік материалды кеңінен, жүйелі түрде пайдаланған бірден-бір жан-жақты бағыт деп санаймыз.

I Мәтін лингвистикасы ғылыми пән ретінде

1.1 Тіл біліміндегі мәтін мәселе

Мәтін лингвистикасы – өзінің теориясы мен практикасы бар салыстырмалы түрде алғанда жас (ХХ ғасырдың ортасы) дербес ғылым және оку пәні. Мәтін лингвистикасы мәтін ұғымына негізделіп, көбінесе оны талдаумен байланыстыратын филологиялық риторика аталатын риториканың тағы бір бағытының дамуына ықпал етеді. Заманауи мәтін лингвистикасы мәтіннің өзі мен құрылымын, категориялары мен тілдік бірліктерін, сол сиякты мәтінді, ен алдымен көркем мәтінді құрастыру, тудыру және талдау тәсілдерін зерделейді.

Лингвистикадағы мәтін кең қолемде зерттеліп келе жатқан, әлі де әр қырынан зерттеуді қажет ететін ауқымды әрі курделі мәселе болып табылады.

Мәтінді қазіргі кезде зерттеу нысаны етіп алғандардың ішінде И.А. Бодуэн де Куртене, М.М. Бахтин, В.В. Виноградов, Г.О. Винокур, Е.Д. Поливанов, Л.В. Щерба, Л.С. Выготский, А.А. Леонтьев және т.б. көптеген ғалымдарды атауға болады.

Мәтін зерттеушілерді әртүрлі аспектіде қарастыруға шакырады. Текстология ежелгі мәтіндерді филологиялық түрғыда қарастырады. Стилистика көркем әдебиет және публицистикалық шығармаларды автордың лексикалық және грамматикалық элементтерді пайдалануымен жететін стилитикалық түрғыдан зерттейді. 1960 жылдары батыс ғалымдары П.Хартманн, Э.Харвег, З.Шмидттердің бастамасымен мәтін лингвистикасының теориясы қалана бастады. Алдымен мәтін құрылымдық жағынан қарастырылды, ал 1970 жылдардан кейін мәтінді зерттеу коммуникативтік процесс ретінде көрініс берді. Жалпы алғанда ХХ ғасырдың 70-80 жылдарына дейін әлемдік филологияда лингвистикалық зерттеулер әрі кеткенде сөйлем шеңберінде ғана қарастырылып келді. Осы сөйлемдер легінен тұратын мәтін ұзак уақыт бойы тіл ғылымының аясынан табылмады.

Мәтін лингвистикасының дамуы жаңа бағыттар, жаңа тәсілдер, жаңа ұғымдар, тың көзқарастардың тууына негіз

шыны. Мәтін теориясында көптеген нәтижелерге кол жеткізген немесе тілші ғалымы П.Хартманн өз еңбектерінің бірінде: «Казіргі кезде мәтінді оқытуға негізделген лингвистика бар. Қиыннаның бүл саласы тілдік зерттеулердің ең нәтижеге болған саласы. Ол лингвистикадағы қызығушылық диапозоның концептеді және лингвистикалық пікірлердің топтамасына жол ашады. Лингвистиканың аталған жана саласын зерттеу ісі қиыннаның зерттеулердің жаңа бастамасы болды», - дейіді [1, 9].

XX ғасырдың екінші жартысынан негізі қаланған мәтін қиыннаның саласы бірнеше ғылымдар тоғысынан пайда болған ғылым саласы. Ол – тіл көркемдігін сипаттайтын дәстүрлі стилистикадан бастап, адам танымына жетелейтін когнитивтік қиыннаны, философияға дейінгі аралықты қамтиды.

Екіншіден, оның пайда болуы түрлі мектептің өкілдері мен ғылыми көзқарастардың мәтінді түсіндірудегі мынжылдық ізжірибесі негізінде жүзеге асты. Ал XX ғасырдың соңғы шириегінде тіл білімінде мәтін лингвистикасы қарқынды дами бастады. Қазіргі мәтін лингвистикасында мәтіннің бірнеше қадамы бағыттары көрсетіліп жүр. Олардың бірнешеуі ғомендеңгідей болып келеді:

- мәтінді жоғары дәрежедегі жүйе деп қарап, оның басты белгілерітұтастық пен байланыстылық екендігін назарда ұстau;
- лингвистикалық белгілерге сүйене отырып коммуникативтік параметрлер бойынша мәтін типологиясын құру (айтып жеткізу мен мазмұн бірлігі);
- мәтінді құрайтын бірліктерді анықтау;
- негізгі мәтіндік категорияларды анықтау.

Мәтін лингвистикасына қатысты жалпы тіл білімінде И.Р. Гальперин, С.И. Гиндин, З.Я. Тураева, Л.Г. Бабенко, А.А. Залевская, Г.Я. Солганик, Ю.А. Левицкий, Л.В. Поповская т.б. ғалымдардың еңбектері жарық көрді. Олардың зерттеу еңбектерінде мәтіндегі прагматика мен интонация, мәтін құрылымы, көмекші сөздердің ерекше жұмсалуы, мәтіндегі ұсақ тілдік бірліктер (фонема, морфема), мәтіннің

жарнама күрінісі, мәтін типологиясы т.б. мәселелер жайында соғыс орындалып.

Мәтін шиннистикасын соңғы 10-15 жыл ішінде каркынды анының көлемді деуіміздің бір реті - лингвистика мен мәтін стилистикасының аражігін ашып, бірін-бірі толықтыратын тендережелі ұылым деп ұсынуға болатындығы. Мәтін - күрделі категория. Оны бір әдіс шенберінде зерттеп, тануға келмейді. 1985 жылы 25-27 қыркүйекте Қазан университетінде мәтін стилистикасы бойынша өткізілген бүкілодактық мәжілісте профессор М.Н.Кожин мәтін лингвистикасын «лингвистиканың перспективалы бағыты» ретінде бағалап, мәтін лингвистикасын функционалды стилистика дамуының занды жалғасы деп таниды [2, 8].

Сонымен, қазірде мәтінді түрлі әдістермен, әр қырынан алып қарастыру кең өріс алып отыр. Мәселен:

- онтологиялық түрғыда - мәтіннің болмысы;
- лингвистикалық түрғыда - мәтіннің тілдік ұйымдасуы;
- психологиялық түрғыда - мәтінді кабылдау;
- прагматикалық түрғыда - мәтін авторының объективті болмысқа және мазмұнға деген катынасы сипатталады.

Ал А.Г. Бабенко, Ю.В. Казарин «Лингвистический анализ художественного текста» атты еңбегінде мәтінді танудың келесі тәсілдерін ұсынады: мәтінді талдаудағы дәстүрлі тәсіл - *лингвоцентристік*. Нысаны - тіл және мәтін. Ол көркем мәтіннің тілдік бірліктеріне және категорияларына негізделеді. Мұндай тәсілде лексикалық, фонетикалық, грамматикалық, стилитикалық бірліктер мен категориялар қамтылады. *Текстцентристік тәсіл* - мәтін туралы негіздер шығармашылық әрекеттің нәтижесі мен азығы ретінде көрінеді. Мәтін тұтас аяқталған нысан ретінде зерттеледі. Нысаны әдеби қарым-катынас. *Антропоцентристік тәсіл* - мәтіннің интерпретациясына байланысты нысанында автор позициясы мен кабылдау (окырман позициясы) қамтылады. Бұл тәсіл арқылы мәтінтану төмөндегідей бағыттарға болінеді:

- психолингвистикалық (Л.С.Выготский, А.А. Леонтьев);
- прагматикалық (А.Н. Баранин);

- деривациялық (Е.С. Кубрякова, Л.Н. Мурзин);
- коммуникативтік (Г.А. Золотова, Н.С. Болотнова);
- жанрлы-стильдік (М.М. Бахтин, М.Н. Кожин);
- танымдық тәсіл (Ван Дейк, Т. Виноградов).

Танымдық тәсіл - соңғы он жылдықта ғылыми науадигманың ізімен алдынғы орынға шықты. Мұнда тілді өмемінң тілдік бейнесі ретінде қарайды. Нысаны автор - мәтін - мәтіннен тыс болмыс [3, 114].

Мәтінді зерттеуге қызығушылықтың артуына көптеген мәселелер әсер етті. Онда тілді қарым-қатынас жасаудың өріден-бір тұтас құралы ретінде түсіну, тілдің адамзат қызметтерінің әртүрлі жақтарынан байланыстырығын терең өзінде де қажет болды. Мәтіннің көмегімен тілдің өмір сүруін, оның заңдылықтарын тануға болады.

Мәтін дүниежүзі лингвистерінің назарына іліккен кезде казак тіл білімінде де бұл мәселеге қатысты казак тіл білімінің негізін салушы А. Байтұрсынов пен К. Жұбанов еңбектерінен де алғашкы ойларды кездестіреміз. Бұл жайлы қазірде қазак тіл білімінде Б.Шалабай өз пікірін былайша білдіреді: «Біздің ойымызша, ғалым А. Байтұрсынұлы мәтінді «шығарма сез» деп атап, сөйлеудің бірлігіне жатқызады. А. Байтұрсынұлы шығарманың тақырыптан, ал мәтін (шығарма) мазмұнының үш мүшеден, яғни андану, мазмұндау, корытындыдан тұратынын корсетеді. Сондай-ақ мәтіннің қатысымдық қызмет тудыруға негіз болатынын, айтушының ойының өзге үшін бағытталатынын алғашқылардың бірі болып айтты» [4, 24 б.]. Бұдан басқа да көптеген ғылыми ойларды зерделей отырып, мәтінтану казак тіл білімінде А. Байтұрсынұлы еңбектерінен бастау алады деуге әбден болады.

Соңғы кездері казак тіл білімінде де мәтін мәселелеріне ерекше назар аударыла бастады. Мәтіннің түрлі аспектілерінің табиғатын тануға бағытталған еңбектердің қатарына Р.Сыздықова, М.Серғалиев, Б.Шалабай, Г.Смағұлова, Г.Әзімжанова, А.Таусоғарова, Ш.Мәжітаева, М.Ахметова, С.Жусанбаевалардың зерттеу еңбектерін, газет мәтінін қарастырған Б.Момынова, Қ.Есеновалардың, көркем мәтінді

жеке зерттеу нысаны ретінде қарастырған Ж.Т.Қойшығулова, С. Құнанбаевалардың еңбектерін жатқызуға болады.

Казак тілтанымында мәтін лингвистикасы ғылым саласы ретінде филолог-ғалым Р.Сыздықова еңбектерінен бастау алады. «Абай шығармаларының тілі» атты іргелі зерттеуден өріс алған мәтінтану ғылымы әрі қарай жалғасын табуда. Ғалым казак тіліне катысы бар ортағасырлық жазба ескерткіштер тілін зерттеген еңбектерінде «ХV-XIX ғ. казак әдеби тілінің тарихы», «Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы», «Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінің тілі», «Абайдың сөз өрнегі», «Жазушы және сөз мәдениеті», «Сөз құдіреті» сияқты монографиялық еңбектері мен ғылыми зерттеулерінде мәтін тілінің көркемдік-эстетикалық белгі-сипаттарын танып-танағынан табылады. Сонымен қатар М.Әуезов, F.Мүсіреповтерден бастап бүтінгі Ә.Кекілбаев, Д.Исабековтерге дейінгі аралықтағы жазушылардың тілі мен көркемдік әлемін әр кырынан танытқан еңбектер – мәтін лингвистикасына қосылған үлкен үлес, теориялық-практикалық құнды зерттеулер қатарынан табылады.

2.1 Мәтін және оның негізгі белгілері

2.2 Мәтінге берілген анықтамалар

Ұзак жылдар бойы тілдік жүйені зерттеуге дең қойып келген лингвистер кейінгі кезде тілдік жүйенін сөйлеу кезіндегі көрінісін зерттеуге бет бұрды. Антропологиялық ізденістердің нәтижесінде адам, оның іс-әрекеті бірінші кезеңде тұрды. Адам өзін коршаған ортаны мәтін арқылы танып біледі. Өзіне қажетті акпаратты мәтін арқылы алғып, мәтін арқылы жібереді. Мәтін әрқашан коммуникативтік жағдайларға, сөзді айтушы мен тындаушыға байланысты болады. Ол адамдар карым-катынасының алғышарттары мен ұйымдастырылуын сипаттайды.

Мәтін лингвистикасы XX ғасырдың екінші жартысынан бастап қалыптаса бастаған, соңғы жылдардың күндерінде дамып келе жатқан тың сала. Ол барлық гуманитарлық, философиялық

онындағы негізі болумен бірге мәтін лингвистикасы пәнінің шығуна түрткі болған. Мәтін лингвистикасы пәнінің филология ғылымдарының бір саласы болып қалыптасуы көпірлі лингвистиканың даму бағытын көрсетеді.

Қазірде мәтін ұғымы жаңаша сипатка ие болды. Соның нағайжесінде, мәтін терминін дискурстық терминологияға, мәтіннің статикалық қалпынан динамикаға көшіріп, басқаша шрітеуді колға алды. Ғылымда дискурс, дискурсивті талдау сиякты ұғымдар көрініс тапты. Екі негізгі бағыт белен алды. Олар: мәтін лингвистикасы және дискурс. Аталған дискурс терминін қолдануда осы кезге дейін бірізділік жок. Соған орай дискурске түрлі анықтамалар беріліп, тұжырымдар жасалуда. Мәтіннің тууы мен түсінілуі мәтінді зерттеудін орталық объектісі және негізгі проблематикасы болып табылады. Мағынаның мәнгө (мәтіннің тууы) және мәннің мағынаға (мәтіннің түсінілуі) түрлену механизмдері «сана-тіл-әлем» іриадасының шенберінде қарастырылады.

Тіл қызметі - басқа қызмет түрлеріне сініскен мәтін қызметі. Мәтін - қарым-қатынастың негізгі бірлігі. Адамдар жекелеген сөздермен, сөйлемдермен емес, мәтіндермен қарым-қатынас жасайды. «Мәтін» ұғымы ертеден болғанымен, терминологиялық ұғымда бертінде қолданыла бастады.

Мәтін лингвистикасы - тіл ғылымының жеке саласы болғанымен, соңғы отыз жылда, өзіндік дамуында түрлі қындықтарға толы болды. Мәтінді танудың өзінде сан түрлі сұраптар туындағы. Мәтін дегеніміз не? Оның категориялары қандай? Мәтіннің ұйымдасуында қандай заңдылықтар бар? т.б. Мәтінді анықтау мәселесімен байланысты яғни, оның шекараларын нақтылап, мәтінді басқа бөлшектерден ажырату кажет.

«Мәтін» (текст) сөзінің этимологиясы латынның texo - «тоқымын», «tīgēmīn», «əremīn» етістігіне ұштасады, textus - «мат», («ткань») дегенді білдіреді (орыстың «текстиль» сөзін еске алайық). Басқаша айтқанда, «мәтін» (текст) сөзі семантикасының негізінде «тігу», «өру» метафорасы жатыр. Салыстыру үшін: «мән-мағынасыз әлденені айтуды» білдіретін,

«плести» етістігі, «сплетни» зат есімі немесе көне орыс кітап сөзі «плетение словес»; казіргі лингвистер мен сыншылардың енбектеріндегі «ткань текста» метафорасының колданылуы.

Қазіргі мәтін лингвистикасында даулы мәселелер көп. Айырмашылық, ең алдымен, мәтіннің тіл мен сөйлеудің кайсысының жүйесіне жататындығында.

Мәтіннің коммуникация актісімен шендерсуі, оның сөйлеу тудыруши сипаты, мәтіндік қызметтің функционалды қызметі мәтіннің сөйлеу және тек сөйлеу құбылысы екеніне сендіреді. Басты касиеті тұтасым және байласым болып саналатын мағыналық байланыстармен біріккен таңба бірліктерінің тізбегі. Мәтін әрқашан коммуникативтік жағдайларға, сөзді айтушы мен тыңдаушыға байланысты болып келеді. Мәтін авторының ойланып белгілі бір бағытты таңдауының нәтижесі болады. Осыдан жалпы мәтін құралады. Мәтінге катьсты көптеген мәселелер өз шешімдерін тапты, алайда сырды ашылмай келе жатқан жайттар да кездеседі. Осы уақытқа дейін мәтіннің орнықкан анықтамасы белгіленбей келеді. Көптеген ғылым салаларындағы кейбір ұғымдардың тиянкты анықтамасын дәлме-дәл берудің киындығы сияқты «мәтін» ұғымына да тұракты бір анықтама берілмей келеді.

Қазіргі кезде лингвистикада үш жүзден астам мәтіннің анықтамасы бар. Мәтінге түрлі ғылым салаларында берілген анықтамаларды жинақтай келе екі негізгі түрге бөліп қарастыруға болады. Бірінші, қыска, жинақы берілген анықтамалар. Екінші, керісінше жан-жақты қамтылған анықтамалар. Мұнда зерттеушілер мәтіннің сырын ашуға, маңызды белгілерін толық беруге тырыскан. Бірінші жағдайдағы анықтамаларда мәтіннің негізгі, маңызды касиеті беріледі. Мәтінге берілген анықтамалардың екінші типінің көпшілігінде ерекше белгілерімен қатар кешенді касиеттері де көрінеді. Басым бөлігі мәтіннің табиғатына сай болып келеді. Анықталған терминологиялық дәрежеге жеткен жок. Мәтін әртүрлі ғылым салаларында, түрлі бағыттарда қарастырылуда. Соған орай мәтінге берілген анықтамалар сан алуан. Дегенмен жүртшылық біршама мойындаған мәтін анықтамаларының саны

символықты көп те емес. Солардың ең негізгі бірнешеуін көрсете кетейік:

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «мәтін – белгілі бір жағынан шыгарма немесе соның үзіндісі, әңгіме» деген аныктама беріледі. Ал тіл білімі сөздігінде мәтін теориясы(грек. *treoría* – зерттеу) – филологияның мәтінтану саласы деп көрсетіледі. Негізігі белгілеріне: 1. Тілдің өмір қурунц феноменологиялық алғашкы тәсілі (З.Шмидт); 2. Фунденген, тұтасқан, тиянекталған және мағыналық жақтан олар байланыскан сөйлемдердің тізбегі; 3. Коммуникацияға ғаласушыға тән сөйлемелік (высказывание) бірізділігі. 4. Аудиша немесе жазбаша сөйлеу туындылары жатқызылады.

2.2 Мәтіннің негізгі белгілері

Тіл білімінде жүйелі, байланысты, тұтас, тиянакты ғаласушаскан сөйлемдер жиынтығы және мағыналық жақтан олар жақын сөйлемдердің бірізділігі тілдік қарым-катаинаска ғүскен екі адамның сөздері де жеке-жеке мәтін болып табылады.

Мәтіннің негізгі белгілері:

1. Мәтін - жазба түрде хабарлау;
2. Мәтін-мазмұны және құрылымы толық аяқталғанымен айқындалады;
3. Мәтінде автордың хабарлап отырган тақырыбына деген катынасы, көзқарасы байқалып отырады.

Синтаксистік жағынан алып қарағанда мәтін лексика-грамматикалық құралдар арқылы бір-бірімен байланысқан сөйлемдердің жиынтығы деген сөз. Мәтін - шығармашылық жұмыстың, шығарманың, макаланың тұтас мазмұны.

Тіл екі түрде қызмет етеді. Бірі - сөйлеу тілі, екіншісі - жазба тіл. Сөйлеу тілі мен жазба тілдің бір-бірінен айырмашылықтары бар. Сөйлеу тілі бетпе-бет сөйлеу арқылы жүзеге асады. Сондықтан ол кебіне диалог түрінде етеді. Ал жазба тіл-әртүрлі жазба әдебиеттің тілі. Тілдің қызметі мен ойдың айтылу мақсатына қарай сөйлем құрауда соған сәйкес создер, грамматикалық тұлғалар, тіркестер сұрыпталып, таңдалып колданылады. Ал ойдың әсерлі, көркем болуы,

тыңдаушысын, окушысын баурап әкетуі тілде сөздердің орынды колданылуына, көркемдігіш, бейнелеуіш құралдарының сәтті жұмсалуына тікелей байланысты.

Мәтінді стильдік түрғыдан талдау үш кезенде жүзеге асады:

- мәтінді окуға дайындық кезені;
- мәтінді оку барысында;
- мітінді оқып шықаннан кейін.

Мәтінді окуға дайындық кезінде шығарманың мазмұнын ұғуға киындық келтіретін сөздерге түсінік беріледі.

Поэзиялық шығарманы талдау кезінде оның жанры мен тасқырыбы, екіншіден оның тілі мен құрылышы анықталады. Өлеңнің прозадан айырмашылығы - оның өлшемі ырғағы және ұйқасы болады. Өлеңнің әрбір жолында буын саны бірдей болады да ұйқаска құрылады. Өлең төрт жолдан тұрады, шұмактардың әрбір жолын тармақ деп атайды. Өлең тармағы болса онда қанша буынды сөз болса, сонша буынды өлең деп атайды.

Көркем туындылардың барлық жанрларының ішінде, әсіресе, прозада тіл ерекшеліктерін анық байқауға толық мүмкіндік бар. Айтальық поэзия тілі ұйқас, ырғак зандылығына бағындырылса, драматургиялық шығармаларда ауызекі сөйлеу, сахнада сөйлеу тілі баса ескерілетіні түсінікті. Ал сынни енбектерге келсек, оның да өзгешелік ерекшеліктері бар, яғни шағын рецензиядан бастап, үлкен монографиялық дүниелерге дейінгі ғылыми стильтеге тән сөз колдану тәсілдері сакталып отырады. Кейде публицистикалық стильдердің де көрініс беретіні бар. Прозалық шығармалар осы сөз колдану түрлерін түгел қамтып қана коймайды, көркем шығарманың бітім-болмысын да танытады.

Көркем шығарма тілінде ажырамас бірлікте болып келетін екі құрамdas бөлік бар. Олар- авторлық баяндау тілі және кейіпкер тілі. Бұл екеуінің қай-қайсысы да жазушы шеберлігін танытуға мол жәрдемін тигізеді. Диалог авторлық баяндаумен өте тығыз байланысты. Бұл мағыналық, құрылымдық және стилистикалық байланыс болып табылады.

2.3 Жалпы тіл біліміндегі мәтін мен дискурс зерттеушілердің енбектеріне шолу.

Мәтін дегеніміз – бұл жалпы тақырып төнірігіндегі орындар, сабактастық пен тұтастық тән, ақпаратты жеткізетін мазмұнды сөйлемдердің тізбегі. Мәтін сөзінің этимологиясы семантикалық құрылымдардан тұрады; адамның жасаған процессі, осы істелген нәрсе элементтерінің ішкі байланыстылығы, істелген нәрсенің шеберлігі және осы аталған үш семантикалық құрылымдарға сай оны үш пән — мәтінтану, герменевтика және поэтика зерттейді деп көрсетеді.

Н.Р.Гальперин: «Мәтін - бұл жазба құжат түрінде объектіленген және сол құжатқа сәйкес әдеби тұрғыдан құрылғапған, тақырыбы бар, лексикалық, грамматикалық, логикалық, стилистикалық амал-тәсілдердің әр түрлерімен байланысып жататын, айқын бағыт пен прагматикалық мәсаватты иеленген ерекше тұлға-бірліктерден (күрделі фразалық тұғасым) тұратын аяқталған сөйлеу әрекетінің туындысы».

М.М. Бахтин: Мәтін - объективті әлемнің субъективті бейнесі, кең мағынада екі сананың қарым-қатынасқа түсінуінін бір жолы. Мәтін - (әңгіме, сөз, хат, оқиға) әрқашан біреулерге ғанаышталған, әрі сол бағышталғанымен ғана құнды.

Я.Тураева: «Мәтін - әр түрлі лексикалық, логикалық, грамматикалық байланыстардан тұратын құрылымдық-маныналық бірлік ретінде кызмет ететін күрделі тұтастық».

А.И.Новиков, Н.И.Жинкинн: «Мәтінді тіл, сөйлеу, интеллект факторларының бір-бірімен өзара байланысқан біртұтас кешен, мәтіннің басты белгісіне сыртқы және ішкі формалардың бірлігі жатады. Бұл жерде сыртқы форма - тікелей қабылданып үтінілатын тілдік құралдардың жиынтығы мен автордың түпкі ойын жүзеге асыратын олардың мазмұндық жағы болса, ал үтінілатын нәрсе оның ішкі формасын құрайды. Ишкі форма - берілген барлық тілдік құралдардың жиынтығымен тұгастай сәйкес келетін, адамның ақыл-онында жүзеге асатын ойлаудың түзілісі».

Г.В.Колшанский: «Мәтін - сөйлемдердің тәртіпсіз жай ғана тізбегі емес, ол - қарым-қатынастың тұлғалық және мағыналық бірлігі».

И.П.Сусов: «Мәтін - өз табиғатынан екі жакты. Бір жағынан, ол тілдік жүйенің негізгі бірлігіне, яғни тар мағынасында тілге жатады, ал екінші жағынан, қарым-қатынас әрекетіне жатады.... Мәтін тілдік қатысым мен тілдік жүйенің арасынан орын алатын жай ғана нысан емес: ол тен дәрежеде тілдік болмыстың осы екі аймағына да катысты болады».

О. И. Москальский: «Мәтін» деп бір жағынан, бір немесе бірнеше сөйлемдерден тұратын, сөйлеушінің ойы аяқталған, кез келген айтылған пікірді түсінсек, екінші жағынан, повесть, роман, газет немесе журнал макалалары, ғылыми макалалар, түрлі құжаттар тағы басқа осы сияқты тілдесім туындылары».

А.Ф. Алефиренко: «Мәтін – бұл тұастық, коммуникативті құрылым, оның компоненттері автордың коммуникативті интенциясымен ұйымдастырылып, иерархиялық, семантикалық құрылымға бірлескен».

Н.Уәлиев: Мәтін – қимыл әрекеттегі тіл. Тілдің негізгі бірлігі сөз, сөйлем емес – мәтін. Мәтін лингвистикасын дискурсивті талдаудың бір бөлімі, компоненті ретінде тану, сөйлеу мен мәтіннің өзара байланысы – дискурс мәтін талдаудан басталады. Галым атап көрсеткендей, «Мәтін – дискурстық әрекеттің өнімі, нәтижесі, туындысы».

М.Балақаев, Е.Жанпейісов, М.Манасбаев, М.Томанов: Жазу - ол белгілі бір текст. Бұл түрлі текстер (газет, журнал, кітаптардағы материалдар) әр жай, күйді білдіріп хабарлайды. ... Тілдік белгілерді сұрыптаپ қолдану зандалықгары әдегте айтылатын ойдың мазмұнына байланысты. Ойлау жұмысының нәтижелерін тіл, сөз (речь) арқылы бейнелейді. Ал сөз арқылы жеткізілетін ой мен оның мазмұнының арасында тығыз байланыстылық болады.

З.Ерназарова: Мәтін деп сөйлеуші максатына сай аяқталған ойды білдіретін бір немесе бірнеше сөйлемдер тізбегін айтады. Тілдің иерархиялық құрылымында мәтін семантика-синтаксистік құрылым ретінде жоғары деңгей болып

есептеді. Ал сөйлеу бірлігі ретінде мәтін сөйлесіммен сипаттырылғанда бүтіндік сипатқа ие. Ол ортақ мақсаттағы орненше сөйлесім тізбегі болуы мүмкін.

Ф.Ш.Оразбаева: «... ойлау, хабарлау, баяндау, кабылдау, шашымаудау құбылыстарымен байланысты, адамдар арасындағы әдебиқ қатынастың іске асуына негіз болатын қатысымдық «жүелі тұлға» ретінде анықтап, мәтінді тілдік қатынастың мазмұндық тұтастығымен ерекшеленетін бүтін жүйесі» деп таниды.

Г.Смағұлова: Мәтін – тіл жүйесіндегі өзінің мәні мен сонымысына сай, сөйлемдердің жай ғана тізбесі емес, мағыналық-құрылымдық курделі тұлға. Ол – логикалық, грамматикалық, мынналық байланыстарға негізделген, тиянақты мазмұнға ие орындаған қарым-қатынас бірлігі.

А. Жапбаров: Мәтін – қазак тілін оқыту барысында үлкен орын алатын оқыту нысаны. Біріншіден, тілден білім беретін материал оқыту мәтіндері түрінде болса, екіншіден, жаңтығулардың тұтас мәтін түрінде берілуі де мәтінмен орындалатын жұмыстардың сараланып жүйеленуін қажет етеді. Мәгіннің қызметін таныту – тыңдаушыға тіл бірліктерін функционалдық тұрғыдан танып-білуге, сол арқылы тыңдаушының логикалық ойлауы бірізді қалыптасуына мүмкіндік береді. Өйткені мәтінде тіл бірліктері (сөз, сөз тіркесі, сөйлем) тегіс қатысады. Сондай-ақ мәтіннің стильге қатыстырылығы да ескеріледі.

Т.Әбдікәрімова: Мәтін – өте курделі тілдік құрылым. Осы құрылымды айқындастын басты белгілері – жүйелілік және тұтастық. Мәтіннің тұтастық категориясы сол мәтінді үтініп, мәнін түсінгенде ғана пайда болатын, оның логикалық жағымен тығыз байланыста болса, ал оның жүйелілігі курделі бірліктерді құрайтын тілдік құралдардың белгілі әдіс-тәсілдерімен ұйымдасуынан көрінеді.

Мәтін туралы А.Аракин «Мәтін – білімді дара тұлғаға бағдарлап оқытудың ұтымды құралы» десе, С.И.Львова «Мәтінмен жұмыс – тілдің барлық пәндермен байланысуын камтамасыз етудің кепілі», ал Ф.Ш.Оразбаева «Тілдік қатынаста

өзіндік орны мен маңызы бар қатысымдық тұлғалар: сөз, фразеологиялық тіркестер, сөйлем және мәтін. Мәтін, яғни текст – қатысымдық тұлғалардың ішіндегі мазмұндық тұтастығымен ерекшеленетін бүтін жүйе» деп көрсеткен.

Мәтіндердің тілдік ұйымдастырылуына және айтушының (жазушының) коммуникативтік ниетіне қарай Г.А. Золотова бес мәтін (сөйлеу) типтерін немесе сөйлеу регистрлерін бөледі: репродуктивті (бейнелеу), информативтік, генеритивтік (акпаратты жинақтау) – монологқа, волюнтивтік және реактивтік-диалогқа тән.

Осы типтердің әрқасысының белгілі бір белгісі бар. Мәселен, репродуктивті регистрде айтушы байқағанын тілге тиек етеді. Репродуктивті типтегі (регистрдегі) айтылымдар мынадай болып келеді: «Менің көргеніме караганда...», «Менің естігенім...», «Менің сезгенім...».

Информативтік регистр айтушыға белгілі немесе ой елегінен өткізген фактілер, оқиғалар, қасиеттер туралы хабарды ұсынады. Информативтік регистр айтылымдары мынадай болып келеді: «Менің білуімше...», «...екені белгілі».

Генеритивтік регистрде айтушы өмірді тәжірибемен және әмбебап біліммен шендестіре отырып, жинақталған акпарат береді. Генеритивтік регистрлер ой түйіні, канатты сөздер, мақал-мәтел түрінде болады. «Ел болам десен, бесігінді түзе» (М.Әуезов). «Ер елді корғайды, ел ерді корғайды» (Мақал).

Диалогта волюнтивтік және реактивтік регистрлер құралдары өткеріледі. Волюнтивтік регистрдің міндеті-адресатты іс-кимылға, ақиқат үзіндісін өзгертуге шақыру, реактивтік регистрдің міндеті-жағдайды бағалау болып табылады.

Сонымен, айтушының оқиғалар мен әлем туралы білімді қабылдауы мен мәтіндік түсінігі, біріншіден, сөйлеу қорындағы тілдік және сөйлеу құралдарының жүйесімен, екіншіден, хабарға және сөйлеудің интенциясына қатысты кеңістік-уақыт ұстанымымен айқындалады.

О. А. Лаптева мәтінге «вербальды қатынастың барынша кешенді бірлігі» деген анықтама бере отырып, мәтінмен қоса «сөйлеу шығармасы» ұғымын ұсынып, «мәтіннен айырмашылығы оның басталуы-ортанғы бөлігі-аяғы болады, ал мәтінге қатысты мұндай талаптардың болуы міндетті емес. Бұл кез-келген шығарма мәтін бола алады, алайда кез-келген мәтін шығарма бола алмайды дегенді білдіреді», - десе, зерттеушілердің көпшілігі мәтін - әрқашан тақырыптың басталуы, дамуы және аяқталуы бар сөйлеу шығармасы деп есептегендіктен, бұл тұжырым даулы.

Галымдардың бәрі бірдей мәтінді сөйлеудің әрі ауызша, әрі жазбаша формадағы шығармасы деп есептей бермейді. Бір зерттеушілер (И. Р. Гальперин, Л. М. Лосева) мәтінді сөйлеудің тек жазбаша формасында таныса, баскалары (И. В. Арнольд, О. А. Лаптева) ауызша сөйлеу шығармалары, негізінде монологтық шығармаларды да мәтін деп есептейді. Кейбір ғалымдар оны кез-келген сөйлеу ниетін, соның ішінде жай сөйлесу ретінде түсініп, диалогта мәтіннің болатынын айтады. Галымдардың көпшілігі белгілі бір түрде құрастырылған сөйлеуді мәтін деп есептейді. Мәтін тек жазба құжат түрінде объектіге айналады деп кесіп айтуға болmas. Жазбаша да, ауызша да қарым-қатынас жасаймыз. Демек, жазбаша айтылымдар (мәтіндер) ғана емес, окушыларға (студенттерге) көркем және публицистикалық шығармалардан үзінді түрінде ұсынылатын грамзапистер мен таспаға жазулары, сол сияқты таспаға жазылған ауызша айтылған сөйлеулер де талдау тақырыбы болуға тиіс.

Сөйлеу шығармасы ретінде мәтіннің негізгі белгілері:

- тұтастығы (яғни байласымдылығы мен композициялық аяқталуы);
- аяқталуы, яғни автор ойының (мазмұнның) айтылып бітуі;
- модальділік (автордың хабарға көзқарасы, авторлық баға және өзіндік баға);
- нысандылық және прагматикалық ұстаным.

Мәтін – мағыналық және құрылымдық аяқталуымен, автордың хабарға көзқарасымен, хабардың нысандылығымен

және прагматикалық ұстанымымен сипатталатын ауызша немесе жазбаша формадағы хабар.

Сонымен бірге, мәтін ұғымына қатысты көптеген тұжырымдарды қарастыра келе, біз мәтінге тән категорияларды ерекше назарға ала отырып, ресей мәтінтанушы ғалымдарының бірнеше анықтамаларын ұсынамыз.

«Мәтін» ұғымын қалыптастыруда, түсіндіруде, талдауда казак лингвист ғалымдары да айтарлыктай енбек етіп келеді, әсіресе соңғы жиырма жыл қолемінде ғылыми сапасы жоғары талай-талай зерттеулер жарық көрді.

Корыта келгенде, мәтін – көпасспектілі, әртүрлі бағытта зерттелетін курделі лингвистикалық құбылыс, ен жоғары коммуникативтік бірлік.

Филолог ғалымдар Б.Шалабай, М.Ахметова «Мәтін лингвистикасының негізгі мәселелері» атты мақаласында:

«Мәтін лингвистикасы – мәтіннің мағыналық әрі құрылымдық жақтарын зерттеумен айналысатын тіл білімінің іргелі саласы. Жалпы тіл білімінде осы жана ғылыми саланың тез қарқынмен дамуы лингвистикалық зерттеулер ауқымының кеңеюімен, тіл біліміндегі функционалдық бағыттың дамуымен тікелей байланысты» деп көрсетеді.

Казіргі таңда лингвистикада мәтін әр тараптан жан-жакты зерттеліп, анықталып келеді. Олар:

- Онтологиялық тұрғыда – мәтіннің болмысы, алатын орны, ауызекі тілден айырмашылығы;
- гносеологиялық тұрғыда – мәтіндегі объективтішіндықтың бейнесі, егер көркем мәтін болса, ақиқат әлемнің эстетикалық болмыстағы(идеалды әлемде) бейнеленуі;
- лингвистикалық тұрғыда – мәтіннің тілдік ұйымдасуы;
- психологиялық тұрғыда – мәтіннің қабылдануы;
- прагматикалық тұрғыда – мәтін авторының объективті болмыска және мазмұнға деген катынасы сипатталады.

2.4 Сөйлеу жанрлары мен мәтін жанрлары. Мәтін типтері.

Мәтінді талдау әдісі мен тәсілдерін зерттеу тарихына көп болсақ, мәтінді XX ғасырдың 60-шы жылдары дәстүрлі ономастика аумағында зерттеліп, ол негізінен жазу кезіндегі ономастикада талданған кейбір сөйлемдерден шыккан. Мәтін георигиясы(мәтін лингвистикасы, мәтін грамматикасы, герменевтика) автордың нақты бір ойы бойынша құрылған мәтіннің бүтін, білімнің семантикалық байланысын көрастырады. Автор ойының қабылдауы тек кана таза тілдік орнамен ғана емес, сонымен қатар оқырманның жалпы әлем ғалымы мен пәндегі мәтіннің мазмұнының білім қорымен қамтамасыз етіледі. Мәтінді игеру келесі мақсаттардан тұрады:

- Мәтін түрлерін анықтау;
- Мәтін құрылымын зерттеу;
- Мәтін ішіндегі байланыстардың ерекшеліктерін күру;
- Мәтіндегі семантика-прагматикалық ерекшеліктердің анықтамасы.

Сонымен қатар мәтін жайында айтқанда жоғары ішінде көрсетілген тілдік жүйедегі фонема, морфема, сөз, сөз тіркестері, соншама сиякты тілдік бірліктер туралы сөз козгалады. Мәтін соңғы көрсеткіштерде тілдік жүйені пайдаланудың корытындысы ретінде «тілдік әрекетте» қаралады. Мұндай жағдайда мәтін -тіл деңгелігі. Мәтін қарым-қатынастағы адамдардың байланыска түсіп ақындардың алмасуына негіз болатындықтан қарым-қатынас бірлігі қонып калыптасады.

Мәтінді тіл, сөйлеу, интеллект факторларының бір-бірімен қара байланысқан біртұтас кешені деп қарастырып, мәтіннің қарасты белгісіне сыртқы және ішкі формалар бірлігін жатқызуға болады.

Келесі бір ауқымдылықты танытатын жайт – мәтіннің тіл ғылыминдегі ғана емес, өзге ғылым салаларында да орын алуы. Мәселен, мәтін әдебиеттану, психология, философия, тарих, мәдениеттану, әлеуметтанудың да зерттеу нысандарынан корініс табады. Мәтінге қарасты пікірлер филологияда тіл білімімен қатар әдебиеттанудан да орын алады. Тіптен

мәтін ұғымының өзі. біраз уақыт әдебиеттану ғылымының еншісінде қарастырылды. Сол себепті болса керек, лингвистиканың жас саласы мәтін ли нгвистикасын «транс лингвистика» деп атап келді. Алайда, мәтін лингвистикасының мақсаты - тіл мен әдебиеттануға ортақ категорияларды анықтау еді.

Мәтін психологияның да зерттеу нысаны болғандықтан психологияда мәтінді адамдық әрекеттің ерекше бір түрінің нәтижесі деп карайды. Ұзак уақыттан бері психологтар мен лингвистердің айрықша назарын аудартып жүрген жайт - мәтінді қабылдау мен түсіну. Ал лингвистер мәтін лингвистикасында түсіну процесін ерекше қарастырады. Мәтінде адамның психологиялық әрекшеліктерінің көптеген түрлерін беретін қабылдау процесі түсінуге тікелей байланысты болып келеді. Психологтар үшін қабылдау, түсіну процесіне тікелей қатысты. Демек, мәтін психологиялық жағынан өзіндік табиғатына сай адамның ойына бағытталады және осы қасиеті негізінде оны окушы өз түйсігімен қабылдайды.

Мәтін философия ғылымынан да ерекше орын алады. Бұл ғылым саласында мәтін философиялық түрғыдан қарастырылып, түрлі тұжырымдар жасалады. Қазақ тіл білімін зерттеуші ғалым Г.Смағұлова: «Егер мәтін адамның сөйлеу әрекетінің жемісі болса, онда мәтін лингвистикалық мағынамен катар ұғымдық категориялармен бірге (грамматика, логика), онтологиялық (философиялық) категориялармен де байланысты болады», - дейді [5].

В.П.Руднев «Словарь культуры XX века: Ключевые понятия и тексты» атты енбекінде мәтін философиясына қатысты жеті қағиданы ұсынады. Ғалым бұл аталған енбекінде «мәтін» сөзінің этимологиясын береді. Онда латын тілінде берілген үш негізге сүйенеді: *textum* (мата, киім, байланыс, киылыс, катар); *textus* (құрылым, қосылыс, байланысқан баяндама); *texo* (тігу, косу, үйлестіру, түптеу) [6].

Тіл білімінде жүйелі, байланысты, тұтас, тиянақты қалыптасқан сөйлемдер жиынтығы және мағыналық жақтан өзара жақын сөйлемдердің бірізділігі тілдік карым-қатынасқа

Түсінекін сікі адамның сөздері де жеке-жеке мәтін болып табылады. Мәншігі пәнаралық құбылыс ретінде көрсете отырып, ғоларыңдағы айтылған ойларды тұжырымдай келе, мәтіннің мағынынды зерттеушілердің кандай терминологияны солапши, кандай теориялық қағиданы ұстанатынынан емес, онда кандай нәтиже беретіндігінен көрінеді. Жалпы алғанда «Егер біз сөйлесек, онда тек мәтіндермен сөйлесеміз» деген он да айтуға болады.

Фоларыда айтылған пікірлеріді негізге ала отырып, мәтіннің шартты белгілерін анықтаймыз:

- Қарым-қатынас жасауды іске асыру мүмкіндігіне ие болуы;
- Сыртқы тұлғалық байланыстарға, ішкі мазмұнға ие болуы;
- Модальділік (автордың хабарға көзқарасы, авторлық баға және өзіндік баға);
- Мәтіннің жанрлық ерекшеліктері;
- Мәтін кандай да бір стильде құрылады;
- Тұтастыры мен байласымдылығы;
- Мәтін-мазмұны және құрылымы толық аяқталғанымен айқындалады.

3 Дискурс пен мәтін бірлігінің ерекшеліктері

3.1 «Дискурс» терминіне берілген анықтамалар

Казак тіл білімінде дискурстың кейбір негізгі белгілерін К.Жұбановтың 30-жылдардағы зерттеулерінен аталағыш терминді колданбаса да кездестіреміз. Фалым: «Сөз бұйымын жасап шығару үшін де оның жасалу жолын, материалының сыр-сипатын білу керек. Сөзді дұрыс құраудың жолын білу – жазылатын сөзге ала-бөтен карау. Өйткені, ауызекі сөйленетін сөздердің андай-мұндай қисығын елеңпейтін басқа жағдайлар бар. Дауыстап сөйлеген сөздердің олқысы көбінесе ыттіммен ғолады. Дұрыс айтылмағанын сезсе сөйлеушінің өзі де сөзін кайта түзеп айтып, тусінікті кылады. Мұның бәрі де жеткіліксіз болса, ауызба-ауыз сөйлескен адам қайта сұрап алуына болады.

Жазулы сөзде бұл кемшіліктердің бірі де жоқ. Кітаптың сөзі кисық болсын, дұрыс болсын, калай жазылған болса, солай оқылады, солай түсініледі немесе түсініксіз күйімен қалып кояды. Мұнда жазған кісіден қайта сұрап алуға болмайды. Сөзді қалай құрудың тетігін білу ауызекі сөз үшін де аса керекті», – деп көрсетеді. Ал қазіргі казак тіл білімінде дискурс термині(фр. *discours* – сөйлеу) соңғы кезде сөйлеудің дәстүрлі ұғымын модификациялап, мәтін, диалог, стиль аясында тіл ғылымында ерекше орын ала бастады. Дискурс-экстралингвистикалық факторлар жиынтығындағы байласымды мәтін; оқиға аспектісінде алынған мәтін; нысанды әлеуметтік іс-қимыл ретінде қарастырылатын сөйлеу; адамдар мен олардың сана механизмдерінің әрекеттестігіне катысушы компонент, яғни «натты өмірмен байланысты» сөйлеу.

Мәтіннің функционалдылығы мәселесі көтерілген тұста ресейлік лингвистикада дискурс мәселесі көтерілді. Мәтінге берілген анықтамалардай, дискурс жайлы берілген анықтамалар да әртүрлі авторда әртүрлі көрініс тапты.

Дискурс – өмірге «кіріспөттік» сөз. Сондыктан ол ежелгі мәтіндерге колданылмайды. Дегенмен 90-жылдары мәтін және дискурс ұғымдарының ара жігін ажыратса алмай, бірін-бірі теріске шығарып та жүрді. Дегенмен кейінгі жылдары синтаксистің «батыры» болып мәтін термині енді. Зерттеуші А.А. Ворожбитованың тұжырымдауынша, мәтін және дискурс статикалық және динамикалық түрғыдан қарастырғанда, байланысқан айтылымның екі шегі бойынша қолданылады. Егер мәтін талдауда айтылымда синтагматикалық, парадигматикалық түрғыдан қарастырса, мәтін дискурсы үдеріс түрінде ететін экстралингвистикалық факторлардың жиынтығы түрғысынан қарастырылады [7]. Мәтінді лингвистикалық зерттеудің жалпы әдістемесі негізгі бағыт ретінде мәтін лингвисткасын, мәтін грамматикасын, мәтін стилистикасын бөліп көрсетеді. Біріншісі мәтінді құрылым ретінде «бүтіннен жалқыға», екіншісі «жалқыдан бүтінге» бағыты бойынша, ал ушіншісі мәтінді функционалды-мазмұндық және құрылымдық-мазмұндық сөйлеу типтері түрғысынан қарастырады. Мәтін грамматикасын

ірттеуде мәтін құрудың жалпы принциптеріне, сөйлеу аясына емес, тіл жүйесіне немесе тілдік құзырына сәйкес грамматикалық құрылымға ерекше назар аударылады [8].

«Лингвистикалық түсіндірме сөздікте» (1998ж.) дискурс (фр. *discours* - сөйлеу) - экстраграмматикалық, яғни параграмматикалық, әлеуметгік, мәдени, психологиялық фактілермен байланыста болатын мәтін. Белгілі бір оқиғаны оның тайтын мәтін. «Социолингвистикалық терминдер соғында» (2002ж.) дискурс (фр. сөйлеу) – 1. Қатысымның түршіліктері жүзеге асуын қамтамасыз ететін тілден тыскары (имплициттік, мәдени, психологиялық) фактілерді ескере отырып, әннен жакғы, толыктай карастырылатын сөйлеу, накты мәтін 2. Мәтіннің ырғакпен, интонациямен және т.б. белгілерге сәйкес үшімдасуы деп анықталған. Г.Буркітбаева: «дискурс дегеніміз – мәтін мен интеракцияға катысушылар және коммуникативтік жағдайлар косындысы,- деген анықтама береді.

Мәтін – кимыл әрекеттегі тіл. Тілдің негізгі бірлігі сөз, сөйлем емес – мәтін. Мәтін лингвистикасын дискурсивті талдаудың бір бөлімі, компоненті ретінде тану, сөйлеу мен мәтіннің өзара байланысы – дискурс мәтін талдаудан басталады. Енім Н.Уәлиев атап көрсеткендей, «*Мәтін* – дискурстық әрекеттің өнімі, нәтижесі, туындысы.

Мәтін жазбаша түрде ғана емес, сөйлеу әрекеті жағдайында да пайда болады. Соңдықтан қарым-қатынас үстіндегі сөйлеу әрекеті өзіндік ерекшеліктері арқылы даралана отырып түрлі қасиеттерге ие болады. Ол термин ретінде тіл ойлімінде «дискурс», «дискурстық талдау» деп беріліп жүр. Осылай орай Ю.А. Левицкий: «Речь можно осуществляться в двух формах – устной и письменной. Следовательно и тексты могут быть устными и письменными», – деп атап көрсетеді.

Мәтіннің қатысымдық табиғаты – дискурс. Дискурс – ілдік әрекет, сөйлеудің жолы, тәсілі. Дискурс – іс-әрекет, сұхбаттасуышылардың өзара қарым-қатынасы. Сонымен тіл білімінде дискурс, дискурсивті анализ (талдау) сиякты ұғымдар қалыптасты. Екі негізгі бағыт белен алды. Олар: *мәтін.лингвистикасы және дискурс.*

Дискурс туралы ойлар қазақ тіл білімінде де, дәл сол терминмен аталмаса да колданыста болған деуге болады. «Дискурс» сөзінің алғашкы мағынасы «акылды ойлану» (разумные размышление) деген ұғымға да жақын. Дискурс терминінің жан-жақты кеңеоіне, әр түрлі сипатқа ие болуына Д. Ван Дейк мектебі әсер етті. Мектеп өкілдері дискурс табигатын толық ашуда когнитивті-прагматикалық әдіс-тәсілдерді пайдалануға болатынын айтқан.

Дискурс XX ғасырдың 70-80 жылдарынан бастап лингвистикада алғашында «сөйлеу» мағынасында қолданылса, жалпылама түрде «коммуникативтік оқиға», «коммуникативтік жағдай» терминдерімен берілуде. Сондай-ақ, дискурс дәстүрлі стиль ұғымын ары қарай нактылау үшін және жеке жазушы, ақынның мысалы, Абай тілі, Әуезов стилі дейтін бүрыннан қалыптасқан тіркес мағынасын жаңалап айттындар. Мәселен, казіргі орыс саяси дискурсы, ғылыми дискурс, педагогикалық дискурс, публицистикалық дискурс, көркем әдебиет дискурсы, әдеби сын дискурсы деп аталып жүр.

Тіл білімінде дискурс, дискурсивті анализ (талдау) сиякты ұғымдар қалыптасты. Екі негізгі бағыт белен алды. Олар: *мәтін.лингвистикасы және дискурс*.

Сөйлеу кезінде сөздер тілде қалыптасқан тура мағынада ғана қолданылып кана қоймай, тек мәтін арқылы ғана түсінуге болатын ауыспалы, келтірінді мағынада қолданыла береді.

Мәтін мен дискурс теорияларының негізгі нысандары болып табылатын прагмалингвистика да тіл білімінде айрықша көрініс табуда. Осы уақытқа дейін мәтін тек жазбаша материалдарға қатысты қолданып, жазуға байланысты қарастырылып келді. И.Р. Гальперин, Л.М. Лосева сиякты зерттеушілер мәтінді тек жазба тілге тән деп көрсетіп келді. Ол кезде дискурсқа мән берілмеген.

Мәтіннің ауызша және жазбаша формада келуіне А.А. Залевская былай деп пікірін білдіреді: «Как отмечается в работе (О.Б. Сиротинина и др.) это один из дискуссионных вопросов, по-разному решаемый лингвистами: некоторые из них признают текст только в письменной речи, другие допускают

существование текста и в устной, но только монологической речи, трети считают возможным говорит о тексте в панлогической речи как реализации любого речевого замысла. Болшинство ученых все же считает текстом только определенным образом построенную, организованную речь».

Корытындылай келе, дискурс дегеніміз – дайын мәтіннің сөйлеу әрекетін туғызуышылар мақсатына сай күрделі әрі нақты коммуникативтік жағдайға айналуы.

Дискурстың негізгі белгілері:

- Коммуникативтік қызметі;
- Кезеңнің қоғамдық өмірінде қалыптаскан нормалар, ережелер жинағынан тұрады;
- Мәтін ішінде танылуы;
- Экстралингвистикалық, яғни парадигматикалық, әлеуметтік, мәдени, психологиялық факторлармен байланысты;
- Өзара байланысы;
- Мәтіннің ырғақпен, интонациямен және т.б. белгілерге сәйкес ұйымдастырылады.

Мәтін жазбаша түрде ғана емес, сөйлеу әрекеті жағдайында да пайда болады. Сондықтан қарым-қатынас үстіндегі сөйлеу әрекеті өзіндік ерекшеліктері арқылы тарапана отырып түрлі қасиеттерге ие болады. Ол термин ретінде тіл білімінде «дискурс», «дискурстық талдау» деп беріліп жүр. Дискурс туралы ойлар казақ тіл білімінде де, дәл сол терминмен аталмаса да колданыста болған деуге болады. «Дискурс» сезінің алғашқы мағынасы «акылды ойлану» (разумные размышление) деген ұғымға да жақын. Дискурс терминнің жан-жакты көнеюіне, әр түрлі сипатқа ие болуына Д. Ван Дейк мектебі әсер етті.

3.2 Сөйлеу жанрының прагматикалық мәнде коринеттің аспектілері.

Қазіргі мәтін лингвистикасында мәтіннің бірнеше даму бағыттары көрсетіліп жүр. Олардың бірнешеуі төмендегідей болып келеді:

- мәтінді жоғары дәрежедегі жүйе деп қарап, оның басты белгілері тұтастылық пен байланыстылық екендігін назарда ұсташа;
- мәтінді құрайтын бірліктерді анықтау;
- негізгі мәтіндік категорияларды анықтау.

Мәтінді талдаудың негізгі аспектілері:

- лингвистикалық түсіндірмे-казіргі әдеби тілін казіргі әдеби нормамен шенdestіру тұрғысында тілдік бірліктерді, соның ішінде тілдік бірліктердің функциялық-стильдік және стилистикалық бояуын карастыру;
- семантикалау, ұғымы көмекілеу сөздерді, сол сияқты идеялық-теориялық жүктемесі (лексика-фразеологиялық денгейі) ауырлау сөздерді түсіндіру.

Мәтінді аспектілі талдау, мәтінді тақырыптық талдау, мәтінді кешенді талдау, мәтінді филологиялық талдау.

Сөйлеу жанры ұғымын сөйлеу әрекеттерімен емес, мәтіндермен байланыстырған жөн және сөйлеу жанры қажетті әрі pragmatикалық мәнде көрінетін үш аспекттің белгілейді:

-когнитивтік-құрылымдық аспект (жанрлық қағидаттары сол социумға тән сөйлеу әрекеттерінің жасалу тәсілдері мен өтуінің әдеттегі тәртібін тіркейтін сценарийлер, коммуникативтік жағдайлар модельдері);

- әлеуметтік-психологиялық аспект сөйлеу жанрының тандалуы белгілі бір шамада субъектіні сипаттайтын және тұлғалық қасиеттің көрсеткіші ретінде «автор бейнесін» жасауға ықпал етеді;

- әлеуметтік-мәдени аспект, мұнда сөйлеу жанры - сөйлеу әдебінің мәні, әр социумның манызды конститутивтік белгісі, осы белгілер арқылы «менікі», «бөгде», «біздікі» анықталады.

4. Мәтін – қурделі тіл бірлігі

4.1 Мәтінге тән белгілер.

Мәтін – жеке сөйлемдерден құралған тұтастай сөйлеу туындысы. Оның қурделі семантикалық және синтаксистік

күрнешімің бар. Барлық мәтіндер тақырыптық және грамматикалық байланыстылығымен, әлеуметтік және функционалдық бағытымен кабылдауға мегзейді. Мәтінге бір мәнненде үдеу (прогрессия) – үзіліссіз қозғалыс және статикалық (мәннің сипаттама бөлігінің көрсеткіші) – тән.

Мәтін белгілі категорияларға ие. Олар мәтіннің әр түріне сәйкес оларда жалпы және маңызды белгілерін көрсетеді. Мәннің барлық категориялары семантикалық және грамматикалық болып бөлінеді. Семантикалық категориялар мәннің мазмұндық жағын көрсетсе, грамматикалық жағы формальдық топтасуын бейнелейді.

Мәтін теориясы бойынша, әдетте, екі негізгі қасиеті бар. Оның байланыстылық және тұтастық. Мәтін лингвистикасы - ортеге нысаны байланысқан мәтіндер мен оның мазмұндық категориялары болып табылатын лингвистикалық зерттеу болыты. Өз дамуының алғашкы кезеңінде, XX ғасырдың 60-жылдарында, мәтін лингвистикасы, негізінен, мәтіннің байланыстылығы мен түсініктілігін сактау тәсілдерін, сейлемнің актуалды мүшеленуі талаптарына сәйкес айтылымның тема жөнде ремаға белінуін зерттеді. Мәтін лингвистикасы А.М. Нешковский, Л.В. Щерба, В.В. Виноградов, А. Вейля, В. Матезиус, Ш. Балли, З. Харрис және басқалардың еңбектеріне үйрепті. Мәтін лингвистикасында Т.М. Николаеваның корсетуімен мәтіннің байланыстылығының жалпы ыңғылыштармен біріктірген және мәтін тұтастырының нұсқаған екі бағыт жемісті болды [2].

Мәтін лингвистикасының бірінші бағыты қатысымға тұрыс тұсу мен мәтінді дұрыс құрумен байланысты мазмұндық сынтарын (содержательные компоненты) анықтайды. Бұл мәтін лингвистикасында айтылымның қатысымдық бағдарлы сынтарларын (коммуникативно-ориентированных компонентов высказывания) – артиклдерді, тәуелді және сілтеу есімдіктерін, бағалаушы сын есімдерді, етістіктің түрлерін, т.б. анықтайды. Бұл бағыт прагматика, психолингвистика, пресуппозиция теориясымен де үштасады. Келесі бағыт мәтін лингвистикасында терен ойларды анықтайды. Бұл бағыт,

әсіресе, ежелгі мәтіндерді, сондай-ақ поэзиялық мәтіндерді түсіндіруде қолданылады. Екі жағдайда да мәтін лингвистикасы мәтінде болатын екі мүмкін форманың біреуін тандауды мазмұндық бағыты жағынан зерттейді. Осы жағымен алғанда мәтін грамматикасы грамматикадан мүмкін болатын бір форманы көрсетумен ерекшеленсе, стилистикадан берілген стильтеге сай келетін бірліктерді анықтайтындығымен, ал шешендік өнерде сендерудің неғұрлым тиімді формаларын табу жағынан ерекшеленеді [2].

Мәтіннің зандаудықтарын зерттеуде мәтіннің жалпы теориясы, мәтін грамматикасы, стилистикалық ерекшеліктері қарастырылады.

Қазак тілін оқыту әдістемесінде мәтінді қолданудың тиімділігі туралы айтылған пікірлер мол (Н. Оралбаева, С. Рахметова, Ф. Оразбаева, М.Р. Қондыбаева, Т. Әбдікәрімова, Н. Құрманова, Г. Уайсова, Ж. Дәүлебекова, Н. Оразакынова т.б.) [3]. Сонымен, тілді зерттеуші ғалымдардың көрсеткеніндей, мәтінге тұтастық, типологиялық, стилистикалық ерекшеліктер, абзац немесе күрделі синтаксистік тұтастықтарға бөліну, сөйлемдер, лексика-грамматикалық конструкциялар, мәтіншілік байланыстар, мәтіндегі сөйлемдердің тема-ремалық мүшеленуі сиякты қасиеттер тән.

Мәтіннің ішкі құрылымдық жүйеге ие бірлік екендігі және ол құрылымның бар болуы – мәтін құрамындағы сөйлемдердің өзара мәтінді байланыска негізделгендігі екендігі зерттелген. Мәтін құрамындағы сейлемдердің байланыстылығы мәтіннің қасиеті деп танылады. «Мәтінді талдауға эмпирикалық тұрғыдан келуде мәтіннің мазмұнын оны құрап тұрған сөйлемдер және олардың орын тәртібі мен беретін жекелеген мағыналарының қосындысы ретінде тануға болатын сиякты. Ал мәтінді қүрделі тіл бірлігі десек, қүрделілік оны құрайтын элементтердің жиынтығы ғана болмайды. Мәтіннің ерекшелігі – мағыналық тұтастықты білдірумен көрінеді» [3]. Сөйлемдердің бірімен екіншісінің байланысуы ғана мәтін тұтастығын бере алмайды.

Мәтінді ондағы акпараттар легі тұрғысынан (мәтін – акпараттық бірлік); психологиялық тұрғыдан, белгілі бір

максалты көздеңен автордың туындысы ретінде (мәтін субъектінің ойлау-сөйлеу әрекетінің жемісі); мәтінді орматикалық тұрғыдан (мәтін – адамның қабылдауына, талдап ғүшінде арналған (интерпретация)); сонында мәтінді оның күрделімдік жағынан, тілдік үйымдасуы жағынан (речевой организации), стилистикалық тұрғыдан (казіргі кезде мәтін стилестикасы, мәтін синтаксисі, мәтін грамматикасы, концептілген түрде – мәтін лингвистикасы) қарастыруға болады [6].

Казіргі кезде мәтіннің прагматикалық аспектісі маңызды орын алғып отыр. Сондыктан мәтінді тұтастай алғып қарастыруға да оның ақпараттық құндылығын қалай көтеру керек, бұл үшін қандай амалдарды колдануға болады, мәтіннің онын формасын қалай жақсарту керек деген бірқатар сұраптар ғылыми дайды. Сондай-ақ мәтін күрауда қатысымдық-прагматикалық шарттарды ескере отырып, функционалды ғылыми дердің мәтін жүйесін (мәтін типологиясын) жасаудағы ролинің маңыздылығы артуда.

Тіл білімінде сейлесім әрекеті экстралингвистикалық факторлар былайша анықталады:

- 1) белгілі бір мәтіннің тақырыбы мен мазмұны;
- 2) қарым-қатынас туғызатын тілдік жағдаят;
- 3) сейлесім әрекетінің мүшелерінің, яғни, айтуши немесе жазушының (адресант) және қабылдаушы немесе тындаушының (адресат), коршаған орта туралы, сөз болып отырған тақырып жайында қандайда бір тілдік және тілден тыс білімі;
- 4) сияқты хабарламаның экстралингвистикалық белгілерінсіз сейлесім әрекетінің жүзеге асуы мүмкін емес. Жоғарыда көтірілген экстралингвистикалық факторлар өзара және тілдік құралдарымен тығыз байланыста қарастырылады.

5 Қазақ тіл білімінің ғылыми негізін салушылар

5.1 А.Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбанов еңбектеріндегі мәтін туралы алғашқы ойлар.

Мәтін дүниежүзі лингвистерінің назарына іліккен кезде, қазақ тіл білімі ғалымдары да бұл мәселеге катысты өзіндік ой-пікірлерін білдірді. Ахмет Байтұрсынов «Тіл құралы» окулығында мәтінді «шығарма сөз» деп атап, сөйлеудің бірлігі ретінде қарастырады. «Сөз өнерінен жасалып шығатын нәрсенің жалпы аты – шығарма сөз, ол аты қыскартылып, көбінесе шығарма деп айтылады» деген анықтамасын береді. Ғалым шығарманың тақырыптан, ал мәтін мазмұнының үш мушеден, яғни аңдату, мазмұндау, корытындыдан тұратынын көрсетеді. Сондай-ак мәтіннің катысымдылық қызмет тудыруға негіз болатынын, айтушының ойының өзге үшін бағытталатынын алғашқылардың бірі болып айтты. Ғалым мәтін мәселеесіне келгенде «Өрнекті сөйлемді иіріп-жисірып, жай сөйлемге айналдыруға болады. Жай сөйлемді жайып, далитып, өрнекті сөйлемге айналдыруға болады. Өйткені өрнекті сөйлем қанша үлкен болғанмен, бәріне қазық болатын бас пікір жалғыз-ак болады. Ол пікірді көп сөйлеммен ұлғайтып айтуда да болады. Ол пікірді шағындалап, аз сөйлеммен айтуда да болады,- деп топшылайды.

Сөйлемдердің арасындағы мағыналық катынастарға түсінік береді: Өрнекті сөйлемнің тақырыпша мүшесімен баяншы мүшесі болады дей келіп, тақырыпша мүшенің мән-мағынасын одан сайын дамытады. Баяншы мүshedегі берілген пікірдің мазмұнына байланысты екі мүшенің арасында орнайтын логика-семантикалық катынастардың негізінде оралым түрлерін аныктайды: *себепті оралым, мақсатты оралым, ұқсатпatty оралым, қайши оралым, шартты оралым, жағасыңқы оралым, серіппелі оралым, айырықты оралым, қорытпалы оралым.*

Ахмет Байтұрсынов «Әдебиет таныткыш» окулығында мәтін туралы: Сөз өнерінен жасалып шығатын нәрсенің жалпы аты шығарма сөз, ол аты қыскартылып көбінесе шығарма деп

шығармалы. Ауыз шығарған сөз болсын, жазып шығарған сөз болсаң, бәрі шығарма болады. Тысқы нәрселері: тақырыбы, фоспары, мазмұны, түрі болатындығын дәлеледей отырып, әрекеттесін сипаттап көрсетеді.

„Әңгімелегі пікір не нәрсе туралы болса, сол нәрсе шығарманың тақырыбы болады. Мәселен, пікір жаз туралы болса, шығарманың тақырыбы жаз болады. Той туралы болса, шығарманың тақырыбы *той* болады; ат туралы болса, тақырыбы *ат* болады. Әңгімелегі пікір не туралы екенін күн ілгері болып үшін, шығарманың тақырыбы басынан койылады. „Айман-Шолпан”, „Бақытсыз Жамал”, „Кобыланды батыр”, „Атымтай Жомарт” деген сөздер шығарма тақырыптары болады. Әнде бұл сөздер Айман-Шолпан, бақытсыз Жамал, Кобыланды батыр, Атымтай Жомарт тұрасында айттылатын әңгімелердің осында тұрады. Әңгіме басында тұрған “Айман-Шолпан” яки “Бақытсыз Жамал” деген сөздерді көріп, кім туралы айттылатын әнгіме екенін бірден білеміз.

Шығарма сөздің бәрінің де басына тақырыбы койыла бермейді. Кебінесе өлең сөздердің басына тақырыбы конылмайды; өйткені бір өлеңнің ішінде бірнеше нәрселер туралы пікір айттылып кетеді. Абайдың өлеңдерінде тақырып конылмаған сөздер көп, оларды атағанда, алдынғы сөздерін аның атаймыз: “Өзгеге, көңілім, тоярсың” деген сөзі, “Келдік таптай жерге енді” деген өлеңі дейміз. Сөз шығарудан бұрын шығарушы айтатын пікірін кай ретпен жазатынын мерзімдеп, **жоспарлап** алады; онисы неден бастап, неден соң нені айттып, немен аяқтайтынын белгілеп алу болады. Әңгіменің жоспарын шығарушы адам ойында белгілеп алады я қағазға жазып алады. Кий шығарма сөзде де болса, жоспар болады; бірақ біреуінің жоспары тәртібі сара-сара ашық болады. Біреуінің жоспары тортіксіз, былықпа, ашық болмайды. Қашшама кішкентай шығарма болса да, езіне сәйкес жоспары болады.

“Балғожаның баласына жазған хаты” деген кішкене өлең оар, кішкене өлеңнің кішкене жоспары мынау:

- 1) Окудағы баласына ата-анаы амандығын білдіруі
- 2) Баласына айтқан ақылы

3) Оқыған казақ балалары не істейтінін көрсетуі
Әңгіме үлкенірек болса, жоспары да үлкен болады.

Шығарманың тақырыбынан басқасы **мазмұны** болады.
Солай болған соң, **мазмұн** дегеніміз – бір нәрсе туралы ойға
алған пікірді айтуда жұмсаған бүкіл сөзіміз мазмұн болып
шығады. Мазмұнның үш мүшесі болады:

- 1) андату
- 2) мазмұндау
- 3) корыту

Мазмұнның *аңдатуында* мазмұн туралы алдын ала
айтарға керек болған ғана ойлар айтылып шығады. Сондықтан
мазмұнның бұл мүшесі шығарған сөздің бәрінде де бола
бермейді. Аңдату мүше шығармаларда керегіне қарай болады.

Мазмұндауында ой тиегін ағытқан сиякты айтайдын деген
пікірдің бәрі айтудады. Мазмұндау шығарманың мазмұн
мүшесінің ең зоры; онсыз шығарманың мазмұны болмайды.

Мазмұнның *корытуында* мазмұндауда айтылған пікірдің
корытылып, маңызы шығарылады. Корыту мүше де мазмұн
біткеннің бәрінде бола бермейді. Бұл да керегіне қарай болатын
мүше.

Сейтіп, шығарма мазмұнның андату, мазмұндау, корыту –
үш мүшесінің үшеуі де болуға ықтимал, басқалары болмай,
жалғыз ғана мазмұндау болуға да ықтимал. Кейде андату мен
мазмұндау ғана болады. Кейде мазмұндау мен корыту ғана
болады.

Шығарманың мазмұнында байқалатын негіздік **түрлер** үшеу:

- 1) әуезе
- 2) әліптеу
- 3) пайымдау.

Дүниедегі нәрсенің қайсысы туралы сөйлесек те, бір
жағынан ғана емес, әр жағынан алып сөз қылуға болады.
Мәселен, бір адамды сөз қылуға алсақ, не ол адамның істеген
ісін, айткан сөзін **әуезе** қылып сөйлейміз. Я тұлға, түрпатын,
кескінін, көркін айтып, пернесін **әліптеу** сөйлейміз, я болмаса
ол адамның істеген істерінің, өзінің жақсы, жаман болғанының
мәнісін, себебін тексере, **пайымдау** сөйлейміз. Осылан қарай

сөзітеп созіміздің түрі не әуезе, не әліптеме, не пайымдама болаш шығады. Мысалға алынған шығармалардың әуезе болатын түрі “Жасымда ғылым бар деп ескермедім” деген Абай мен Кебектің Ақанға ақ көргенін айтқан сөзі, әліптеме болашындары – Абайдың әйелді сипаттауы, күзді әліптеуі, Мажилисның толқынды сипаттауы, Абайдың әнді сипаттауы, шығымдау болатыны – “Балғожа бидің баласына жазған хаты”.

Кобінесе-ак әуезе, әліптеме, пайымдама шығарма ішінде орында келіп отырады. Жоғарғы көрсетілген сөздердің қайсысы шығаса таза бір түрдегі мазмұнды емес[4].

Галым К.Жұбанов еңбектерінде, мәтінді «жүйелілік сипатты бар құбылыс» деп қарастырғандығын көруге болады. «Сөз бұйымы – автордан окушыға не тыңдаушыға бағытталған, құрамындағы бірліктері мағыналық та, тұлғалық та сипаттыстарға ие, ауызша немесе жазбаша сөйлеудің бұйымы, шни сойлеу туындысы.«Сөз бұйымын дұрыс жасап шығу үшін шопың жасалу жолын, материалының сыр-сыпатын білу керек.

Сөзді дұрыс құраудың жолын білу - жазылатын сөзге ала-шопек карау. Өйткені ауызекі сөйленетін сөздің андай-мұндай кисығын елеңпейтін басқа жағдайлар бар. Жазулы сөзде бұл көңілліктердің бірі де жок. Кітаптың сөзі кисық болсын, дұрыс болсын, қалай жазылған болса, солай оқылады; қалай оқылса, соңай түсініледі немесе түсініксіз күйімен қалып қояды. Мұнда жаңған кісіден қайта сұрап алуға болмайды. Жазылған сөздің шопек-бөлшегін және тыныс белгілерін өте сақтыкпен өз орына қоймасан, мұнда онын олқысын толтыратын ым да, шыбыс әні де жок. Сондыктан, асіресе, жазылатын сөздің қалай құру тетігін білу өте кажет. Сөзді қалай құрудың тетігін білу ауызекі сөз үшін де аса керекті. Өйткені топка сөйленетін сөз де жазу тілі сияқты. Мұнда да екі кісі отырып сөйлескендегі көңіллік жок», - деген тұжырым жасайды.

6 Мәтіннің түрлері

6.1 Сөйлеу формасының ауызша және жазбаша түрлері.

Қазіргі мәтіндер сөйлеу формасына қарай ауызша және жазбаша болып бөлінеді. Сөйлеудің ауызша формасындағы мәтіндер жазбаша формадағы мәтіндерден мұлдем өзгеше. Жазбаша мәтін алдын-ала ойластырылады, қабылдаушының катысуының түзетіледі, ал ауызша мәтінде барлық түзетулерді тыңдаушы қабылдайды. Жазбаша мәтін көру арқылы қабылдауға арналған, сондықтан онда бөдімдер, үзінділер және т.б. тақырыптар мен тақырыпшалар, абзацтар, шрифтік айшықтау мен астын сызу т.с.с. ажыратылады. Ауызша мәтін тыңдау қабылдауға есептелген, сондықтан айтылғанды түзету, «қайта тыңдау» (таспа жазуы болмаса) болмайды; сонымен бірге мәтіннің тыңдаушыға тәуелділігі (түсінбегенің қайта сұрау мүмкіндігі, айтушының мимикасының тыңдаушыға әсері т.б.) байқалады, монологтік емес сөйлеуде әнгімелеге араласу мәтіннің тұтастығына ғана емес, әнгіменің аяқталмай қалуына да әсері айқын сезіледі. Ауызша мәтіннің жазбаша мәтіндегі амалдардан бөлек риторикалық амалы да бар.

Заманауи жанртану сөйлеу жанрлары мен мәтін жанрларының қызықты жіктеуді ұсынып отыр. Бұл жіктеудің негізінде М. М. Бахтин қабылдаған сөйлеу жанрлары мен оның бірінші (карапайым) және екінші (күрделі) сөйлеу жанрлары туралы идеясы жатыр.

М. М. Бахтиеннің пікірінше, сөйлеу жанрлары дегеніміз, «айтуши үшін өзі жасамаған, оған берілген», «айтылымның берік тақырыптық композициялық және стилистикалық типтері», «сөйлеу тұтастығын жасаудың типтік модельдері». «Егер сөйлеу жанрлары болмаса сөйлеу қарым-қатынасының болуы мүмкін емес еді» [9].

Солай бола тұрса да, зерттеулерде сөйлеу жанрларына түрліше түсініктемелер беріледі. Ол ең алдымен зерттеушілердің жанртанудың басты термині - сөйлеу жанрын түрліше түсіндіріп жүргенінен туып отыр. Кейбір зерттеулерде

«сөйлеу жанры» кең мағынада түсіндіріледі, басқаларында «сөйлеу жанры» ұғымын сөйлеу актісіне балама ретінде ғүсніліктерді, үшіншісінде мәтін типтерімен бапшаштырылады.

М.М.Бахтиннің негізгі және қосымша сөйлеу жанрлары түрлі идеясы ғалымдардың отандық жанртанудың дамуын ғүлтірлі семиотикалық жүйеде - семантика (жанрдың аты) – синтаксика (жанрдың композициясы) - прагматика (айтушының миссаты және оның тиісті жанрды тандауы) қарастыруына және шарыңғың сөйлеу жанрларын зерттеуді үш бағытка бөлуіне мүмкіндік береді.

Бірінші бағыт (семантикалық): сөйлеу жанрлары атамдардың әлеуметтік әрекеттестігінің типтік жағдайын иерархиялық безендіру ретінде анықталады. Қосымша жанр иерархиялық саласымен немесе стилистикалық онделуімен ерекшеленетін онтологиялық туынды ретінде ғүсніліктерді. Бұл бағыт казіргі жанртанушыларға (әсіресе құнделікті коммуникация саласында):

- информативтік және нақты сөйлеу жанрларын;
- субжанрлар (бір актілі айтылымдар), гипержанрлар (мысалы, дастархан басындағы гипержанр-тост, дастархан басындағы әңгімелер жанры және т.б.) жанроидтар (түрлі жанрлардың элементтері енген гибридтер, мысалы, өсек-аян, әкіткара сырласу, ұрыс-керіс пен отбасы әңгімелері), протожанрлар (негізінен жеті жасқа дейінгі балаларға тән жанрлы формаларды менгеру);

- сөйлеу немесе арнайы жоспарланбаған, риторикалық немесе саналы түрде жоспарланған, элементарлық, кешендік және басқаларын бөліп, сипаттауга мүмкіндік берді.

Сонымен, сөйлеу жанрлары ұғымында түрлі мәтін жанрларын зерделеуге болады:

- функционалдық стиліне қатысты (іскерлік жанрлар: хаттама, өтініш, іскерлік хат, т.б.; публицистикалық: хроника, мақала, сұхбат, портреттік очерк, т.б.); көркемдік: әңгіме, ертегі, мысал, т.б. ғылыми: пікір, рецензия, андатпа; ауызекі тілде: жеке хат, альбомдағы жазу, құнделік жазбалары);

- сөйлеудің функционалды-мағыналық типіне қарай (суреттеу, әнгімелеу, пайымдау);
- адресанттың, адресаттың прагматикалық ұстанымына байланысты (қолпаштау, тост, әнгіме, пікірталас жанрлары және т.б.);
- қарым-қатынас саласына қарай (әлеуметтік-саяси, әскери, академиялық, сот, діни, т.б.).

Әдеттен тыс мәтіндер де болады, мысалы, фотографиясы немесе суреті бар мәтіндер, фотозарисовка, фотографияның астына қол кою, мәтінді көркемдеуші, фотографиялар.

Сөйлеу жанрларымен салыстыра отырып, біз тіл білімінде қолданыста жүрген түп нұскалы (первичные) мәтіндер және оларға комментарий ретінде көрінісі бар екінші катардағы (вторичные) мәтіндер классификациясын ұсынамыз. Түпнұскалы мәтіндерге: авторлық өміrbаян, хат, БАҚ-тардағы мақалалар, әнгіме, күнделік жазбалары, жарнамалар, ал екінші катардағы мәтіндерге: пікір, аннотация, рецензия, мазмұндама, конспект, инсценировка, түйін сездер жатады. Мәтін лингвистикасы үшін ең маңызды топтастыру – ол көркем және көркем емес мәтіндер.

7 Мәтіндегі байланыс құралдары

7. 1 Мәтіннің мағыналық-құрылымдық тұтастығы.

Күрделі фразалық тұтастық пен тұтас мәтіннің құрамына кіретін сөйлемдер тек тақырыптың ортактығымен және коммуникативтік прогрессия катынастарымен ғана емес, олардың бір бүтіннің бөлшектері екенін, ез жиынтығында құрылымдық бірлік құрайтынын көрсететін әр алуан сыртқы белгілерімен де байланысты.

Мәтіннің құрылымдық тұтастығы оның мағыналық (тақырыптық) және тұтастығының сыртқы көрінісі. Сондықтан күрделі фразалық тұтастық ішіндегі, тұтас мәтін ішіндегі тақырыптық, коммуникативтік және құрылымдық тұтастыкты сипаттағанда әр қырынан көрінетін сол бір құбылысты ұшыратамыз. Оқшауланған сөйлемдерді карастырғанда бұл

күнністарға жеткілікті түсініктеме табыла қоймайды, олардың функциясы тек күрделі фразалық тұтастық пен тұтас мәтін шендерінде ашылады, алайда олар күрделі фразалық тұтастықты, сондай-ақ тұтас мәтінді құрайтын сөйлемдер арасындағы сол жакты және он жакты байланыстарды анықтауға белсене катысып, мәтін түзуші функциясын атқарады.

Сондай-ақ сөйлемдер арасындағы және сөйлем ішіндегі оннегері арасындағы анафоралық және катафоралық байланыстар байланыс құралдары болып табылады.

Анафоралық байланыстар (бір айтылымның мағынасы анындағысына сілтеме болып келетін айтылымдар арасындағы катынастар) күрделі фразалық тұтастық пен мәтінде ортанғы және соңғы позициядағы сөйлемдердің мағыналық және құрылымдық дербессіздігін көрсетеді, яғни сол жакты байланыс күнметін атқарады. Мысалы:

Сіз окулық сұрадыңыз ба? Менде ол жок.

Катафоралық катынас (анафоралыққа көрісінше) он жакты, келесі байланыстың сигналы ретінде катафора мәтінде ортанғы және алғашқы позициядағы сөйлемдердің құрылымдық және мағыналық дербессіздігін көрсетеді. Мысалы: Анық бір порс – менің кетуім керек.

Сөйлемдер арасында И. Р. Гальперин, О. И. Москальская, Н. М. Лосева және басқа ғалымдар бөлген: а) дәстүрлі ғрамматикалық ә) логикалық байланыс құралдары құрылымдық байланыс белгілері болып табылады [10].

Дәстүрлі-ғрамматикалық **байланыс** құралдарына: осыған байланысты, сондыктан, алайда, сол себепті, сиякты жалғаулықтар мен жалғаулық сөздер, барлық дейктикалық құралдар, көсемшелік және есімшелік орамдар, шактарды колдану және баскалары жатады. Бұл құралдар өзара жекелеген сөйлемдерді ғана емес, мәтіннің ірі үзінділері – күрделі фразалық тұтастық, абзацтарды, тіпті тарауларды байланыстырып, бұл түрғыда көзөзия құралдарының мәртебесіне ие болады.

Логикалық байланыс құралдарына Р. Гальперин хабардың мезгілдік (*таяуда, бірнеше күн, апта, жыл, өткен соң, т.с.с.*) және кеңістік (*алыс емес, қарсыда, артта, астында, үстінде, атыста, таяуда т.с.с.*) параметрлерін білдіретін сөздерді (көбіне үстеулерді) жатқызады [10].

Л. М. Лосева мезгілдік, кеңістіктік, сол сияқты заттық, акционалдық және сапалық байланыс құралдарын атайды.

Синонимдік алмасулар мен перифразаны коса алғанда мәтінде тірек сөздердің жүйелі қайталануы құрделі фразалық тұтастық пен тұтас мәтін ішінде сөйлемдердің арасындағы байланыстың формальды көрсеткіші болып табылады. Мысалы, фразааралық байланыс құралы ретінде лексикалық қайталау, перифраза, тақырыптық жағынан жақын сөздер тізбегі және т.б.

Сыртқы сөздік көрінісі жок, бірақ имплицитті логикалық катынастар сигналы болып табылатын лексикалық қайталамасыз, грамматикалық анафора құралдарының, логикалық және басқа құралдарсыз құрылымдық байланыс көмексілеу айтылады.

Сыртқы құрылымдық көрсеткіштерсіз қатарлас орналасқан сөйлемдер арасында мынадай байланыс түрлерінің жүзеге асырылуы мүмкін:

а) себеп-салдарлық байланыс;

ә) айырықшылық (жалпыламадан жекеге; мәтін негізінен синтаксистік параллелизм принципі бойынша құрылады).

Синтаксистік параллелизм арқылы сөйлемдер арасындағы текстік-түрлік катынасты мәтіндер құрылады.

б) диагностикалық интерпретация.

Құрделі фразалық тұтастықтағы мағыналық катынастарды сипаттауға қажетті логикалық байланыс түрлері ретінде мыналар қарастырылады:

1) дизъюнкция (лат. *disjunctio* – болу, қарсы кою) – немесе жалғаулығының логикалық эквиваленті (риторикада силлогизм дилемма); осы жалғаулықтың негізгі логикалық қасиеттерін формалаушы операция:

Озің таңда: мойындасан – боссың, мойында масан – қолданасың;

2) импликация (лат. *implico* – тығыз байланыстырымын) – сұра ... онда орамының жуық логикалық эквиваленті, осы орамының формалаушы логикалық қасиеті, импликация әлдебір монинде айтылымсыздығы сиякты колданылады, байланыс импликациясы да болуы мүмкін, антонимдер: импликация – икепликация: *Өнерназ болсаң арқалан*;

3) конъюнкция (лат. *conjunction* – одак, байланыс) - және жалғаулығының логикалық эквиваленті, осы жалғаулықтың формалаушы логикалық қасиеттері: Күн күркіреп, жаңбыр жауды;

4) эквиваленция (лат. *aequivalens* (tis) – тең мәнді, тең бағалы) – әлдебір катынаста басқасымен тең бағалы, тең мәнді немесе сәйкес зат немесе сан, басқаша айтылуы немесе аймастыруы бола алады. Эквиваленттілік – теңдік катынасы: *Ішад – ұты ақын*.

Бұл байланыс құралдарының импликациядан басқасы құрделі фразалық тұтастықтағы сейлемдердің арасында да, ортгрлі байланыстағы құрмалас сөйлемнің бөліктерінің арасында вербальды және вербальсыз айтылуы мүмкін.

7. 2 Мәтіннің коммуникативтік тұтастығы

Әр мәтіннің негізінде ақикат туралы құрделі пайымдау тапа емес, коммуникация жағдаятымен және сол жағдаятқа сәйкес айтушының өзінің алдына қойған міндеттерімен (хабарлау, уәде беру, сактандыру, сұрау, коркыту, әңгімеге тарту, түсіндіру, т.б.) жасақталатын белгілі бір коммуникативтік мақсат жатыр. Мұндай мақсат құрделі фразалық тұтастық құрайтын компоненттердің арасындағы мағыналық катынастарға елеулі ықпалын тигізеді. **Құрделі фразалық тұтастық** құраушылардың арасындағы мағыналық катынастар жүйесі (реляциялық жүйе) ең алдымен семантикалық мәні нақты контексттік шенберде олардың логикалық-грамматикалық монінен едәуір өзгеше жалғаулық пен жалғаулық сөздерге катысты. Мәселен, және жалғаулығы негізгі мәнінде логикалық

және жалғаулығымен (біріктіруші функция атқаратын) сай келеді. Алайда осы жалғаулық накты сөйлемдер мен накты күрделі фразалық тұтастықта синтаксисте зерделенетін себеп-салдар, шартты-салдарлы, қарсылыкты және басқа катынастармен байланысты сөйлемдер мен сөйлем мүшелерін біріктіруі мүмкін.

Күрделі айтылымда санамалаумен біріккен оқиғалар бір мезгілде немесе хронологиялық ретпен өтеді, яғни біріктіре санағанда темпоральды қатынас әркашан көлгейленіп тұрады. Темпоралық сөздердің болуы (жалғаулықтар мен т.б.: өндө, сағат айтыда, кейін, кешке, т.б.) санамаланған оқиғалар арасындағы мерзімдік қатынастарды ашып көрсетеді. Алайда темпоралық сөздердің енгізу әрдайым темпоральды қатынас аның ишкі ныкты дегенді білдіре бермейді және күрделі айтылымды семантикалық талдағанда атап көрсетілуге тиісті емес.

Сонымен, сөйлемде және сөйлегенде (мәтінде) қолданылатын жалғаулықтардың ерекшелігі – әркайсының әр алуан бағыттарда ортақ өз мәнімен логикалық жалғаулыққа тән ортақ мәнді нактылаپ, онымен тоғысуы.

Коммуникативтік семантика тұрғысынан мәтінде мәтіннің терен құрылымында өзге коммуникативтік мақсаттағы (жанама сөз актілері) синонимдік немесе ономнимдік үстінгі құрылымдар қолданылады. Мұндай құрылымдар асқан ізеттілік таныту, сөздік әрекеттің жағымсыздығын жасыру, ишара білдіру, кекету және басқа да субъектінің іс-әрекетін сипаттайтын манипуляциялар жасау керек болғанда қолданылады. Мысалы:

Жел соғып тұр! Терезені жабынызши, сокқан желден тоңып кеттім.

Не айтқыныз келіп тұр? –Айта берініз қысылмай.

Жанама сөз актісіне мағыналы үнсіздік те жатады.

Көгезияның композициялық – құрылымдық формаларына бірінші кезекте хабардың сабактастығы мен логикалық ұйымдасуын баяндаудың негізгі тақырыбымен (сюжетімен) тікелей байланысты емес оқиғаларды,

күштілдіктердің мезгілдік немесе кеңістіктік сипаттаумен, түрлі шегіністермен, сөз араластырумен шектелген ол материалы жатады. Мұндай «бұзушылықтар» әңгіменің иеттігі желісін бұзып, кейде хабардың екінші кезегін танытады. Егер удің композициялық-кұрылымдық формалары фильмдерде ишемекаларды кесектеп құрастырғанға ұксайды.

Когезияның стилистикалық (риторикалық) формалары стилистикалық ерекшеліктері құрделі фразалық тұтастық пен абзацтардың құрылымдарында сабактаса кийтілдіктердің мәтін үйімінде байқалады. Құрылымдардың ұқсастығы әрдайым семантикалық жақындықтың белгілі бір тәрежесін болжатады. Егер мәтіннің бір абзацында себептен салдарға қарай дамуын анықтауға болатын құрылымды тапсак, онда екінші не үшінші абзацта (үзіндіде) сондай құрылымның замуы когезия формаларының бірі болады. Құрылымның толымсыз параллелизм жағдайлары туралы, мәтіннің екі және одан көп бастаулары туралы да соны айтуда болады. Параллелизм амалы сойлемдер, құрделі фразалық тұтастық және абзац құрылымдары ұқсас болғанда өткеріледі. Құрылымдардың мұндай ұқсастығы негізінен құрделі фразалық тұтастық жанаса орналасқанда көрінеді, кейде аралық өткерілуде де ұқсастық байқалады. Ондай жағдайларда когезия стилистикалық әдістердің көмегімен іздестіріледі. Ен қарапайым когезия – **хиазм** амалы. Бір құрделі фразалық тұтастық (абзацта) сойлемдердің тіркесу тәртібі алдыңғысына немесе соңғысына қатысты өзгермелі. Мәселен, бір үзіндіде хабар себептен салдарға қарай, келесінде салдардан себепке қарай дамыса, хиазм амалының, яғни риторикалық когезия формаларының бірінің ашық көрінгені.

Когезияның осы формаларына негізі ұқсас, ал өткерілу формалары әр түрлі бір стилистикалық (риторикалық) амалдың (салыстыру, аллюзия, метафора) белгілі бір қайталануы да жатады.

Когезияның ырғак түзуші формаларын қабылдау киынырақ, ол негізінен поэзияның енісі. Ырғак, ұйқас және басқалары сияқты құбылыстар поэтикалық шығармалардың

формасымен аныкталған мақсаттарға қызмет етіп қана коймай көгезияның құралдары болып та табылады.

Ырғак прозалық мәтінді ұйымдастыруда да белгілі бір роль аткарады. Ырғак – сөз козғалысының, бүкіл шығарманың дамуының бірлігі. Ырғактық козғалыс сан алуан, ырғактық динамика сюжет динамикасымен, автордың мінездері мен бейнесінің дамуымен байланысты. Ырғактық сурет дамушы әрекет барысын жүзеге асыруда және оның кезеңдерін бөлуде маңызды роль аткарады. Түрлі композиция – сөз бірліктерін-портрет және пейзаж суреттемелерінде, пайымдауларда және т.б. ырғактық шектеу байкалады.

Автордың, әнгімелемеушінің, кейіпкерлердің «партиялары» коркем мәтіннің құрылымында ырғакты дараланады. Көркем мәтінді ырғакты ұйымдастырудың негізінде лингвистикалық факторлар жатыр. «Табиғи» және ырғакты прозада уш ырғак бірлігі анық көрінеді: **фонетикалық сөз** (екпінділігі жағынан айтылғанда лексикалық сөзге теңелетін кез-келген сөз), оны кейде тakt, фонетикалық тұтастық, **«ырғакты құрылым»** немесе аритмиялық топ деп атайды, **синтагма және сөйлем**.

Кейбір ғалымдар негізгі ырғактық бірлік ретінде көркем мәтінде ырғактық фигура құрайтын синтагманы, яғни түрлі екпіндік құрылыштағы фонетикалық сөздердің белгілі бір сабактастығын атайды.

Ырғак (тұрактылығы немесе өзгеруі) абзацтың көлемімен, сөйлемнің ұзактығымен, құрылымымен, әуезділігімен, сөйлем мен синтагмадағы сөздер мен сөз екпіндерінің санымен және орналасуымен байланысты. Сөйлемнің құрылымындағы әуезділік пен сөз екпініндегі өзгерістер ырғактың өзгеруіне соктырады.

Проза ырғагының негізінде құрылымның қайталанушылығы, мәтінді біртекті ырғакты ететін ырғак қайталануы жатыр. Құрылымның қайталануы лексикалық және фонетикалық қайталанумен (анафора, аллитерация, эпифора) күшійеді. Сонда анық қабылданатын ырғак, ырғакты немесе ырғактандырылған проза туады. Мәтіннің ырғактық суретінің сан алуандылығы ырғактық қозғалыстың, яғни синтаксистік

жоғе әуендейтік модельдердегі өзгерістің, мәтінге жаңа ырғактық фильтрлар тудыратын вариантардың қосылуының аркасында қисалады.

Көркем проза ырғағы сюжетпен де, композициямен де, сөйлемдердің мінезімен және басқалармен байланысты. Шукін прозасының кайталанбас ырғағы баршаға аян.

Сонымен, күрделі фразалық тұтастық (микромәтін) мен макромәтінді талдағанда күрделі фразалық тұтастық сөйлемдерінің арасындағы логикалық-семантикалық байланыстарды, коммуникативтік мақсат ұстанымын және жалғаулыктармен ғана емес басқа құралдармен де айтылатын күрделі фразалық тұтастық құрамаларының арасындағы реляциялық қатынастарды ескеру маңызды.

8 Күрделі синтаксистік тұтастықтың мәтінмен байланысы және тұтастыры

Орыс лингвистикасында көбінесе «сложное синтаксическое целое» деп аталып жүрген бұл категория көптен назар аударып келеді. Бұл жөнінде бұрын-соңды пікірлерді жинақтап, нактылы фактілерді талдай отырып, біршама аныктама берген – Н.Поспелов: «*Күрделі синтаксистік тұтастық жеке сөйлемге қараганда, автордың аяқталған жеке бір ойын білдіретін әлдеқайда үлкендеу синтаксистік автономия болып табылады*».

«Күрделі синтаксистік тұтастық» дегенинің өзі не? – деп сауал тастай отырып: «Әдетте, белгілі бір айтылған ой жазушының тұгаскан сезі (связная речь) екені мәлім. Ал тұтас текстің құрылымын синтаксистік жағынан талдаганда, әрбір жеке сөйлемді алып, соларға қарай талдамай, айтылған ойға (высказываниеге) қарай анализ жасау кажеттігін біз де құптаймыз»

Күрделі синтаксистік тұтастықтың прозада да, поэзияда да болады. Өлеңдегі сөйлемдердің бір-бірімен әлдеқайда жымдасып, тығыз байланысып, әрбір шумактың бір-бір күрделі синтаксистік тұтастықты қамтитынын, сонымен катар күрделі

сintаксистік тұтастық құрамындағы сөйлемдердің бір ой төнірегіне топтасады.

Жазғытұры қалмайды қыстыңдың сызы,
Масатыдаі құлтыраар жердің жүзі,
Жан-жануар, адамзат анталаса,
Ата-анадай елжірер күннің көзі.

Мұнда поэтикалық ой тұтас, біреу: жазғытұрғы табиғат-тіршілік сипаты, ал жеке сөйлемдер үшеу, үшеуі бірігіп синтаксистік күрделі бірлік құрап тұр.

Рабиға Сыздық казак поэзиясында сөйлемдердің күрделі синтаксистік тұтастыққа топтастыратын тәсілдердің басты-бастыларын көрсетеді:

Біртекtes параллель сөйлемдердің қатарласа келуі. Паралелизм сөйлем мүшелерінің саны мен олардың түлғаларының бірынғайлылығынан туындайды.

Жас қартаймақ, жок тумак, туған өлмек,
Тағдыр жоқ еткен өмір кайта келмек
Басқан із, көрген қызық артта қалмак,
Бір Құдайдан басканың бәрі өзгермек.

Мұнда бірінше тармакта өзі паралель үш сөйлемнен құрылған, ал шумактың өзі алты сөйлемнен тұрады, барлығы мазмұны жағынан да, құрылымы жағынан да (-мақ есімше жұрнағы) біртекtes, бұларды топтастырып тұрған да – осы біртекtestіk, паралельдік.

Синтаксистік тұгастыққа топтасқан сөйлемдер бір субъектімен (логикалық) қазықталады.

Кемді құн, қызық дәурен тату еткіз,
Жетпесе, біріндікін бірің жеткіз.
Күншіліксіз тату бол шын көнілмен,
Киянатшыл болмакты естен кеткіз.

Төрт тармақ синтаксистік біртұтас дүние етіп тұрған – бір жағынан, сөйлемдердің тақырыптық жақындығы болса, екіншіден, субъект біреу, ол – осы жолдар қаратылып айтылған адам, оның грамматикалық көрінісі *сен* есімдігі.

Синтаксистік тұтас бірлік құрауда есімдіктер қатысады. Бір шумаққа немесе бір шоғырға (абзацка) топталған

Соңғы көмпегерді олардың біреуінде (кейде бірнешеуінде) көпшілгеген есімдіктер бір-бірімен тығыз жымдастырады, шоғын аздыныңы жолдардағы бір мүшени сонғы жолдардың орындағы есімдік арқылы қайталап береді.

Ахру жүрек ақырын соғады жай,
Шаршан қалған кеудемде тулай алмай,

Есіл де ыстық қан басып кетеді оны,

Ішіншілгін түндерде тыншыға алмай.

Синтаксистік құрделі тұтастықты жасайтын элементтердің (есілдердің) бірі - модальдық ренктің біркелкілігі.

Малайтайкүмүссәләм,

Іномис, мал-жан аман ба?

Манаңдайға кез болдың,

Аумы токпе заманда.

Ет ғашеген адам жок,

Ала менен бабанда.

Ішімдіктан пайда қып,

Шыныңды алсан, жаман ба?

Еніжүндаймын әншнейін,

Оған келе де бермес шаман да.

Мұнда сұраулы сөйлемдер арқылы келекелеу модальдық ренк бар.

Ішілі бір сөзді немесе сөз тіркесін қайталап беру арқылы мұсойлемдердің синтаксистік тұтас единица етіл құрастыруға мүмкін.

Балшар да мал қызығын біле алмай жүр,

Жаз жіберіп, күз атын міне алмай жүр.

Сынылтып, күнде ұрлатып, із жоғалтып,

Шаменен, ыржып күле алмай жүр.

Шұмакта тұтастырылған элементтердің бірі – алмай жүр сөзінің қынталанып келу.

Гриең ақылға ермек, бойды жеңбек,

Шыңсіздің қылышы өле көрмек.

Шыға ойламай, шығандап қылық қылмай,

Гришек ездігінен көпке көнбек.

Мак тұлғасымен берілген етістікten құралған ұйқастар.

Етістіктен болған мүшениң біркеякі тұлғада берілуі сөйлемдердің синтаксисгік тұтас бірлік болып топтасуына қатысады.

Кұрбынның тәуір болсын өз мінезі,
Абройлы қалжынмен келсін сөзі.

Сен оған мойын бұрып сөз айтканда,
Қатынды болмасын оның көзі

Шумакта тұтастырылған элементтердің бірі – *алмай* жүр сөзінің қайталанып келу.

Күрделі тұтастықты жасауда тәуелдік жалғауының ролі зор. Сөйлемдегі белгілі бір сөздердің тәуелдік тұлғада тұруы оны алды-артындағы сөйлемдерде айтылған оймен іліктестіреді.

Козінен басқа ойы жоқ,
Адамның надан әуресі.

Сонда да коңілі тым-ақ ток,
Жайқаң-қайқаң әрнесі.

Айтылмақ ойдың каркасы (негізгі идеясы) бірінші тармақта беріліп, келесі тармактар сол ойға қатысты көбінесе бірынғай конструкциялар түрінде келуі арқылы да синтаксистік тұтастық жасалады.

Коркытпа мені дауылдан,
Дүрілдеп тұрса тау мен сай.

Шатырлап тұрған жауыннан.

Жарқылдап тұрса түскен жай.

Сөйлемдерді байланыстыратын амал-тәсілдерді жинактап көрсететін болсак, олар: *паралель сөйлемдер, есімдіктер, модальдылық реңкі біркеікі сөздер; қайтатанатын сөздер немесе сөз тіркестері; морфологиялық тұлғалары бірдей етістіктер; тәуелдік жалғауы.* Осы амал-тәсілдердің кай-қайсысы да - өлең жолдарын тұтасымға біріктіруде және қара сөзді мәтіндердегі сөйлемдерді байланыстыруда қолданылатын тілдік бірліктер.

Төлеубай Кордабаевтың күрделі синтаксистік тұтастық туралы көзқарасы: (Кордабаев Т. Қазак тіліндегі күрмалас сөйлемдер синтаксисі. - Алматы, - 1995ж. «Синтаксистік күрделі бірлік») «Біздің синтаксистік күрделі бірлік деп отырганымыз

семантикалық тұтастықга, бірлікте тұратын дербес сөйлемдердің жиынтығы», - деп анықтап, күрделі бірлікке тән ғомындеңдегі белгілерді көрсетеді:

- Бірлік құрамына енетін компоненттер байланысы олардың семантикалық тұтастығынан ғана білінбейді, сонымен бірге, әр түрлі грамматикалық тәсілдерден де байқалады.
- Семантикалық бірлікте болады, компоненттер белгілі бір ой, мағына төнірегіне топтасады.
- Құрылымы жағынан бірнеше дербес сөйлемдерден құралады.
- ...баяндалатын пікірлерге ұйыткы, орталық кіндік, темір казық болып тұратын сөз немесе сөздер тіркесі болады

8.1 Сөйлемаралық тұтастық.

Дербес сөйлемдер арасындағы байланыстар жиынтығы, көз-келген шығармаларға құрылымдық тұтастық, мағыналық өрілік беріп тұрады. Қай мәтінді алып қарасақ та, басқа сөйлемдермен не іргелес, не алшак байланыста тұрмайтын сөйлем кездеспейді. Кейбір жағдайда ол байланыстар көзге корініп тұrsa, кейде жасырын тұрады. Мәтін ішіндегі сөйлемдер іонталып, бір такырып маңына жиналышп, құрылымдық және интонациялық жақтан іріктеліп, күрделі синтаксистік тұтастық құрайды. Алайда мәтіндегі барлық сөз түгелімен күрделі синтаксистік тұтастыққа ене бермейді. Оларға кірмейтін сөйлемдер, сөйлемшелер «еркін сөйлемдер» деп аталады. Іүлардың негізгі міндеті мәтінді бастап береді және аяктайды. Еркін сөйлемдер мәтінді бастарда және аяктарда әртүрлі колемде болуы мүмкін. Еркін сөздерге авторлық шегіністер, ескертулер тағы баска көмекші сөйлемдер жатады.

- Мәтін тұтастығын дәлелдеу үшін, ен алдымен сөйлемаралық байланыстарды табу керек. Мысалы: 1. Жартас мұнлы. 2. Кәрі қоңілдің қайғылы түріндегі жүдеу. 3. Өңкіген тік жартас. 4. Таңертенгі кезде-ак кардың үйіле түскен каралы коленқесін көріп, айнадан жүзін көрген дәудей, кәрі алыптай үциліп, тұксисіп қарап тұр. 5. Етекте жатқан қазандай жұмыр

тастар салак қолмен тәртіпсіз үйілген тендей болып бірінің үстіне бірі үйіліп жатыр. 6. Кәрі аңшы Ақшегердің томағасын тартып, үндемей тасқа үніліп отыр еді. 7. Бір мезгілде алыстан қағушының айғайы естілді. 8. Акшегір елең етіп, барлық улken денесі екі ғана отты шегір көз болғандай болып, қызыл тасқа шаншылып, кадалып қалды. (М.Ә. Бұркіт аңшылығының суреттері). Мұндағы 1,2,3,4 сөйлемдер өзара іргелес тығыз байланыста тұр(мұнлы, кайғылы, жартас, тұксиіп карап тұр, үйіліп жатыр). Ал 6,7,8 сөйлемдер өзара бөлек мәндес (отыр еді, естілді, кадалып қалды).

Бұл үзінділерде, яғни, мәтінде екі түрлі сөйлемдер тобы, екі құрделі синтаксистік тұтастық бар. Біріншісінде жартасқа сипаттама беріледі де, екіншісінде сол жартастың жанында отырған бұркітші мен бұркіт әрекеттері айтылады. Бірінші топқа «жартасқа суреттеме», екінші топқа «аңшы әрекеті» деп шағын тақырыптар коюға болады.

Сонымен, құрделі синтаксистік тұтастық деген не?

- Құрделі синтаксистік тұтастық-мәтін құрамындағы ірі синтаксистік бірліктерін көрсететін бөлімі.
- Құрделі синтаксистік тұтастық-бұл бір тақырыптағы бір-бірімен лексикалық, грамматикалық және интонациялық жактан ірітелген дербес сөйлемдер тобы.
- Құрделі синтаксистік тұтастық-жазып отырған құбылыстың белгілі бір жағын сипаттайты.
- Құрделі синтаксистік тұтастық ішіндегі сөйлемдер іргелес те, алшак та тұрып байланыса береді.

8.2 Құрделі синтаксистік тұтастықтың негізгі типтері.

Құрделі синтаксистік тұтастықтың негізгі типтері үш түрге бөлініп қарастырылады: сипаттау, суреттеу, пайымдау мәніндегі сөйлемдер тобы. *Сипаттау мәнди құрделі синтаксистік тұтастық* деп табигат құбылысына, заттарға, кейіпкерлерге т.б. олардың белгілерін санамалап көрсету арқылы мінездеме беруді айтады. Сипаттама беріп отырған мәселесіне қарай құрделі синтаксистік тұтастық *пейзаждық* (іс-окиғаның мекенін суреттеу), *портретті мінездеме* (кейіпкерді суреттеп жазу) т.б.

шонып бөлінеді. Соған орай қурделі синтаксистік тұтастық әр өзімі өзіне тән лексикасын жинаиды. Мәселен, пейзажды суреттеуде орман, өзен, тау сияқты накты сөздерді жанынан, сол жақтан, төменинен, көкжиекте т.б. мекендік, кеңістік мәнді сөздерді пайдаланады. Портретті суреттеуде адамдардың бойын, жасын, сырт келбетін, жай-күйін т.б. білдіретін сөздер колданылады. Мысалы: *Жашал жасы елуге таяп қалса да, киім кісі мен жүріс тұрысынан ерекше тағам табы сезіліп тұратын, сөйлегені мен күлгөніне, тіпті біреуге көз тастап қарaganына дейін әдемілік пен әдептілік сезіліп тұратын әйел бол.*

Көркем әдебиеттің қай жанрын алсақ та, көркемдеуге, идеялық мазмұнын ашуда, образ жасауда эпитет, теңеу, троп (ауыстыру) айрықша эстетикалық қызмет аткарады. Теңеудегісіз нәрсені белгілі нәрсеге салыстыру арқылы көзге елестету амалы. Жазушы кез - келген екі құбылысты алып теңей бермейді. Эрбір теңеуді шығарманың идеялық, оған байланысты әмоциялық мазмұнына бағындырып отырады. Мәселен, бір қаһарманның көніл-күйі «бұлттан шықан күнге», екінші біреудің «жауар бұлтқа» теңелуі осыны растайды. Автор сөзінде теңеудің колданылуы мынадай:

1. Ең алдымен кейіпкердің бет пішінін, сыркы көрінісін, портреттің жасау үшін пайдаланады. Мысалы: *Шешесі Биқасат бес биенің сабасындағы тұлға бетісінде өзгеше адам.*
2. Жазушы теңеуді адам сезімдерін, көніл-күйлерін, психологиялық халін, әсерлер мен ойларын да нактыландыру амалы ретінде колданады. Мысалы: *Арызыны шағ етіне біз үгейіп атқандай бол шіміркеніп, кейін шегіне берді.*
3. Кейіпкердің әдетін, кимылын, іс-әрекетін, қалыпты күйін де шебер мінездейді. Мысалы: *Арнайы тексеруге шыққан оқілдердің аш қасқырдай жағаңдайтын әдеті емес ne?*
4. Табиғат көріністерін, тұрмыстық жайларды т.б. теңейді. Мысалы: *Қолдың саласындағы тарамдаған бұлақтардың суы тап-таза.* Казак жазушылары көбіне жан-жануарға, төрт түлік малға теңейді. Мысалы: *асау аттай, тартынишақ түйедей, қойдай жуас т.б.*

Эпитет – адамдардың, не заттардың, не табиғаттың күбылыстарының өзгеше белгілерін көрсетеу, олардың бейнесін окушылардың көз алдына елестету, ой-қиялыша асер ету үшін қолданылады. Эпитеттің айрықша белгісі - оның экспрессивтік-эмоциялық қызмет атқаратындығында. Мысалы: «Қайырышының кедейлігін көрсетеу үшін көп сөз шығын қылтып керегі жоқ, оның аянышты бейбақ кейтін айттып жату да қажет емес, тек үстіне түсі оңып кеткен жасылдық киінген десе жетеп жатыр», - деген болатын А.П.Чехов.

Шығармада жансыз күбылыстың кәдімгі тірі кісінің қылығымен суреттеу тәсілі - *кейіптеу* қолданылады. Сонымен қатар мәтінде *синекдоха* да кездеседі. Синекдоха немесе мензеу - бүтіннің орнына бөлшекті, жалпының орнына жалқыны немесе керісінше бөлшектің орнына бүтінді, жалқының орнына жалпыны қолдану тәсілі. Мысалы: *Үй мәзбоп, қой сойды. Баганадан бері байқамаған екенмін, киіз үйдің саңылауынан бір сақалды қарап тұр екен. Атыстан бір атты көрінеді. Әңгімелегу мәнді күрделі синтаксистік тұтастық*-(не болды? не істеді?) деген сұраптарға жауап береді. Мұнда жазып отырған оқиғаның сатыланып дамуы баяндалады. Олардың белгілері бір тәртіппен берілуі маңызды міндет атқарады. Әрбір күрделі синтаксистік тұтастық сөйлемдері көбінесе оқиғаның бір даму кезеңін бейнелейді.

Пайымдау күрделі синтаксистік тұтастық-(неге? не себепті? неліктен?) сияқты саударларға жауап іздейді. Пайымдау мәнді күрделі синтаксистік тұтастықтың әркайсысында анық байқалатын үш бөлім бар: а) тезис; ә) дәлелдеу (аргументация); б) қорытынды (жинақтау). Мұндай мәтінде мынадай қыстырма сездер қолданылады: біріншіден, екіншіден, ендеше, жалпы айтқанда, тұтасымен алғанда, сонымен, сондықтан, егер, сол себепті, олай болса т.б.

- Мен екінші курста оқымын. Бізге Жамал апай сабак береді. (әңгімелегу, не істеді?).

- Біз дәрісхананы таза ұстаймыз. Өйкені, ол біздің екінші үйіміз. Мұны студенттердің бері жақсы түсінеді. (пайымдау, неліктен?).

Біздің оқитын кабинетіміз кең, жарық, төбесі биік,
жарылғалары аппак. (сипаттау, кандай?).

9 Мәтін құрылымы

9.1 Абзац терминің қолданылу орны.

Абзац термині екі мәнде қолданылады, бірінші мағынасы, әмбасында сәл онға жылжу (азат жол) екінші мағынасы, жазба шарасында баспа мәтіннің бір азат жолдан екінші азат жолға дейінгі үшіндісі. Кез-келген курделі синтаксистік тұстастық, кез-келген соңымен, сөз абзацқа бөліне алады. Абзацқа бөлу - сөйлемдерді семантика-стилистикалық түрғыдан бөлу әдісі. Сонымен абзац ішін мағыналық жактан атап көрсету үшін азат жолдан он жакқа соңы жылжыта бастап жазатын сөйлемдер. Абзацқа бөлінген сөйлемді мән бере оқу керек. Абзацқа шығарылған сөйлемде үшіндіру, сипаттау келесі абзацқа дейін созылып, біртұтас ой беріп тұрады. Ой немесе мағына ауысканда абзац та ауысып отырады. Талдағанда сөйлемнен бастап курделі синтаксистік тұстастыққа дейін, содан соң мәтінге қарай талдау керек. Синтаксистік жағынан алып қарағанда мәтін лексика-грамматикалық құралдар арқылы бір-бірімен байланысқан сөйлемдердің жиынтығы деген сөз. Мәтін - шығармашылық жұмыстың, шығарманың, мақаланың тұтас мазмұны.

Тіл екі түрде қызмет етеді. Бірі - сөйлеу тілі, екіншісі - жазба тіл. Сөйлеу тілі мен жазба тілдің бір-бірінен айырмашылықтары бар. Сөйлеу тілі бетпе-бет сөйлеу арқылы жүзеге асады. Сондыктan ол көбіне диалог түрінде етеді. Ал жазба тіл-әртүрлі жазба әдебиеттің тілі. Тілдің қызметі мен ойдың айтылу мақсатына қарай сөйлем күрауда соған сәйкес сөздер, грамматикалық тұлғалар, тіркестер сұрыпталып, тандалып қолданылады. Ал ойдың әсерлі, көркем болуы, тындаушысын, окушысын баурап әкетуі тілде сөздердің орынды қолданылуына, көркемдігіш, бейнелеуіш құралдарының сәтті жүмсалтуына тікелей байланысты.

Мәтінді стильдік түрғыдан талдау үш кезенде жузеге асады:

- мәтінді оқуға дайындық кезені;
- мәтінді оқу барысында;
- оқып шықаннан кейін.

Мәтінді оқуға дайындық кезінде шығарманың мазмұнын ұғуға киындық келтіретін сөздерге түсінік беріледі.

Поэзиялық шығарманы талдау кезінде оның жанры мен такырыбы, екіншіден оның тілі мен құрылышы анықталады. Өлеңнің прозадан айырмашылығы - оның өлшемі ырғагы және үйкасы болады. Өлеңнің әрбір жолында буын саны бірдей болады да үйкасқа құрылады. Өлең төрт жолдан тұрады, шұмақтардың әрбір жолын тармақ деп атайды. Өлең тармағы болса онда қанша буынды сөз болса, сонша буынды өлең деп атайды.

Көркем туындылардың барлық жанрларының ішінде, әсіресе, прозада тіл ерекшеліктерін анық байқауға толық мүмкіндік бар. Айталық поэзия тілі үйкас, ырғак зандылығына бағындырылса, драматургиялық шығармаларда ауызекі сөйлеу, сахнада сөйлеу тілі баса ескерілетіні түсінікті. Ал сынни еңбектерге келсек, оның да өзгешелік ерекшеліктері бар, яғни шағын рецензиядан бастап, үлкен монографиялық дүниелерге дейінгі ғылыми стильге тән сөз колдану тәсілдері сакталып отырады. Кейде публицистикалық стильдердің де көрініс беретіні бар. Прозалық шығармалар осы сөз колдану түрлерін түгел қамтып қана коймайды, көркем шығарманың бітім-болмысын да танытады.

Көркем шығарма тілінде ажырамас бірлікте болып келетін екі құрамдас бөлік бар. Олар-авторлық баяндау тілі және кейіпкер тілі. Бұл екеуінің қай-қайсысы да жазушы шеберлігін танытуға мол жәрдемін тигізеді. Диалог авторлық баяндаумен өте тығыз байланысты. Бұл мағыналық, құрылымдық және стилистикалық байланыс болып табылады.

9.2 Мәтіннің аяқталуы. Мәтіндегі тақырып пен инограф.

Біз кабылдайтын «әлем суреті» үнемі қозғалыста болып, оның отырады. Автордың пікірінше, тақырып дамуымен шоғыжеге жетсе, онда мәтіннің аяқталғаны.

Аяқталу ұғымы бөлімдеріне емес, тұтас мәтіннің өзіне тән. Автордың ойын түсіне алмаған оқырманға мәтін аяқталмағандай көшпүі мүмкін. Шынтуайтында мәтін аяқталған, тек автор көтерілген проблема бір мәнді шешілетіндей жетіп, піспеген. Не мазмұндық-фактуалды акпарат немесе астарлы мәтін оқырманға қалай аяқталарын мензеп тұр, сондыктан автор корытынды жасаудың қажеті жок деп шешкен.

Түрлі типті, әсіресе көркем мәтіндерде жаңа проблеманың қойылуының өзі аяқталғандық іспетті. Әсіресе, атының өзі үраулы: «Кім жазықты?» сияқты болса, айқын байқалады.

Эпиграф – көркем (баска да) мәтіннің оқырманның нағарын бастапқы мәтінге аударып, ассоциациялар желісін тәйіндайтын компонент. Эпиграфта қос бағыт – бастапқы (инграф алынған) мәтін және жаңа мәтін (эпиграфтан кейін үзретін). Эпиграф пен мәтіннің арасында өзара бағытты байланыс бар: эпиграф мәтіннің терен құрылымын ашады, соңғысы эпиграфка теренірек үнілуге, жаңа ассоциация тудыруға, оның тезаурусы негізіндегі идеялар мен түсініктерге «жан бітіруге» ықпал етеді.

Осылайша, тақырып пен эпиграфты дұрыс түсіну интеграциялық қатынастар әрекетімен және тұтастық ретінде мәтінмен тығыз байланысты. Ол сондай-ақ контексті кең түсінумен, оқырман мен автордың жалпы білімінің пресуппозициясымен байланысты.

Мәтіннің аяқталуына эпилог пен соңғы сөз де белгілі әрежеде әсер етеді. Демек, тілдік бірліктердің мағыналық құрылымы олардың мәтінді интерпретациялау үдерісіне катысуына байланысты пайымдалады.

Аяқталғандық мазмұндық-концептуалды акпаратты аша отырып, мәтіннің дамуына шек кояды. Аяқталғандық-корытынды эпизод немесе шығарманың фабуласы мен сюжеті

дамуының соңғы кезеңін суреттеу, аяқталғандық – мәтіннің «нүктесі».

10 Сөйлемаралық байланыс тәсілдері

10.1 Сөз таптарының байланыс құралдары қызметін атқаруы.

Мәтіндегі сөйлемдер арасында мағыналық байланыс болуы керек. Ол байланысты лексико-грамматикалық тәсілдер арқылы табуға болады. Сөйлемаралық байланыс дегеніміз - сөйлемдер, абзацтар, тараулар және басқа да мәтіннің бөліктері арасындағы мағыналық бірлікті ұйымдастыруышы байланыс. Кез-келген сөздерден сөйлем құралмайтыны тәрізді, кез-келген сөйлемдерден мәтін құрала салмайды. Мысалы: «Асан суга шомылуға кетті». «Момент желім 95 теңге тұрады». «Жатқы есімдер бас әріппен жазылады» деген үш сөйлемді бір мәтінге біріктіру мүмкін емес. Өйткені олардың мағыналары өте алшак. Мәтін ішінде көбінесе, катар (көрші) келген сөйлемдер мағыналық жақтан байланысып тұрады. Мұндай байланысты контактілік (іргелес) байланыс деп атайды. Ал кейбір сөйлемдер бірнеше сөйлемді аттап барып байланыс жасауы да мүмкін. Оны дистанты (алшак) байланыс дейді. Мысалы: «Шай үстінде де Айтжан жаңағы суреттен көз ата алмай қойды». «Шеше,-деді от мазасы кеткен соң, - осы ана сурет маган таныс сияқты». «Мен осы кісіні қайдан көруім мүмкін?». Мұндағы екінші сөйлем біріншімен іргелес байланыста тұр (Айтжан-ол), Үшінші сөйлем екіншіге іргелес байланыста тұр (маған-мен), ал біріншіге алшак байланыста (Айтжан-мен). Іргелес байланысты табу онай болса, алшак байланысты табу біраз кындықтар келтіреді. Алдымен кез-келген мәтінді талдау үшін алынған үзіндідегі әрбір сөйлемді нөмірлеп алған жөн. Мысалы: 1. Согыстан кейін колхоздарды үлкейту керек болды да, бұл көрші колхозга берілді. 2. Ал колхоздан, совхозга көшу кезінде Аргыңғы бергі совхозға өтті. 3. Бөлімше болды. 4. Осылын біраз тұрды.

Бұл мәтінде төрт сөйлем бар. Олар бір-бірімен мезгіл, үкімет арқылы байланысып тұр. Барлық етістіктері жедел өткен шақта тұрып, іс-әрекеттің бірінен соң бірі, яғни ынғайлас келуін көрсетіп тұр. Алшақ байланысты іздеудің өзіндік заңдылығы бол. Олар мәтіннің ең хабарламасы мол бөліктерін жишистыратын сөйлемдер. Осындай жүті ауыр сейлемдер мәтіннің өн бойында арқау болып созылып, біртұтас мазмұн беріп тұрады. Оны қалай табуға болады? Ондай сейлемдер көбінде абзацтар арқылы бөліп көрсетіледі. Сондықтан алшақ байланыс мәтінді тұтас алып қарағанда ғана өз мәнін ашады. Әр қоюқтағы сөйлемдер өзара тығыз байланыста болады да, екінші қоюқта қөшкенде әлсіреуі мүмкін, яғни бірінші топтың (магыналық топтағы) соңғы сөйлемі мен екінші топтың бірінші сөйлемі мықты байланыста болуы міндетті емес. Мысалы: М. Әуезовтың «Қыр суреттері» атты әңгімелер циклінен «Қысқы ғүп» әңгімесін талдап көрелік.

1. Қыстың ұсақ түні. 2. Даға желдің айдауына түсін, тұтіндей болып бүрқаган ұсақ қар үйтқып келіп, жердің бетін қасып жатыр. 3. Шың тау тентек желдің ашуы мен ойнагына қарап, тұманды ойга батқандай бас жағы үйтқа араласып мұнартанып, түнеріп тұр. 4. Ақ боран көк пен жерді бір-біріне араластыргандай. Мұндағы алшақ байланыстар мезгіл жағынан да, етістіктің шағы жағынан да, жақ жағынан да байланысып, мәтінге тұтастық беріп тұр.

1. Қыстырма сөздер

Қыстырма сөздер-сөйлеушінің айтылған пікірге әртүрлі козкарасын білдіреді: қуанышты, өкінішті, сенімді, өтінішті, макұлдауды, ой иесін көрсетіп, сөйлемнің мағыналылығын, бейнелілігін арттырады. Ал сөйлем күрамына енүі пікірді жинақы, орамды, дәл түсіндіруге жәрдем етеді. Қыстырма сөздер сөйлем ішінде үтірмен бөлінеді. Мысалы: Шынында, бұл ойланатын жұмыс екени рас.(амал қанша, әрине, біріншіден, бір сөзben айтканда т.б.). Кейбір қыстырма сөздер бір ойдың алдынғы жақта айтылған оймен (іргелес не алшақ тұрып) байланысын қорыту ретінде айтылады. Олар: олай болса, демек, сөйтіп, сонымен, қысқасы, әйтеуір, айтпақшы, өйкені т.б.

Мысалы: 1. *Директор мені күлімсіреп қарсы атды.* 2 *Байқаймын, көңілі көтеріңкі.* Сөйлемаралық байланыс құралдары ретінде қыстырма сөздерді пайдалану сөйлеудің стиліне, түріне (монолог, диалог) тақырыбы мен идеясына байланысты. Қыстырманы көп қолдану стильді бұзады.

2. *Етістік-баяндауыштардың түр-шак формаларының үлгілері* Бір мағыналық жоспардың (пейзаж, кейіпкердің мінездемесі) оқиғасын жазуда кебінесе етістіктің бір шағы ғана қолданылады. Атап айтқанда, жағдайды, пейзажды, адамдардың әдеттерін, құбылыстың белгілерін, ұзаққа созылған үдерісті жазу үстінде етістіктің жедел өткен шағы мен ауыспалы осы шак тұлғасы қолданылады. Мысалы: *Жаз ортасының қоңыр кеші.* *Ұлытаудың бөктерінде кештің қоңыр салқын желеі еседі.* *Күн батып, ымырт жабылып барады.* Етістік-баяндауыштардың түр - шак формаларының бірлігі мәтін құраудағы аса маңызды тәсілдің бірі. Мәтіндегі бір сөйлемнің етістігін басқа түрге немесе шакқа ауыстырып жіберсе, мәтіннің құрылымы ғана емес, мазмұны да бұзылуы мүмкін.

3. Есімдіктер мен сан есімдер

Дербес сөйлемдерді байланыстыруда о.т, олар, оған, онан, олардың деген жіктеу есімдігі жиі қолданылады. Кез-келген мәтіннің екінші болмаса да, үшінші, төртінші сөйлемдері міндетті түрде алдыңғылармен осы есімдіктер арқылы байланысылады. Мысалы: 1. *Мамыр айы.* 2. *Көк жетіліп, гүлжапырақ молайған.* 3. *Жаңа шықкан ашиқ жасыл шөптен дата жасарған.* 4. *Былтырдан қалған қу шөп азайғандай, анда-санда болмаса, көзге көп ілінбейді.* 5. *Оның орнын қазіргі күнде аласа бетеге басқан.* 6. *Жасыл кілемнің түріндей көрікті далада әр жерге шашырап шықкан қызғалдақтың сары гүлдері көз қуантып жайнап тұр.* (М.Әуезов. Оқыған азамат) Мұндағы төртінші сөйлемдегі (былтырдан қалған қу шөп) бесінші сөйлемдегі (оның) байланысып тұр.

Есімдіктер көбінесе зат есімдерді ауыстырады. Мысалы: Асан көнілді. Ол бүтін сынак тапсырды. Сөйлемдерді байланыстыруда «бұл» сілтеу есімдігі де белсенді. Мысалы: *Тұрсын екі ай уақыт өткізіп жіберіп, дәл сол Сәрсекеден бір-ақ*

шүлгінде бес жылқы әкеп жайластырып атған болатын. Бұл жаңа ұрлығын маңайдағы жансың бірі де сезген жоқ. Бұл есімдегі кейде басталған мәтіндерді тұтас байланыстырып үзүнші. Мысалы: *Бұл қыста болған еді*. Кейде мәтінді аяқтап үзүнші да мүмкін. Мысалы: *Бұл ойы орындалды*. Жаңылау есімдігі *барлығы, бәрі, баршасы* дегендер сөйлем шартте бірінғай мүшелерді жалпылап тұрады да, сирек болса да соңғындарді, мәтін бөлшектерін байланыстырады. Мысалы: *Боз шаштар жау қолында кете барып, Қалбагай жоқ болған соң, үшінші жүрген жылқышының бәрі: Ой, бауырым! салып, қалыпайтын басына жиылып қалды*.(М.Әуезов. Барымта). Сан есім кейде зат есімдердің орнына *екеуі, үшеуі, төрткеуі* жестеуі сиякты жинақты сан есімдер жүріп, сөйлемдерді үзіншілікпен шығады. Реттік, есептік сан есімдер сирек болса да көрініп жүзеге асылады.

10.2 Мәтін талдаудың лингвистикалық бағыттары.

Сөйлеу кезінде сөздер тілде қалыптасқан тұра мағынада ғана қолданылып кана қоймай, тек мәтін арқылы ғана түсінуге үшіншілікпен ауыспалы, келтірінді мағынада қолданыла береді.

Мәтін мен дискурс теорияларының негізгі нысандары болып табылатын прагмалингвистика да тіл білімінде айрықша корініс табуда. Осы уақытқа дейін мәтін тек жазбаша материалдарға көткесілген, жазуға байланысты қарастырылып келді. И.Р. Гальперин, Л.М. Лосева сиякты юрттеушілер мәтінді тек жазба тілге тән деп көрсетіп келді. Ол көзде дискурска мән берілмеген.

Мәтіннің ауызша және жазбаша формада келуіне А.А. Жилевская былай деп пікірін білдіреді: «Как отмечается в работе (О.Б. Сиротинина и др.) это один из дискуссионных вопросов, по-разному решаемый лингвистами: некоторые из них признают текст только в письменной речи, другие допускают существование текста и в устной, но только монологической речи, третья считают возможным говорить о тексте в диалогической речи как реализации любого речевого замысла.

Большинство ученых все же считает текстом только определенным образом построенную, организованную речь»

Тіл білімінің аумағына кіретін жас сала прагматингвистика өткен ғасырдың 70-жылдары қалыптаса бастады. Прагматика (гр. іс-әрекет) – лингвистиканың бір саласы. Ол тілдегі белгілер қызметін зерттейді. Бұл терминді XX ғасырдың 30 жылдарында Ч.У. Моррис ұсынған. Прагматиканы лингвистикалық зерттеу 60-70 жылдарда Ч.С. Пирс идеяларынан кейін басталады. Оған иті әсерін тигізген Дж. Остин, Дж. Р. Серл, З. Вендлердің логика-философиялық сейлеу актілері туралы теориясы, П.Грайстың мағыналардың прагматикалық теориялары және Л. Линский, П.Ф. Строссоның референцияның прагматикалық теориясы болатын. Лингвистикалық прагматиканың нақты белгіленген шекарасы жок, оған сөйлеуші мен тындаушы арақатынасынан туындаитын мәселелер кіреді .

Прагматика адамның коммуникативтік іс-әрекетінің ауызша (дискурс) және жазбаша (мәтін) екі формасын да қарастырады. Дискурс пен мәтіннің негізгі мәселелерінің каторынан прагматика да орын алады.

Осыған орай ғалым З.Ш Ерназарова: «Қазіргі сейлеу тілі синтаксистік бірліктерінің прагматикалық негіздер» атты еңбегінде мәтіннің ауызша, жазбаша да формасында сейлеуші пен тындаушының сұхбаттасуы, коммуникацияға түсі, қандай мақсатта қолданылуына, пайда болуына алып келеді. Коммуникация бейвербалды, вербалды түрде екі немесе одан да көп тұлғаның бір-бірімен аппарат алмасуы прагматикаға катысы арқылы жүзеге асады. Прагматиканың негізгі зерттеу саласының бірі – дискурс. Прагматика – динамикаға мәтін – дискурсты оны дүниеге келтіруші адаммен байланысты қарастыратын ғылым деп, атауға болады – деген тұжырым жасайды .

Дискурсты сейлеу тұрғысынан алып қарастырсақ та, сейлеу ең алдымен ауызша формада жүзеге асырылатыны мәлім.Мәтін талдаудың негізгі бағыттары: мәтін лингвистикасы, мәтіннің лингвостилистикасы, поэтикалық лингвистика.

11 Мәтіннің ақпараттылығы мен модальділігі

11.1 Мәтіннің ақпараттылығы.

Мазмұндық-фактуалды ақпарат – фактілер, өзімізді көрінгенде болған, болып жатқан, болатын оқиғалар, үдерістер туралы хабарлайды. Ол номиналды тізбек деп шыншылдың сөйлеу тақырыбының тікелей атауы, аса маңызды тақырыптық топтарда өз көрінісін табады.

Негізгі номиналдық тізбек бүкіл мәтіннің бойымен өтіп, үтгас мәтіннің тақырыбының өкілі болып, басты ақпаратты (тақырыптық тізбені) қосымшасынан айыруға көмектеседі.

Мазмұндық-фактуалды ақпарат өз табиғатында іскеiplицитетті, вербалды айттылады. Ол барлық мәтіндерде (сөйлеу шығармаларында) бар. Автордың ойы мазмұндық-концептуалды және мазмұндық-астарлы мәтінді ақпаратта да, мәтін модальділігінде де көрініс тауып, ең алдымен көркем және публицистикалық мәтіндерде (жекелеген жанрларында) байқалады; ғылыми және іскерлік жанрларда байқалмайды, байқалмайды деуте болады.

Мазмұндық-концептуалды ақпарат оқырманға мазмұндық-фактуалды ақпарат құралдарында сипатталған құбылыстар арасындағы қатынастарды, олардың себеп-салдар байланыстарын, индивидуумдар арасындағы қатынасты, қоса алғанда халықтың әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени оміріндегі, оларды автордың өзінің қалай түсінгенін хабарлайды.

Мұндай ақпарат бүкіл шығармадан алынып, қоғамда болып жатқан және жазушы жасаған немесе оның киялышындағы әлемде болып жатқан қатынастарды, фактілерді, оқиғаларды, үдерістерді шығармашылықпен пайымдауды білдіреді. Мазмұндық-концептуалды ақпарат кейде жеткілікті айқын айттылмайды, сондықтан түрліше ұғындыруға мүмкіндік береді.

Мазмұндық-концептуалды ақпаратты ашуда мазмұндық-фактуалды ақпарат зор роль аткарады. Мазмұндық-концептуалды ақпаратты барша оқырман барабар қабылдамағандықтан, көркем

шығарма тек фактуалды акпаратка саятын, ал концептуалды оқырманға түсініксіз болатын жағдайлары жи кездеседі. Бұл тіл материалының құралын пайдалана білмеудің салдарынан немесе оқырманның жалпы тезаурусының жетімсіздігінің, яғни оның сауаттылығының жетімсіздігінің, өнер туындысын бағалауға тиісінше тәжірибесінің болмауының салдарынан болады. Өнер шығармасының идеясын түсіндіруде мол тәжірибе жинаған оқырман концептуалды, яғни негізгі, бірак жасырылған акпаратты түрліше түсінуі мүмкін (идеяны түрліше түсіндіру ықтималдылығында кез-келген өнер шығармасының мәні жатыр). Концептуалды акпаратты тұтас мәтін көлемінде ғана сезінуге (түсінуге) болады.

Мазмұндық-концептуалды акпараттың толық болмаса да эпиграф пен эпилогта ашылуы жи ұшырасады.

Бұл жерде біз И. Р. Гальпериннің аныктамасын келтіреміз: «мазмұндық-астарлы акпарат дегеніміз – тіл бірліктерінің ассоциативті және бағалаушы мағына тудыра алу қабілетіне, сондай-ак курделі фразалық тұтастыққа кіретін сөйлемдердің мәнін өзгерту қабілетіне орай мазмұндық-фактуалды акпараттан алынатын жасырын акпарат».

Астарлы акпаратқа пресуппозиция, символ, ассоциативті және жағдаяттық астарлы мәтін, импликация, контрапункт жатады.

Пресуппозиция (лат. *prae-alda*, бұрын және *suppositio*-болжау, презумпция) – сөйлем мазмұн түрғысынан аномалды немесе сол kontekste сыйымсыз сияқты қабылданбауы үшін ақиқатты болуға тиіс ой компонентін білдіретін термин. Мысалы, «Қанат Астананың Қазақстанның бас қаласы екенін біледі» аномалды ретінде түсініледі, себебі оның мағынасына пресуппозиция ретінде «Астана – Қазақстанның астанасы» жалған пайымдау еніп тұр.

Басқаша айтқанда, пресуппозиция-сөйлем мағынасының барабар түсінілуіне қол жеткізетін шарт.

Символ (грекше *symbolon* – белгі, танымдық нышан) – пайымдау түрғысынан көркем бейненің сипаты, онымен көркем

и деңгээлийн айтылуы. Аллегориядан айырмашылығы символ миңынасын оның бейнелік құрылымынан бөліп алуға болмайды.

Символ-санамызда тұрақталған белгінің белгісі, символ эксплицитті.

В. А. Кухаренконың пікірінше, белгілі бір жағдайларда көркем сейлеуде көркемдік деталь, яғни үлкенді кіші, тұтасты өзиншек арқылы көрсету көркемдік символ бола алады, метонимия мен синекдохадан айырмашылығы детальдарда сейлеудің тұра мәні қолданылады [13].

Көркемдік символ:

а) ұғым мен оның нақты репрезентанттарының арасындағы метонимикалық қатынастарды білдіруші ретінде корінеді. Метонимикалық символикаға мысал: «Қылыштан соқа жасаймыз» («Перекуем мечи на орала»), мұнда символ мен ұтас ұғымның арасындағы қатынас нақты әрі тұракты, реципиент тарарапынан ой жүгіртуді қажет етпейді. Символдың мұндай типі «символ-метонимия» деп аталады;

ә) символдың екінші типі «символ-ұқсасу» (символ-уподобление) деп аталады, себебі ол біреуінің мазмұнын іүсіндіру үшін екі не одан да көп түрлі текті құбылыстарды ұқсастырумен байланысты. Мұндай символ шығарманың іакырыбы ретінде жиі көрініс табады;

б) белгілі бір жағдайларда деталь символға айналады. Деталь мен ол білдіретін ұғымның арасындағы байланыстың, тосындылығы оны білдіретін сөйлеудердің сол мәтін шегінде бірнеше рет қайталанылуы – қажетті жағдайлар болып табылады. Басқаша айтқанда, деталь-символ өзінің ұғыммен байланысының бастапкы экспликациясын қажет етеді және мәтінде ұқсас жағдайда бірнеше рет қайталануы себепті символ құрайды. Мысалы, бақытсыздық символы Э.Хемингуэйдің «Прощай, оружие!» романында жаңбыр, «Снега Килиманджаро» да – корқау қасқыр.

Қазіргі мәтін лингвистикасында импликация мен астарлы мәтіннің бір мәнді түсініктемесі жоқ. Біреулерінде импликация астарлы мәтінмен ұқсастырылса, екіншісінде ұқсастырылмайды.

Импликация(латынның *implico*-тығыз байланыстырамын) – «егер ... онда» оралымының жуық логикалық эквиваленті, сол оралымның логикалық касиетін құрастыруши операция.

Импликация ойлаған нәрсені аян, сондыктан қалдырып кетуге болады деп топшылайды. Бұл жағынан импликация пресуппозицияға жақындасады.

Импликация-айтылымда сырткы астарлы мәтін аталатын мазмұнды айтпай тастап кету. Эллипсистен импликация контекст шенберінің қеңдігімен, қосымша акпаратқа ие болуымен (эллипсис тек компрессия жасайды, бір мәнді ғана қалпына келтіреді) ерекшеленеді.

И. Р. Гальперин мазмұндық-астарлы акпараттың жағдаяттық және ассоциативті түрін бөледі.

Жағдаяттық мазмұндық-астарлы акпарат көлемді повестерде, романдарда жазылған фактілермен, оқигалармен байланысты туады. Жағдаятты астарлы мәтін тарихи немесе әдеби болуы мүмкін, яғни оқырманның есіне прецедентті немесе тарихи фактілерді, оқигаларды түсіреді. Жағдаятты (кейде ассоциативті де) астарлы мәтін құралдарының бірі аллюзия (фр. *allusion* – әзіл, ым-ишара, кекесін) – мәтіннің адресатқа белгілі өткендегі немесе әдеби шығармалардағы сөздермен, тұракты сөйлеу тіркестерімен шендерсетін стилистикалық фигура. Ол мәтінді барабар түсінуге септігін тигізеді, бұл тұрғыда импликациямен жақындасады.

Ассоциативті мазмұндық-астарлы акпарат - бұрын айтылған фактілермен байланысты емес, айтылған жайды жинақталған, жеке өзіміздің немесе коғамдық тәжірибемен байланыстыратын әдетімізден туады, жағдаяттықка қарағанда айқын емес, бұлынғыр. Ассоциативті астарлы акпарат сезімімізben, өмірлік тәжірибемізben, дәмді, иісті сезінуімізben, естуімізben және т.с.с. байланысты.

Мазмұндық-астарлы акпарат негізінде болмысты бірнеше тұрғыдан параллельді немесе өзара байланысты әр түрлі хабарларды бір мезгілде қабылдау жатыр. Оқырманға вербалды айтылмаған әлдебір хабар үшырасады.

И. Р. Гальпериннің пікірінше, «астарлы мәтін» мен «мағынаны өршіту» (приращение смысла) ұғымдары жақын болғанмен ұқсас емес. Мағынаны өршіту өздігінен туады: ол күрделі фразалық тұтастықтың лексикалық, синтаксистік, композициялық ерекшеліктерінің өткерілу үдерісінде пайдалады, ал астарлы мәтін вербальды айтылуға байланысты. Оны мәтін тудыруши жоспарлайды. Астарлы мәтін поэтикалық шығармаларда айқынырақ байқалады. Астарлы мәтін-турлі құрылымдық ерекшеліктерінің, сөйлемдердің өзінше байланысуының, тілдік фактілер символикасының аркасында сойлемдердің қосымша мағына тудыратын қабілетінен шығатын лингвистикалық құбылыс. Тура және астарлы мәтін «такырып-рема» катысында тұрады: тура-такырып (болғандық, шындық), астарлы мәтін-рема (жаңа). Астарлы мәтін ашық көрінбейді, бір оқығанда назарға ілінбейді, тек бірнеше рет қайталап оқығанда ғана мазмұндық-фактуалды ақпарат арқылы байқала бастайды.

Астарлы мәтін контрапунктке ұқсағанмен барабар емес.

Астарлы мәтін-ақпараттың мазмұндық-фактуалды және мазмұндық - концептуалды қырларының арасындағы диалог іспетті.

Астарлы мәтіннің сипаттамасының бірі – айқын айтылмауы.

Мазмұндық-концептуалды ақпараттан айырмашылығы астарлы мәтін накты сөйлемде немесе күрделі фразалық тұтастықта, ал мазмұндық-концептуалды ақпарат тек тұғас мәтінде байқалады.

Астарлы мәтінді қабылдау оқырманның тезаурусына катысты. Тезаурус неғұрлым бай болса, оқырманның мәтінді аналитикалық қабылдау қабілеті солғұрлым дамып, айтылмаған, астарлы ойды нактырақ түсінеді.

Автордың айтылып (жазылып) отырған жайға көзкарасы үйіқалатындықтан, астарлы мәтін субъективті бағалау болуы мүмкін, бұл жағынан ол модальділік категориясымен ұштасып жатады.

12 Мәтіндегі уақыт пен кеңістік категориялары

12.1 Кеңістік континиум және оны мәтінде өткеру құралдары.

Мәтіннің логикалық түзімі, оның құрылымы уақыт пен кеңістік сияқты категориялармен ұйымдастырылады.

Континиум (лат. continuum-толассыз, жаппай) – уақыт пен кеңістіктегі қозғалыстың толассыз ағымы. Уақыт пен кеңістік – бүкіл материалдық дүниенің әмбебап қасиеті, құбылыстар әлемі болуының кажетті шарты. Мәтін ақиқаттың және белгілі бір катынас жағдайының үзігі ретінде онсыз болмайды.

Континиум – мәтін категориясы. Континуум сөйлемде өткеріле алмайды, себебі сөйлемде ой дамымайды. Осы мағынада сөйлем статикалық құбылыс, оны шартты түрде фильмнің кадрымен тенестіруге болады. Тіпті «Ол белгіленген мақсат бағыты бойынша баяу жылжи бастайды», -деген сөйлемнің өзінде қозғалыс бөлігін көруге болғанмен, онда континуум жоқ.

Континиум мәтіннің грамматикалық категориясы – когезия (байласым) мен үзілістің синтезі сияқты. Уақыт және кеңістік континуумдарын оқиғалар континуумы ретінде де белгілеуге болады.

Мәтінде уақыт қозғалысы бір желілі және бір бағытты болмайды.

Мәтін лингвистикасында мәтіндік уақыттың үш темпоральдық негізі болады: объективті (күнтізбелік), концептуальдық (окиға) және перцептуальды немесе перцептивті (эмоциялық-экспрессивті). Көркем мәтіндерде тағы көркемдік уақыт бөлінеді.

Объективті (күнтізбелік), табиғи, объективті жылжитын уақыт – мәтінге қатысты сыртқы, бір бағыттағы қайтарылмайтын уақыт. Ол – гносеологиялық-когнитивтілікпен, сезінумен, адамзат түсінігіндегі объективті уақытты реттеумен байланысты физикалық категория.

Мәтін өзінің жеке уақыты бар, кәдімгі материалдық объект (кітап, қолжазба) сиякты шынайы кеңістік пен уақытта омир сүреді. Басқа материалдық объектілердің жеке уақытының өткестіні (кітап беттері сарғайып, жыртылады, суреттердің бояуы көтеді) сиякты оның да бітептін уақыты бар, алайда сойлеу тұмындысы ретінде мәтін үшін ол онша маңызды емес.

Оқиғалы (концептуальды, лат. conceptio-қабылдау) уақыт (маттіннің мазмұнын құрайтын оқиғалар жайлы айтылып отыр) – пактылықты талдау негізінде шығарылған идеалды тіршілік існегейінде шынайы уақыттың көрінісі, әлдебір құбылысқа қозқарас жүйесі, әлденені түсіну, суретшінің, ақынның, ғалымның жалпы ой толғауы.

Объективті және концептуалды уақыттың айырмашылығы – есептеу уақыты мен экстралингвистикалық шындықпен түрліше шендесуінде, яғни автордың оқиғаның озінен бөлек шынайылық құбылысын зерттеу қызметінің мотінде көрініс табуды.

Түрлі типті мәтіндерге – іс қағаздарына, хаттарға және 1.б. енетін шынайы уақыт туралы түсінігіміз бен ұғымымыз шынайы уақыттың тікелей көрінісі болып табылады.

Оқиғалы уақыт оқиғаның басында не даму барысының әлдебір сәтінде хронологиялық негізге тірелуі мүмкін, бірақ бұл мәтін құрастырудың міндепті шарты емес. Бір мезгілдік пен түрлі мезгілдік, өткен мен келешек тұрғысында мәтіннің барлық предикаттарының релятивті, такsistік байланысы сөзсіз шарт болып табылады.

Уақыттың базалық құрастыруышы категориялары (темперальды көрсеткіштер) – уақыт мәнін тікелей жеткізетін сөздер мен сөз тіркестері: уақыт, жыл, маусым, ғасыр, жаз, күн, сағат, жазмыш, сәт, кеше, келешек, соғыс кезіндегі. б. сол сиякты датаны білдіретін сөз тіркестері.

Жанама уақыт көрсеткіштері: тарихи тұлғалардың есімдері, тарихи реалийлердің, соның ішінде белгілі бір дәуірмен байланысты тұрмыс заттарының атаулары, дәйексөздер.

Окиғалы уақыттың мәтінде тек уақыт өлшемімен емес баска да тіл бірліктерімен айтылуы мүмкін.

Мәтінде «уақыттан тыс» көріністің болуы да мүмкін. Ондай жағдайда «уақыттан тыс» мағына осы шақтың грамматикалық формалары арқылы беріледі.

Г. А. Золотова, Н. К. Онипиенко, М. Ю. Сидорова сөздің коммуникативтік регистрлерін (репродуктивті, информативті, генеритивті) сипаттағанда белгілі бір регистрге тән уақыттың белгілеу мен жеткізу тәсілдерін аныктайды.

Мәселен, **репродуктивті регистрде** айтушы тікелей байқағанын көрсетеді: уақыт-өзекті, осы, өткен және келер шакта.

Информативтік регистр бірынғай үдерістің накты ұзактығынан ауытқыған фактілер, окиғалар, касиеттер туралы хабар ұсынады. Бұл-тікелей бакылаудың емес, не жанама бакылау нәтижесінде, не ойлау операцияларының нәтижесінде алынған білім.

Генеритивті регистрде «уақыттан тыс» және «уақыт бойғы» іс-әрекет касиеттерді, қабілеттерді, сипаттаманы айту тәсіліне айналады.

«Бакылау орнын» болып жаткан жайға қарай өзгерте отырып, айтушы түрлі регистрлердің сөз бірліктерін құрайды. Оларды біріктіріп, мәтіннің кеңістік-уақыт көлемділігін, **окиға уақытын** жасайды.

Мәтінде автор шығармасында **шынайы уақыт** оның субъективті қабылдауы арқылы көрініс табады, яғни шынайы уақыт шынайы ақиқатты қабылдаумен байланысты **перцептуалды уақытпен** бірігеді. Бұл уақытты сондай-ак негізінде эмоция болғандықтық **эмотивті** деп те атайды. Осыдан келіп адамның қабылдауында шынайы уақыт объективті барысының бірде баяу, бірде жылдам жылжуы мүмкін.

Перцептуалды (перцептивті) уақыт айтушының (жазушының) мәтін окиғаларына катысты уақыт пен кеңістікке шынайы немесе ойша позициясын танытады (лат.receptio – қабылдау).

Айтушының рөлін көріністі әр түстан түсіріп алуга
тұрылатын оператордың рөлімен, соған қоса кадрларды іріктең,
Күзетшіраратын режиссердің рөлімен салыстыруға болады.

«Коммуникативная грамматика русского языка»
жарылыштың авторлары атап өткендей, әлемде болып жаткан
жарылудағы оқиғаны тілде үш тәсілмен суреттеуге болады:

1) жалпы перцептивті – «Ол беттерді парактады»; «Маша
мининкамен жазып отыр»; «Күзетшілер қылыштарын ұстады».

2) жеке перцептивті – «Ол беттерді сыйбырлатты»; «Маша
мининканы тықылдатты»; «Күзетшілер қылыштарын
сыйбырлатты» (іс-кимыл номинациясына есту компоненті
бапташ алынған);

3) интерпретациялық – «Ол беттердің арасынан хатты
тәсіл бастады»; «Маша дипломын жазып бітірейін деп жатыр»;
«Күзетшілер корғануға дайындалуда» (іс-кимылды айтушы білу
үшін интерпретациялаған-мақсатты компонент бөлініп
шыныған).

Перцептуалдылық дәрежесі ғылыми, іс мәтіндерінде
минималды, көркем мәтіндерде максималды болады,
соныңында перцептуалды уақыт жеке уақытпен қосылып, жаңа
құбылысты –көркем уақытты тудырады.

12.2 Шынайы, концептуалды, көркем уақыт.

Көркем уақыт-сюжеттің, бейнеленген құбылыстардың
омір сүру формасы, шынайы, перцептуалды және жеке
уақыттардың өзінше араласқанын сипаттайтын әлемді танудың
ерекше формасы. Көркем және шынайы уақытты бейнелеудегі
шынырмашылық объективті шынайылық пен ирреальность
(шарттылық) бейнесі үйлескен көркем шынайылық әлемінің
ерекше табиғатының көрсеткіші болып табылады.

Көркем мәтіндердегі уақыт континуумының дәлдігі
кеністіктеңіге қарағанда шамалы. Оқырманға келешектен өткен
шак жақын, автордың арқасында ол көркем шығармада бізге
жақындей түседі (осы және келер шак етістіктерінің араласуы).

Көркем мәтін континуумы әдетте оқиғалардың шынайы
сабактастығының бұзылуына негізделеді, яғни баяндау

желісінің сакталуы міндегі емес. Баяндауда уақыт жоспарларының араласып кетуі мәтін үзінділерінің мүшеленуін анықтайды. Уақыт пен кеңістік жағынан оқиғалар байланысы неғұрлым шимай-шатпак болса, шығарманың мазмұндық-концептуалдық акпаратының өзін түсіну соншалықты киынға туседі.

Мәтіндік уақыттың **синхронды** және **диахронды** аспектілері бар. Мағыналық акцент бірінші жағдайда «кашан болған» және «қаншаға созылды» ұғымдарымен, екіншісінде – уақыт катынасындағы сабактастық немесе реттілік ұғымдарымен (яғни мәтіндегі логикалық ұғыммен) байланысты.

Кеңістік континуумы уақыт континуумымен тығыз байланысты. Мұнда субъекттің қабылдауы арқылы өтетін шынайы әлемді көрсететін объективті кеңістікті бөліп алуға болады, сонымен катар кеңістік сипаттарды өзінде кеңістік табигаты жок ұғымдарға телуге болады, яғни мәтіндік кеңістіктің басқа түрлері – концептуалдық, психологиялық, әлеуметтік түрлері туралы айтуға болады.

Сондай-ақ жеке түрлерге ие (роман-эпикалық хронотоптар, мифопоэтикалық кеңістік) **көркемдік кеңістік** бар. Материалдық құбылысты көрсететіндіктен мәтінде **шынайы кеңістік** те болады.

Кеңістік жүйесінде бастапқы нұкте болып табылатын сөйлеу субъектісіне катысты әлдебір «осында» нұктесі «казір» темпоралдық нұктесімен үйлесіп, мәтіндік хронотоптың **«мен-осында-казір»** бастапқы антропоцентрлік пунктін құрайды.

Тілдегі локалдылық (лат.*locahs*-жергілікті) өрісінің базалық бірліктері –кеңістік дейксисінің құралдары. Оған кіретіндер:

а) объективтің жекелеген бөліктерінің, оның жақтарының объективтің өзіне катынасының абстракциясы болып табылатын арнайы семантикалы семантикалы сөздері: *iisi*, *устіңгі жағы*, *усті*, *асты*, *жасы*;

ә) категориялық лексикалық бірліктер: *мекен*, *кеңістік*;

б) локалды семантикалы түрлі сөз таптарының басқа сөздері: *болу*, *кең*, *атыс*; кеңістік мәндегі предлогтар: *асты*,

тәріл мәңы, топонимдер мен географиялық терминдер. Бұған перифериялық семалы локалдылық сөздерін, оның ішінде бүкіл ишкі-заттық лексиканы, локалды семалы коннотация сөздерін: көпір жалқы есімдерді, экзотизмдерді жатқызуға болады.

Кеңістік категориясының өзі бір мәнді болмағандықтан оған түрлі семантикалық өрістердің бірліктері енеді. Мәселен, кеңістік өрісін идеографиялық жіктегендеге оған әдетте мынадай ғонитамалар кіргізіледі:

- кеңістік шекаралары – *шекара, шек* (қаланың *шегі*), *шіке, шеңбер*;
- шектелген кеңістік – *жол, куре жол, алаң*;
- кеңістікте болу – *жатуу, отыру, тұру*;
- кеңістікте болу локализациясы – *солда, арттан, шыңда, қасында, жсанында, атыста*.
- жағдайды өзгерту-*құлау, көтерілу, тұру*
- бағыт-*көру, шыгу*
- қашықтық-*қашық, атыс, жақын*;
- кеңістік координаттары-*бүйір, жоғары, төмен, орта, оң жақ, сол жақ*.

Темпоралдылық сиякты локалдылық та статикалық және динамикалық болуы мүмкін, оларды ажырату үшін етістіктер семантикасы маңызды. Статикалы локалды көріністі беру үшін әкзистенциалды етістіктер мен кеңістік локализациясын білдіретін етістіктер, локалды динамиканы беру кезінде – орын алмастыру етістіктері колданылады.

Радио сейлеп тұр; сағат тілі алға кетіп қалыпты; толқын көтерілген-әкзистенциалды (функцивті) етістіктер;

Ол ауырып жатыр. Балалар өсіп келеді. Ол темекі шегіп, кешкілікте газет оқиды-статикалық етістіктер (статуалды);

Ол жүтіріп келеді. Балалар жолға шықты-орын ауыстыру етістіктері (акционалды).

Жай сәйлемнің мекен-жай көрсеткіштері мен сәйкес семантикалы бағыныңқы сәйлемдер кеңістік айқындылығы мен кеңістік байланыстарын жеткізуде грамматикалық (логикалық) сипаттағы тіл құралдары болып қызмет етеді.

Дүниеде бар көністік катынастар әлемнің тілдік суретінде тілдің әр деңгейлі құралдарының – көністік лексикасының локалды мәнді арнайы морфологиялық формалардың синтаксистік құрылымының көмегімен өзінше үйгарылады.

Уақыт континуума нарағанда көністік континуумы көркем мәтіндерде нактырақ болады. Оқиға орнының географиялық атауы мен сол жердің сипаттамасы көбінес шынайы көрсетіледі. Дегенмен көркем суреттеуде көністік нактылығы уақыт нактылығы тәрізді шартты ғана Индивидумдар уақытта емес көністіктеге накты, яғни адамның бір орында әр кезде болуы мүмкін, бірақ, бір мезгілде әр орында бола алмайды, демек уақыт пен көністіктің әлдебір асиметриясы бар.

Біздің сезім мүшелеріміз қабылдайтын үш өлшемді көністіктің көп өлшемді болуы мүмкін, ол сабактаса (сабактаспай да) суреттеген оқиға әлеміне қарай тарылуға да, кенеюге де қабілетті, бір орынға байланып қалса да, өзіне әлдебір шарттылық (баяғыда бір патшалықта) енгізіп отырады.

Көністік категориясы мәтінді белгілі жағдайдың оның өтуі емес, оның бірынғай уақыт түрғысында дамуымен шенdestіреді. Көркем көністік шынайы көністіктен, көркем уақыт шынайы уақыттан айрықша болғаны сиякты ажырайды.

Шынайы уақыт **жаһандық**, үзіліссіз және **белшекті**. Көркемдік осыларға коса нактылықты тудырады. Концептуалдық көністіктен көркем көністіктің айырмасы – ешқашан дерлік абстрактылы болмайды, орталыққа (орталық дегеніміз тұтас мәтін субъектісі, авторы, шекарасын олар белгілейді) катысты белгілі бір шекарасы не бағдары бар.

Көркем мәтін ауызекі сөйлесу мәтінінен көністік категориясының мақсаттылығымен ерекшеленеді: ол шынайы жағдайдан тумайды, автор ойының құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады.

Көркем көністікке шектеу жоқ. Объективті шексіз көністікті көзben шолуға болса, объективті шағын көністік ұланғайыр жазираға айналады; кез-келген көністік ашық не жабық

Борстіледі, өзінде кеңістік табиғаты жок ұғымдардың кеңістік мәндерін жасауы ықтимал.

Орынды тәптіштеп, әңгіме үзінділерін қоса отырып, жаңалықты сипаттау көріністі ұлғайтады. Жалпыламадан қомактыға, әмбапсыздықтан нақты анықтылыққа көшу мәтіннің құрылым-мазмұндық үзінділерінің шекараларын білдіріп, тақырыптың онындауды жақындалатады.

Етістіктің сөз өзгертуші формаларымен айтылатын (грамматикалы) уақыт категориясы реляциялық сипатта – окиға үақытының айтылып отырған сәтке қатысын білдіреді. Мезгіл мен мекен пысықтауышы («осында», «анд»), «енді» сияқты мекен үстеулерінен басқасы) керісінше номинативті сипатта – олар суретtelген окиғаның орнын немесе үақытын, яғни объективті уақыт пен окиға орнын айтады.

Мәтінді құрастыру түрғысынан автосемантикалық және сипсемантикалық мезгіл мен мекен пысықтауыштарын ажырату мүмкін.

Автосемантикалық пысықтауыштар окиғаның нақты қатасын немесе нақты географиялық орнын атап, абсолютті мәнге ие, оған контекске сүйенудің кажеті жок. Сипсемантикалық пысықтауыштар реляциялық мәнге ие-олар міндетті есеп нүктесіне қатысты үақытты не орынды білдіреді және ондай қатыссыз түсінікті болмайды.

12.3 Мәтіндегі ретроспекция мен проспекция.

Ретроспекция (лат. «артқа карау») мен проспекция (лат. «алға карау» – дисконтинуумның (лат. «үзілісті»), ең алдымен үақыт дисконтинуумының формасы. Ретроспекцияның арқасында оқырман «уақыттар байланысына» ене алады. Мәтіндердің көпшілігінде ретроспекция мен проспекция имплицитті көрінеді, яғни не бұрын айтылғанға немесе не туралы айтылатынды жорамалдауға негізделеді. Ретроспекция мазмұндық-фактуалды ақпараттан туып, мәтіннің когезиясына (байласымына) қатысады.

Автордың прагматикалық ұстанымына қарай ретроспекция мәтінде үш түрлі көрінеді:

- оқырман жадында бұрынғы мәліметтерді немесе өткенге қатысты, бірақ алдағы әңгіме барысын түсінуге қажетті жаңа хабарларды жаңғырту;
- осы мәліметтер жана жағдайда, айтылғанды ескерс отырып, басқа контексте ой елегінен өткізу мүмкіндігі;
- мәтіннің мазмұндық-концептуалды акпаратқа тікелей қатысты жекелеген бөліктерін өзектендіру.

Мәтінді қайталай және бірнеше рет оқығанда ретроспекция әсерлі кабылданады. Әр мәтін ретроспекцияға негізделген, себебі бұрын алынған акпаратты есте сактамай, акпаратты сабактастыра жинақтау мүмкін емес. Оқырманның есіне өзекті болуға тиіс жайды түсіру автордың құзыретінде.

Ретроспекция субъективті-оқырмандық және объективті-авторлық болуы мүмкін, яғни баяндау континуумының жеке шығармашылық қабылдануының нәтижесі немесе автордың мәтіннің алдынғы бөлімдеріне сілтеме жасауының нәтижесі: не оқығанына оқырманның өзі ойша оралады, субъективті (бір оқырман ойша оралса, екіншісі оралмайды), не оны өткенге автор «есінізде болар», «ұмытпаған шығарсыз» деген сиякты сөздермен оралтып отырады.

Ретроспекция түрлі тәсілдермен өткөріледі, солардың ішінде қайталау ерекше орын алады. Ретроспекцияның өзі де баяндау желісін баюлататын ой қайталауы, баяндау барысындағы үзіліс. Ретроспекцияның мәні баяндаудағы уақытша үзіліспен ынтықтыруында, яғни мәтінге өткендегі, қазіргі, белгілі бір жағдайда келешектегі көзкараспен қарауға мәжбурлайды.

Ретроспекция – парадигматикалық тұғырдағы үдеріс.

Мәтін түрі ретінде репроспекция сөз сонында (қорытындыда, эпилогта) айтылады. Оқырманның назарын негізгі мәтінде айтылған ең маңызды эпизодтарға, окигаларға, фактілерге аударады.

Проспекция мәтін категориясы ретінде мазмұндық-фактуалды акпаратты мәтіннің келесі бөлімдерінде айтылатындарға үштастырудың түрлі тілдік формаларын біріктіреді. Проспекцияның сөздік белгілері: *алдын-ата*

шынырымыз, төменде көрсетілгендей, бірнеше күннен соң онда шынырын білмеген-ди, ... біліп, қайран қалады, кейін айтылады т.с.с.

Ретроспекция тәрізді проспекция да оқырманның оқиғалар мен эпизодтардың байланысы мен шарттылығын аныкынырақ сезінуіне, мазмұндық-концептуалды ақпаратта перенос речи в тексте бойлауына мүмкіндік береді.

Проспекция – тек көркем мәтіннің емес, ғылыми мәтіннің де категориясы (дәріс жоспарында айтылатын, кейін айтылатында, ... туралы кейін айтамыз т.б.).

13 Мәтінді бөлшектеу, оның композициялық бөлімдері

13.1 Мәтінді көлемдік-прагматикалық бөлшектеу.

Мәтіндерді микромәтіндерге – аныктамаға, жеделхатқа, ізмет мақаласына, хатка және макромәтінге – бірнеше томнан ғұратын романға, алғысөз және түйіні жазылған кітаптарға бөлшектеуден өзге бөлшектеудің тағы екі түрге:

- а) көлемдік-прагматикалық;
- ә) контекстік-варианттық түрге бөледі.

Мәтінді бөлшектеу негізгі және факультативті, объективті және субъективті болуы мүмкін.

Мәтінді объективті **көлемдік–прагматикалық** бөлшектегендे мынадай негізгі бірліктерге бөлінеді: тақырып, бастамасы; мәтіннің ен ірі бірлігі-том немесе кітап; одан әрі болім, тарау, тарауша, отбивка, абзац, күрделі фразалық тұтастық, күрделі синтаксистік тұтастық болып бөлінеді.

Күрделі фразалық тұтастық – мәтіннің ен кіші бірлігі.

Н.А. Купина одан да кіші мәтін бірлігін – сөйлемді бөледі. Оның көзкарасынша, мәтін бірліктері – сөйлем, күрделі синтаксистік тұтастық, фрагмент, болім, параграф, тарау, том.

Н.А. Купина сондай-ақ мәтін бірліктерінен бөлек мәтінді талдау бірліктерін бөліп, оған мәтіннің дербес бірліктерін (сөйлем, күрделі синтаксистік тұтастық және т.б.), мәтіннің дербес емес бірліктерін (аллофон, морф, сөз, сөз тіркесі), сол

сияқты мәтіннің композициялық-графикалық бірліктерін (екпін, интонация, жол, шумак, т.б.) жатқызады.

Көлемдік-прагматикалық бөлшектеуде композициялық блоктарды бөліп алғып, оларды сипаттағанда мәтінішілік бөлшектеуге, атап айтқанда, такырыпқа, кіріспеге (кіріспе, бастама, экспозиция), бірнеше блоктан тұратын негізгі бөлімге және аяқталуына (корытындысы) назар аударылады.

Пролог (андатпа) – көркем шығарма түрлерінің бірінсі алғысөз іспетті, алайда алғысөз бен кіріспеден айрықша өз ерекшеліктері бар. Көбінесе ретроспективтік және перспективтік бағытқа ие. Ретроспективтік тұрғыда прологта шығарманың мазмұнын толығырақ ашуға қажетті күбылыстар, фактілер, жағдайлар сипатталады.

Проспективтік тұрғыда пролог авторға оқырманды шығарма идеясын дұрыс түсінуге икемдеуіне мүмкіндік береді. Пролог мәтіннің жаңа критерийлері мен сипаттамасын ұсынады. Ең алдымен, мәтіннің бұл бөлімінің баяндаудың өзімен органикалық байланыста болмауы да мүмкін.

Пролог кейде негізгі мәтіннен уақыттан, сол сияқты кеңістіктен тыс параметр ретінде алишактайды. Екінші жағынан, пролог шынында мәтіннің негізгі мазмұнына кіріспе болуы мүмкін. Оқырманның назары негізгі мәтінде сипатталған оқиганың өзіне емес, шығарманың қалай туғанына ауады.

Алғысөздің, кіріспенің, прологтың проспективтік сипаты олардың векторлық бағытында байқалады. Оқырман шығарманың негізгі мәтінін алдын ала біліп отырады. Осылайша, мәтін алғы сөзі мазмұндық-концептуалды ақпаратта жеке-шығармашылық пайымдауды белгілі бір дәрежеде шектейді.

Векторлық бағыт әсіресе ғылыми мәтіндерде айқын көрінеді (*Монографияның осы томына үш бөлім еніп отыр. Бірінші бөлімде ... , екінші бөлімде... , ушінші бөлімде... . Демек, ... деуге болады*). Бұл сөйлемдерден проспекцияны байқау киын емес.

Эпилог мәтіннің бөлігі ретінде романның мазмұндық-концептуалды ақпаратын ашады: эпилогсыз роман өзінің басты

Ол тарынан, өзінің дәуірлік мазмұнынан айырылады, алайда мәтінде эпилог үнемі бола бермейді.

Соңғы сөз, әдетте, мәтіннен тыс тұрады, предициялық функцияға ие. Мазұнда-концептуалды акпарат осында өзінің эксплициттік айтылымын табады. Соңғы сөз акпаратты көсиптескі түрде беруге арналған. Ол бүкіл мәтіннің интеграция функциясын аткарып, аяқталғандық категориясының нақты формаларының үні болып табылады.

Автосемантия алғысөздің, кіріспенің, прологтың (соңғы соң бен прологтың да) мәтіндік сипаттамасы болып табылады. Оларды шартты түрде мәтін алды және мәтін соны деп бөлуге болады. Оның үстіне олар бір бүтіннің бөлшектері: шығарманың оның алғы сөз де, сөз соны да болмайды.

И. Р. Гальперин мәтінде онымен тікелей байланысты немесе фрагменттердің пайда болу ықтималдылығын мәтін үзіндісінің автосемантиясы деп түсіндіреді.

И. Р. Гальперин микрошегіністерді (сентенция) немесе авторлық шегіністерді автосемантикалық деп есептейді[10].

Л. М. Лосева мәтіннің автосемантикалық үзінділерін «еркін сөйлемдер» деп атап, оларды негізінен күрделі синтаксистік тұтастық шенберінен тыс бөледі[14].

Т. В. Матвеева «мәтін үзінділерінің автосемантиясы» терминінің орнына «мәтіндегі мәтінді», мәтіннің негізгі тұлғасымен ассоциациялы байланыста болып, автордың мәтіннің негізгі логикалық желісінен ауытқу құқығының откерілуін көрсететін фрагментті танытатын «ерекше композициялық блок» ұфымын пайдаланады.

13.2 Күрделі фразалық тұтастық және абзац.

Күрделі фразалық тұтастыктың және «еркін сөйлемдердің» тәуелсіздігі лексикалық, грамматикалық және мазмұндық қырларынан қарастырылуы мүмкін:

- логикалық қырынан мәтін үзінділерінің тәуелсіздігі өзін әлдебір сөздер мен сөз тіркестерінің сөзбе-сөз немесе синонимді қайталаңбауынан көрсетеді;

- грамматикалық · кырынан дейктикалық элементтердің болмауымен және абзац күрілымының бір типтілігінің бұзылуынан байқалады;
- мазмұндық кырынан автосемантия сентенция және басқа жинақталған айтылым формалары түрінде көрінеді.

Күрделі фразалық тұгастықтың тәуелсіздігі түрлі стильдерде, түрлі жанрларда түрліше байқалады. Мәтінді объективті бөлшектеудің негізінде хабардың, мысалы, ғылыми, іскерлік, газет мәтіндерінде логикалық ұйымдастырылуды көрінеді.

Дипломатиялық құжаттарда (пактілерде, шарттарда, меморандумдарда, т.б.), заңдар мен қаулыларда бөлшектеудің ерекше түрі байқалады. Онда цифрлық және әріптік көрсеткіштер жиі кездеседі.

Сонеттердің эпиграммалық жолдары, мысалдардың моралі, «көріністер», «мәлімдемелер», ұлы шешендердің сезінен жекелеген үзінділер автосемантияның белгілі бір дәрежесіне ие. Ондай сездер шағын мәтін іспетті.

Құрылымы жағынан бір не бірнеше сөйлемнен тұратын дәйексөз (цитата) сиякты мәтін үзіндісі ерекше автосемантияға ие. Мазмұн тұрғысында дәйексөз контекспен тіркескең, бірақ байланысты емес, ретроспективтік және проспективтік сипатка ие бола алады.

Мәтінді көлемдік-прагматикалық бөлшектеу мәтінді бөлудің контексті-вариациялық деп аталатын түрімен тоғысады. Онда сөйлем тудыру актілерінің келесі түрлері анықталады:

а) автор сезі, оған:

1) баяндау;

2) суреттеу (табиғатты, кейіпкердің сыртқы кейпін, жағдайды, окиға орнын, т.б.);

3) автордың ой толғамы (қараңыз: мәтін үзінділерінің автосемантиясы);

ә) бөгде сез:

1) диалогтан (авторлық ремаркалардың кіруімен);

2) цитациядан;

3) өзгелік төл сезден тұрады.

Бөлшектеудің екі түрі өзара байланысты және мазмұндық-концептуалды акпаратты имплицитті ашады.

Контексті-вариациялық бөлшектеуде автордың міндеті сойлем тудыруши актілер формаларын ауыстыруға, мысалы, суреттеуден диалогқа, диалогтан авторлық ой толғамға т.с.с. ауыстыруға саяды. Бұлайша ауыстыру коммуникация жүріп жатқан жағдайды барынша тиянақты суреттеуге ыкпал етіп, акпаратты жеткізу құралдарын ауыстырып отыруға мүмкіндік береді. Бір жағынан, кейіпкерлердің сөйлеу әдібі мазмұндық-концептуалды акпаратта үлкен роль аткарса, екінші жағынан, романның (повестің) сахналық эпизодына кіріп кеткен автордың ой толғамы сол акпаратты елеулі толықтырады. Бұл ой-толғамдардың векторлық бағыты прагматикалық ұстанымға ие.

Түрлі шығарма актілерінің ауысып отыруы негізінен көркем проза мәтіндеріне тән. Баяндау формаларының алмасуының мұндай сан алуандығы баска функциялық стильдің ешқайсысында кездеспейді.

Мәтінді контексті-вариациялық бөлшектеу-окырманды айтылып отырған уакиғаға жақындану құралдарының бірі, ол оны сол оқиғаға қатысқандай етеді. Бұл, әсіресе, авторлық баяндау диалогқа ауысканда ерекше сезіледі. Диалог жанама түрде оқырманға арналып, оны іс-әрекетке тартады. Ескертпе ретінде диалог монологқа карағанда қарқынды, ол оқырманның назарын нениң, қалай айтылғанына аударады. Автордың монолог сезін оқығанда, автор айтылымның формасына емес, мазмұнына назар аударады.

Көркем әдебиетте диалогтың негізгі екі типі бар: суреттеу және драмалық. Суреттеуге салыстырмалы түрде көлемі үлкен, әлдебір окиға, әлдекандай іс-әрекет туралы әнгіме, суреттеу, мінездеме мазмұнындағы дамыған ескертпелер, фактілерді белгілі бір сабактастықта әңгімелу тән. Мұнда кыска ескертпелердің тез ауысуы, олардың карама-қайшы қозғалысы жоқ. Диалогта ой бір бағытта, желілі дамиды. Бір кейіпкердің ескертпесі басқасының ескертпесінің мазмұнын нақтылайды. Ескертпелердің байланыс формалары бір типті-қайта сұрау, қайталау, іліп әкету. Көрші ескертпелерді біріктіре отырып,

байланыстың лексикалық-грамматикалық формалары кеңінен колданылады. Жалпы стилистикалық тұрғыда әдеби тіл нормаларына әдетте толық сәйкестігі, айшықты стилистикалық боямалы элементтердің болмауы, көптеген диалогтарда ауызша айтылған сөз ерекшеліктерін жаңғыртуға ұстаным жок, ескертпелердің монологтық қыры ойдың желісті дамуын алдын ала белгілеп отырады.

Диалогтың драмаландырылған типі драматизмді, шиеленісті, жағдайдың қарама-қайшылығын жеткізуге ұмтылады. Автор диалогты драмаландырады. Мұндай диалогқа эллипсистік, ескертпелердің ықшамдылығы, ауызша сөйлеу ерекшеліктерін – демеуліктерді, одағайларды, модальды сөздерді, фразаны құрау ерекшеліктерін стильдендіру тән. Ауызекі тілден айырмасы – бұл элементтер драмалық көркем диалогта өзектендіріліп, ерекшеленеді, олар кейіпкерлердің сезімін, ойын өзінше жеткізуге, экспрессивті қүшейтуге ықпал етеді (ауызша сөйлегенде мұндай элементтер ыбышармен, дауыстың құбылуымен, бет құбылысымен толығады, әнгімені жазбаша тіркегенде, олар жоғалады). Осындай көркем диалогта авторлық ремаркалар да маңызды роль атқарады.

Мәтінге бөгде сөз ену жағдайын өз сөзі мен оған косылған бөгде сезіді салыстырғанда анықтау онай.

Айтушының адресатка жетізген оқигалар мен фактілер айтушының өз сезінің объектісі болады. Ал айтушы басқаның сезін жеткізе, басқаның айтқаны немесе басқа адамдардың әнгімесі акпарат объектісі болып табылады. Айтушы өзінің немесе адресаттың айтқандарының мазмұны туралы акпаратты адресатка бөгде сөз формасында мәлімдеуі мүмкін.

Бөгде сезіді жеткізу және оны мәтінге косу тәсілдері сан алуан, сейлеудің түрлі функционалдық тәсілдері үшін дифференциалды және әрқайсысының грамматикалық безендіру нормасы бар.

Басқаның сезін жеткізудің ен карапайым тәсілі – оны төл сөз формасында жаңғырту, яғни басқа кісінің айтқанын (жазғанын) сезбе-сөз жеткізу. Мұндайда айтылым (әнгіме) жаңғыртылғанда ештеңе косылмайды. Төл сөз жоғарыда

Суретtelген монологтың немесе диалогтың касиетін сақтайды. Ол сол сөзді айтқан адамның атынан айтылып, оның жеке срекшеліктері мен стилін сақтайды. Автор тек басқаның айтқан сөзін жеткіzetін ескерtedі.

Басқаның сөзін жеткізуін өзге тәсілдері сиякты төл сөзді колдану кейбір функционалдық стильдерде елеулі срекшеліктерімен сипатталады.

Төл сөздің басты екі түрі:

а) көркем емес (ғылыми, публицистік, іскерлік) мотіндерде өзгенің монологтың айтылымдарын келтіру;

ә) көркем шығармаларда кейіпкердің сөзі – көбіне диалог.

Төл сөзді жеткізуде экспрессивтік синтаксис амалдары: сұрақ, таң қалу (восклицация), параллелизм, лексикалық қайталаулар мен қолдау т.с.с.

Төл сөз кейіпкердің ішкі монологын өзінің өзіне арнау созі ретінде баяндаушының іштей сөйлеген сөзін бірінші жактан жеткізе алады.

Төл сөздің бір түрі-таңбаланбаған төл сөз (несобственно прямая речь) – графикалық бөлектенбegen сөз, сөз немесе ой стістігінің көмегімен енгізіледі.

Мысалы: «...Ол үйден шыға ойлаған: акырын ешкімге білдірмей, станцияға тайып тұрамын».

Әдетten тыс – хайуандардың, құстардың, құрт-кұмырскалардың сөзі келтірілсе, төл сөз саласы кенеяді.

Жансыз заттардың төл сөзі кейіпкердің сөзінің қайтalamасы болуы да мүмкін.

Кейіпкерлердің диалогына жансыз заттардың төл сөзінің косылуы мүмкін.

Төл сөзбен берілген жансыз заттың сөзі өлең сөзіне де енеді. Мұндай сөз көбіне автордың ой толғамын білдіру тәсілі болып табылады (мысалы, Мұқағали өлеңдері).

Бөгде сөзді жеткізуін тағы бір аса маңызды тәсілі-төлеу сөз.

Төлеу сөз сөздің синтаксистік құрылымын түбегелі өзгертуді талап етеді, бұл оны төл сөзге катысты қайтalamам, оны өзгертудің жемісі ретінде қарауға негіз болады.

Бөлшектеудің екі типінің құралдары әр түрлі болғанмен мақсаты біреу. Олардың негізінде объективті ақиқатты біздің санамыз қабылдайтындағы етіп, үзінділерді реттеп, ұйымдастырып бөлшектеу жатыр. Көлемді мәтінді тарауларға, бөлімдерге бөлінбegen, баяндау формаларының өзгермеген түрінде көз алдыңызға елестетудің өзі киын. Әскери және басқа жарғылар, зандар жиынтығы, іскерлік күжаттар және өзгелері бұдан шет калмайды.

Барлық дерлік мәтінде көлемдік-прагматикалық бөлшектеуден басқа контексті-вариациялық, сол сиякты алғысөз, цитация, аллюзия, қорытынды, бөтен сөзді жеткізуіндегі жекелеген тәсілдері және басқа шектеулі бөлшектеуді табуға болады.

Көптеген ғалымдар мәтіннің кіші бірлігі деп сөйлемді емес, бірқатар сөйлемді біріктіретін ірірек бірлік – қурделі фразалық тұтастықты есептейді, оның қурделі синтаксистік тұтастық, мәтін компоненті, прозалық шумак, синтаксистік кешен, монологтық айтылым, коммуникативтік блок және басқа осы сиякты синонимдері бар.

Атаулары әртүрлі болғанымен бұл терминдердің мәні біреу – шығарманың ауқымдырақ үзіндісінің құрамdas бөлігі болып табылатын, сөйлемнен ірілеу бірлікті анықтау.

Мәтін шағын формалы (микромәтін) композициялық көзқарас тұрғысынан тақырып қойылатын хабар, газет макаласы, шағын әнгіме т.с.с. болса, қурделі фразалық тұтастықтың тұтас мәтінмен сәйкес келуі мүмкін. Алайда көп жағдайда қурделі фразалық тұтастық мәтіннің ірілеу үзіндісінің құрамdas бөлігінің функциясын аткарады.

«Сөйлем» мен «айтылым» ұғымдарын шектеу керек, себебі бұл ұғымдарды қобінесе ажыратпайды.

Айтылым сөйлеммен тығыз байланысты болса да одан елеулі айырмашылығы бар. Сөйлем – тіл бірлігі, онда әлем үзіндісінің заттық-нышандық бейнесі жинақталып тіркеледі: «Ұл скрипка ойнап отыр», «Қызы жағажайда қыздырынып жатыр».

Сөйлемнен айырмасы – айтылымда сөзді кімнің айтқаны, күнде арналғаны, себебі, мақсаты және басқалары маңызды, яғни іспотативтік функцияға қоса накты коммуникативтік жағдай көріп табады; ал айтылымның өзі – коммуникативтік тұрындағы бірлік, сондыктан контекстке кіріп, пресуппозициялармен және импликациялармен сипатталады; оның айтушының коммуникативтік ниеті (сөйлеу интенциясы), мақсаты, такырып пен ремаға өзекті мүшелеу жүзеге асады.

Айтылымда сөйлемнің лексикалық толығуы мен просодикалық рәсімделу бар; интонация айтылымға тән.

«Айтылым» терминін негізінен сөйлеуге қатысты қоңданатын боламыз. Жазбаша сөзге қатысты сөйлем мен күрделі фразалық тұтастық ұғымдары қалады.

Мәтін лингвистикасы жөніндегі еңбектерде күрделі фразалық тұтастық анықтамалары мейлінше көп, сондыктан жұмыс анықтамасы ретінде мынаны таңдадық: күрделі фразалық тұтастық – ең азы екі сөйлемнен құралған, мағыналық, коммуникативтік және құрылымдық аяқталуымен және штордың хабарға қатысымен сипатталатын синтаксистік бірлік.

Күрделі фразалық тұтастық – күрделі құрылымдық-семантикалық бірлік, оның мәні оны құрайтын дербес сөйлемдердің мағыналарының жай косылууының нәтижесі емес, бұл сапалы жана құрылымдық-мағыналық түзілім.

Қазіргі кезде мәтін төрт тұрғыда зерделенеді:

- семантика тұрғысында,
- прагматика тұрғысында,
- синтаксика тұрғысында,
- функциялық тұрғыда.

Семантикалық тұрғыда бірлікті құрайтын сөйлемдердің мәніне көбірек көңіл аударылады. Дегенмен кейде мәтіннің біркелкі байланыспауы оның логикалық байланыстылығына тенестіріледі. Мәтіннің логикалық байланыстылығы мәтіннің байланыстылығына мұлде барабар емес, себебі мәтінде қарама-қайшылық, сәйкессіздік т.с.с. болады, ал бұл логикалық бірлікке жат.

Прагматика тұрғысында мәтіннің күрделі фразалық тұтастық бөліктерінің сабактастығын анықтауға болады.

Синтаксика тұрғысында екі негізгі бағыт бөлінеді:

а) дербес сөйлемдердің күрделі бірліктерге бірігу тәсілдерін зерделеу жолымен сөйлемнен ірілеу бірліктерді мушелеп, зерттеу;

ә) сөйлемдердің байласымды мәтінде кіргіуін жузеге асыратын тілдік құралдарды тікелей зерделеу.

Дербес сөйлемдерді ірілеу бірліктерге біріктіру тәсілдерін зерделеуге арнаған енбектерде күрделі фразалық тұтастық екі негізгі құрылымдық типке бөлінеді:

а) сөйлемдер бір-бірімен сабактаса кіріккенде, аяқталған сөйлемдер арасындағы тізбекті байланысты прозалық шумактар;

ә) сөйлемдерді өзара салыстыру немесе карсы кою принципі бойынша салыстырғанда, сөйлемдер арасындағы параллельді байланысты прозалық шумактар.

Прозалық шумактардың өзінің құрылымы екі тұрғыда бөлінеді:

а) шумактың ішкі құрылымдық ұйымын танытатын және сөйлемдерді қосудың синтаксистік құралдарымен байланысты өзіндік – синтаксистік;

ә) сыртқы суретін, контурасын, шумағын, ой мен тақырыптың дамуының сипатын анықтайтын композициялық-тақырыптық.

Күрделі фразалық тұтастық әртүрлі типтерінің бар екенін анықтайтын екі фактор: сөйлемнің бірлігін және солардың арасындағы байланыс сипатын құрастыратын түрлер, алайда бұл екі фактор өз кезегінде функциялық стильге, мәтіннің типіне, автордың өзіндік мәнеріне тәуелді.

Л. М. Лосева күрделі фразалық тұтастықты синтаксистік категорияға жатқызды да, ал абзацты мәтіннің мазмұны мен құрылымына тән компонент деп есептейді.

13.3 Дербес сөйлемдер арасындағы байланыстар жиынтығы.

Кез-келген шығармаларға күрылымдық тұтастық, мағыналық бірлік беріп тұратын бірліктер болады. Қай мәтінді алып қарасақ та, басқа сөйлемдер мен не іргелес, не алшак соілланыста тұрмайтын сөйлем кездеспейді. Кейбір жағдайда ол соілланыстар көзге көрініп тұрса, кейде жасырын тұрады. Соңдықтан мәтін тұтастығын дәлелдеу үшін, ең алдымен сөйлемаралық байланыстарды табу керек. Мысалы: 1 Жартас мұнлы. 2 Кәрі қөнілдің қайғылы түріндей жүдеу. 3 Өңкіген тік жартас. 4 Таңертенгі кезде-ақ кардың үйіле түскен қаралы коленкесін көріп, айнадан жүзін көрген дәүдей, кәрі алыптай үңіліп, тұксисіп қарап тұр. 5 Етекте жатқан қазандай жұмыр тастар салак қолмен тәртіпсіз үйілген тендей болып бірінің үстіне бірі үйіліп жатыр. 6 Кәрі аңшы Ақшегердің томағасын жартып, үндемей тасқа үңіліп отыр еді. 7 Бір мезгілде алыстан қағушының айғайы естілді. 8 Ақшегір елең етіп, барлық үлкен деңесі екі ғана отты шегір көз болғандай болып, қызыл тасқа шашылып, қадалып қалды. (М.Ә. Бұркіт аңшылығының суреттері).

Мұндағы 1,2,3,4 сөйлемдер өзара іргелес тығыз байланыста тұр(мұнлы-қайғылы-жартас-тұксисіп қарап тұр-үйіліп жатыр). Ал 6,7,8 сөйлемдер өзара бөлек мәндес (отыр еді-естілді-қадалып қалды).

Бұл үзіндіде, яғни, мәтінде екі түрлі сөйлемдер тобы, екі күрделі синтаксистік тұтастық бар. Біріншісінде жартасқа сипаттама беріледі де, екіншісінде сол жартастың жанында отырған бұркітші мен бұркіт әрекеттері айтылады. Бірінші топка «жартас тұр суреттеме», екінші топка «аңшы әрекеті» деп шағын тақырыптар қоюға болады.

Сонымен, күрделі синтаксистік тұтастық деген не?

- Күрделі синтаксистік тұтастық-мәтін құрамындағы ірі синтаксистік бірліктерін көрсететін бөлімі.
- Күрделі синтаксистік тұтастық-бұл бір тақырыптағы бір-бірімен лексикалық, грамматикалық және интонациялық жақтан іріктелген дербес сөйлемдер тобы.

- Күрделі синтаксистік тұтастық-жазып отырған құбылыстың белгілі бір жағын сипаттайды.
- Күрделі синтаксистік тұтастық ішіндегі сейлемдер іргелес те, алшақ та тұрып байланыса береді.

Күрделі синтаксистік тұтастықтың негізгі типтері Сипаттау мәнді күрделі синтаксистік тұтастық-деп табиға құбылысына, заттарға, кейіпкерлерге т.б. олардың белгілерін санамалап көрсету арқылы мінездеме беруді айтады. Сипаттама беріп отырған мәселесіне қарай күрделі синтаксистік тұтастық пейзаждық (іс-окиғаның мекенін суреттеу), портретті мінездеме (кейіпкерді суреттеп жазу) т.б. болып бөлінеді. Соған орай күрделі синтаксистік тұтастық әр бөлімі өзіне тән лексикасын жинайды. Мәселен, пейзажды суреттеуде орман, өзен, тау сиякты накты сөздерді жаңынан, сол жақтан, төменнен, көкжиекте т.б. мекендік, кеңістік мәнді сөздерді пайдалнады. Портретті суреттеуде адамдардың бойын, жасын, сырт келбетін, жай-куйін т.б. білдіретін сөздер колданылады. Мысалы: Жамал жасы елтүге таяп қалса да, ким киісі мен жүріс тұрысынан ерекше талғам табы сезіліп тұратын, сойлегені мен қулгенінс, тіпті біреуге көз тастап қарағанына дейін әдемілік пен әдептілік сезіліп тұратын әйел еді.

Әңгімелу мәнді күрделі синтаксистік тұтастық-(не болды? не істеді?) Мұнда жазып отырған окиғаның сатыланып дамуы баяндалады. Олардың белгілері бір тәртіппен берілуі маңызыды міндет аткарады. Эрбір күрделі синтаксистік тұтастық сейлемдері көбінесе окиғаның бір даму кезеңін бейнелейді. Пайымдау күрделі синтаксистік тұтастық-(неге? не себепті? неліктен?) Пайымдау мәнді күрделі синтаксистік тұтастықтың әрқайсысында анық байкалатын үш бөлім бар: а) тезис; ә) дәлелдеу (аргументация); б) корытынды (жинақтау). Мұндай мәтінде мынадай қыстырма сөздер колданылады: біріншіден, екіншіден, ендеше, жалпы айтканда, тұтасымен алғанда, сонымен, сондыктан, егер, сол себепті, олай болса т.б. Мәтін «жоғарыдан төмен», «төменнен жоғары» кадамына негізделіп талданады. Сонымен қатар мәтінді таза

шыннистикалық түрғыда қарастыру төмендегідей бағыттарда
жүгіте асады. Олар:

- басты белгілері тұтастық пен жүйелілік болып табылатын мәтіндің ірі тілдік жүйе деп есептеу;
- катысымдық параметрлер мен соған катысты лингвистикалық белгілер негізінде үйымдастан мәтіннің типологиялық құрылымын тану;
- мәтінді құраушы тұлға-бірліктерді айқындау;
- мәтіннің негізгі категорияларын сипаттау;
- әр түрлі деңгейдегі тілдік бірліктердің мәтін бойындағы ерекшеліктерін анықтау.
- Тұлға-бірліктер, бөлшектер күрамындағы фразалық(сөйлем) катынастарды, байланыстарды зерттеу.

Мәтін катысымдық қызметке негізделгендейдіктен, оқу арқылы қиынданатын акпараттардың көзі ретінде жүзеге асады. Мәтінді құрастыру барысында құрылымы, мағынасы маңызды рол аткарады. Мәтіннің тұтастық, толықтық, қисындық, реттілік, шығалғандық сиякты ерекшеліктері мәтінді құраушысында автор карым-катынасқа түсуші серіктесінің мәтінді түсінүі ескеруге көмек береді. Автордың көзқарасы тұрғысынан мәтінге тұтастық, мағыналық жағынан аяқталғандық тән. Мәтіндегі жаңа немесе белгілі бір акпараттың арасындағы ойланыс тығыз орнағаны жөн. Себебі, ол табысты қарым-катынастың шарты негізінде қабылданады.

Мәтіннің реттілігі ен басты ерекшеліктерінің бірі болып қабылады. Ойдың толық жеткізіліп мәтінге айналуы коммуникативтік міндетті іске асыруши құралдардың бірі ретінде накты реттілік арқылы іске асады. Мәтінде білдірілуі міс мазмұн ойдағымен бірдей бола алмайды. Мәтін композициясы мазмұн элементтерінің жалғасу вариативтілігіне (шүрлі болуына) жол береді. Мәтін композициясын талдауда мәтін типологиясының рөлі айрықша. Ол арқылы аузызекі сөз белгілі жазба мәтіннің өзара ерекшеліктері ғана емес, жасалу жолдары, байланыстары мен катынастары да айқындалады.

Мәтіннің көпқабаттылығы біріншіден, мәтіннің өзінің көпқабаттын анықтау, яғни сөздер, сөз тіркестері, сөз салынуда талдауда көрінсе, екіншіден, мәтіннің тұтастықты қамтамасыз түрганы, яғни құрылымдық-композициялық ерекшеліктерін анықтау арқылы көрінеді. Мәтіннің тұтастықты қамтамасыз түрганын бірі – оның байланыстылығы. Оның негізгі қызығы – ұйымдастыруының әртүрлі деңгейлерінде, яғни сөз, сөз салынуда мәтіннің жеке бөліктері деңгейлерінде іске асады. Қолданысқа қарастырылған байланыс құралдары сыртқы және ішкі болып өтті. Байланыстардың сыртқы түріне грамматикалық ғылыми лексикалық құралдармен берілетін формальдық корсеткіштері бар байланыс жатады. Сейлемдегі сөздерді байланыстыратын грамматикалық және сейлемдер мен мәтін бөліктері деңгейлерінде қызмет ететін мәтін осы грамматикалық байланысты болып табылады. Ішкі байланыс ұғымы «интеграция» (Галперин, 1980) және «тұтастық» (Леонтьев 1979) сиякты ұғымдарға жакын. Ол жеке бөліктердің бір тұтастыққа бірігіүінің байланыстырылған жағдайын, сол жағдайға жеткізетін процессті білдіреді.

Интеграция мәтін тұтастығына жету максатында барлық мәтін бөліктерін біріктіретіндіктен мәтіннің акпараттылығымен, құрылымымен тығыз байланысты болады. Интеграция мәтінді оку процесінде емес, оны түсіну тұтастықты құрайтын жеке бөліктердің арақатынасын аналитикалық жағынан қарастыру арқылы іске асады. Мәтін тұтастығын анықтау оны бөліктерге дараалау арқылы жүргізілгендейді, мәтін тұтастығын құраушы элементтердің арасындағы тұтастықты қамтамасыз ететін құралдар ғана мәтіннің құрауға мүмкіндік береді. Тілдік құралдар арқылы сомдалған ой, бейне, пікірдің құрылымын анықтау жүргізіледі. Сөз жеке түрганда заттың, қимылдың және т.б. атавы болып номинативтік қызмет аткарса, тіл қарым-қатынаста белгілі жағдайдағы ортана байланысты қолданып қарым-қатынастық қызмет аткарады. Тілдік қарым-қатынаста қолданылып, қатысымдық байланысқа түскен сөз айтылатын ойға қатысты нактылы мағынаны білдіреді және басқа тұлғалармен біртұтастықта қолдана келіп тиянақты ой мен мазмұнды көрсетеді. Мәтіннің тұтастығын анықтау жағдайында мәтіннің өзінің көпқабаттылығын анықтауда көрінсе, екіншіден, мәтіннің тұтастықты қамтамасыз түрганы, яғни құрылымдық-композициялық ерекшеліктерін анықтау арқылы көрінеді. Мәтіннің тұтастықты қамтамасыз түрганын бірі – оның байланыстылығы. Оның негізгі қызығы – ұйымдастыруының әртүрлі деңгейлерінде, яғни сөз, сөз салынуда мәтіннің жеке бөліктері деңгейлерінде іске асады. Қолданысқа қарастырылған байланыс құралдары сыртқы түріне грамматикалық ғылыми лексикалық құралдармен берілетін формальдық корсеткіштері бар байланыс жатады. Сейлемдегі сөздерді байланыстыратын грамматикалық және сейлемдер мен мәтін бөліктері деңгейлерінде қызмет ететін мәтін осы грамматикалық байланысты болып табылады. Ішкі байланыс ұғымы «интеграция» (Галперин, 1980) және «тұтастық» (Леонтьев 1979) сиякты ұғымдарға жакын. Ол жеке бөліктердің бір тұтастыққа бірігіүінің байланыстырылған жағдайын, сол жағдайға жеткізетін процессті білдіреді.

жүрілу өткізу барысында жоғарыда берілген талаптар мен оғарыш адістемесін ұстанған жағдайда жұмыс нәтижелі әрі оғынды болары анық.

14 Коркем мәтіндегі композициялық баяндау формалары

14.1 Суреттеу.

Күрделі фразалық тұтастықтың мағыналық, оқынушықативтік және құрылымдық ұйымын оның суреттеу, описанеу, ойталкы (описание, повествование, рассуждение) формаларының функционалдық-мағыналық ұйымы ерекшеліктерін формаларда көрсеткіштерге болмайды. Күрделі фразалық тұтастықтың бұл түрлерін Л. М. Лосева, М. П. Брандес және ғалымдар жан-жақты зерттеген.

Суреттеу ғылыми және іскерлік сөйлеуге тән, алайда коркем сөзде де жиі ұшырасады. Суреттеу статикалы, онда пластика жок.

Суреттеудің негізгі функциясы – ақыттың әлдебір сәтін суретке түсіру, қарапайым атауының орнына заттың бейнесін беру, затты, құбылысты табиғи ортасында суреттеу (мысалы, суреттепетін заттарды, құбылыстарды т.с.с.-ды осыған ұксайтын шыныңдармен салыстыруды құрыллатын жұмбак-суреттеу).

Ғылыми және іскерлік мәтіндерде суреттеу негізінен фактографикалы немесе фотографиялы болады. Көркем мәтінде суреттеу нышандарын санамалау жолымен табиғат құбылысының орнын, ортасының жағдайын, т.б), заттарды, адамның, міншердің жағдайын және т.б. суреттеуге арналған. Суреттейтін міншінде қарай Күрделі фразалық тұтастықтың пейзаждық (уакиға орынын суреттеу) және портреттік суреттеу (кейіпкерді суреттеу) формаларып бөлінеді.

Пейзаждық суреттеуде *орман*, *өзен*, *ауыл* сиякты нақты сөздер мен *оңында*, *солында*, *жсанында*, *астында*, *алыста*, *жакында* сиякты көністік мәніндегі сөздер жиі қолданылады.

Портреттік суреттеуде адамды (бойын, жасын, жалпы сырт бейнесін, жағдайын, т.б.) суреттейтін сөздер басқаларынан жиірек қолданылады.

Суреттеудің формалды нышандары: континум мәнді сөздердің (*жол жиегінде, таң ата, кешкүрым, т.б.*) қолданылуы, суреттегетін құбылыстың қашан болғанына байланысты өткен шак, осы шак, етістік-баяндауыштардың көптігі, баяндауыштың іс-кимылды емес, сын есімді болып келуі. Мысалы, жерге су сінді-жер ылғалды.

Суреттеу құрамы көбінесе кеңістік мәнді сөздерді қолдану сипатына қатысты. Бір жағдайларда әрбір орын жағдайына бір күрделі фразалық тұтастықтың бекітілсе, басқасында бір күрделі фразалық тұтастықта бірнеше орын жағдайы пайдаланылады.

Бірнеше затты суреттеудің бір мезгілді, параллельді немесе сабактастықты (қарама- қайшы құбылыстарды, заттарды суреттегендеге контрасттық әдіс қолданылады) болуы мүмкін. Суреттегетін адамдарды немесе заттарды салыстыру-мұндай суреттемелерде жиірек қолданылатын әдіс.

Затты, құбылысты, адамды суреттеу сөйлеу сөз стиліне де, мәтін типіне де қатысты. Суреттеу ғылыми-техникалық, ресми-іскерлік сөүлеуде фактографикалық, көркем сөде бейнелі болады. Автордың суреттегетін затка, құбылысқа субъективті қатысы көркем мәтіндерде (концептуалдық, модальділік, астарлы мәтін және т.б. түрде) байқалады, ғылыми және ресми-іскерлік мәтіндерде болмайды.

Фотографиялы, суретті мәтіндерде заттың суреттелуі автордың ойы мен фотографияда бейнеленген затка қатысты. Сондыктан мұндай мәтінде мыналар ескерілуі керек:

- а) суретте онсыз да айқын көрініп тұрған бейне жайлар артық сөздің керегі жок;
- ә) суретте жоқ және оны сезіну мүмкін емес жайлар туралы сөз айтылмауға тиіс;
- б) суреттің астарында көрерменнің ой жүгіртуіне жағдай тудыратындей мүмкіндік қалуға тиіс;
- в) суретке арналған түсіндірме сананы сілкіндіріп, ой қозғайтындей болуға тиіс;

Г) сөз фотографияға сілтеме жасай алады.

Фалым Б. Шалабай «Көркем проза тілі» атты еңбетінде: «Суреттеу болмыстың белгілі бір қалпын, күй-жайын толықтай беру үшін қолданылады», - деп көрсеткен. Суреттеу арқылы кейіпкердің сыртқы кейіпі, киім- киісі, мінез- құлқы, табиғаттың десем көріністері және т.б. құбылыстар беріледі.

Кейіпкердің сыртқы бейнесін суреттеу:

Қырынан қарағанда қыз әп-әдемі болып көрінеді еken. Тайқылау онкен тар маңдайы да, артық- ауыс жерлері қырналып, қажетті қалыпқа түсірілген қою қара қасы да ұнасымды. Екі танаудың іздінікі, келіссіз мұрны да қырлана қалғандай. Жалпак, доғал иегі де қайтадан қашалғандай мұсінді. (М. Мағауин).

Табиғатты суреттеу: Бұл арада кішкентай көктөрғай, өодене, кексерке, жағалтай кекілік, балтатұмсық, шілден бастап, үлкендігі анау- мынау козы- лактан кем емес, қараказ, біrkазан, ңуадақ, қарабай, қырғауыл мол болатын. Қазақ даласының өзге жерінде сирек кездесетін жайра, тағанақ, сакалта, алакұмай, көк карға, кодас конылтырды да іздеғен адам табатын (Д. Исабеков).

М. Ахметова суреттеудің екі формасын ажыратады: статикалық және динамикалық. Статикалық суреттеуге оқиғаның мекенін, орнын, кейіпкердің сыртқы келбетін, ал динамикалық суреттеуге оқиғаның қозғалысын, іс- әрекеттерді, кейіпкерлердің көніл – күйін, мінез- құлқын жатқызады.

Статикалық суреттеуге мысал:

Осы әйелдердің ортасында ерек кіндіктен жаман жанбай ғана жүреді. Ол - қоймашы, жасы қырықтар шамасында, қалың сырмалы күпәйке- шалбар киіп жүретін тайпак адам. Қолында бір уыс кілті бар - колхоздағы қойма атаулының кілттері. Калтасына сыймайды да, ұнемі қолына ұстап жүреді (С. Мұратбеков).

Динамикалық суреттеуге мысал:

Далаға шықтым. Дүниені бозамық сәулеге бөктіріп Сұлуқиядан тік асып ай қалықтап барады. Сансыз жұлдыздар жымындаиды. Төңірегім шырылдаған шегіртке үні. Тоғай жақта әлде бір түн күсы әлсін - әлі кәдуілгі адамша айқайладап қояды (С. Шаймерденов).

14.2 Әңгімелеу.

Әңгімелеу ең алдымен көркем және публицистикалық сөйлеуге, сондай-ақ тұрмыстық хабарлар мен әлдене жайлы әңгімелерге тән.

Әңгімелеу суреттегетін оқиғалардың дамуы туралы түсінік береді. Бірінші кезекке іс-әрекеттің (үдерістің), құбылыстың, тағы басқаларының өрбу реті шығады. Әңгіменің әрбір сөйлемі әдетте іс-әрекеттің дамуының, сюжеттің шешілтуіне қараі қозғалысының әлдебір кезеңін баяндайды. Жалпы әңгімелеу баяндау мәтіні іс-әрекеттің басталуынан, шиеленісуінен, дамуынан, шарықтау шегінен, аяқталуынан, тарқатылуынан, корытындысынан тұрады.

Мәтінде оқиғаның даму сабактастыры накты, яғни өмірде болғанындей не жасанды, яғни автор қолайлы санағандай, мысалы, оқиғаның аяғынан (композициялық амал-трансмутация, түрлендіру), не ортасынан басталуы мүмкін. Әңгіменің толымсыз, дискретті (окырман тындаушы санасында оңай қалпына келтіре алатын буындарының түсіп қалуы) болуы мүмкін. Баяндаудың негізінде уакиға (сюжет) жатады.

Көркем мәтінде пайдаланылатын фабула мен сюжет ұғымдары ең алдымен әңгімелеу мәтіндеріне тиесілі.

Фабула – шығармада айтылатын оқиғалардың жынытығы. Фабула – көркем мәтіннің референттік кеңістігі, ол әдеттегі мәтіннің референттік кеңістігінен біршама өзгеше. Біріншіден, жазушының тақырып деп аталағын белгілі бір ақырат аспектісін еркін тандауының нәтижесі. Екіншіден, фабула – шындығында болған дайын «тарихтардың» ішінен тандалап алу емес, суреткердің шығармашылық қиялынан туатын «тарих».

Сөйтіп, фабула «сюжетке дейін-ақ» өзіне көркем мазмұнды, әлемге авторлық көзқарасты сініреді.

Фабулаға көрісінше сюжет – сол оқиғалар, тек шығармада хабарланғандай ретпен айтылған. Фабула – өмірде болған жай; сюжет – автордың соны қалай білгені, мазмұндық-астарлы акпарат және мазмұндық- концептуалды акпаратпен шендеседі.

Фабула – кейіпкерлердің басынан өткен оқиғалардың киялдағы тізбегі болса, сюжет-соның қалай хабарлануы, фабуланың мәтіндегі көрінісі, ішінара іріктелген көрінісі.

Сюжетте ең бастысы – суреттеуге жататын фабула элементтерін іріктеу.

Фабула оқиға тізбегін білдіріп, мәтінде кеңінен суреттелуі мүмкін болса, фабуланы суреттеу реті (референттік кеңістіктің) композиция ұғымының негізгі мазмұнын құрайды. Фабула элементтерін іріктеу де, әңгімелеу реті де мәтіннің, әсіресе коркем мәтіннің көзкарас сиякты категориясымен тығыз тайланысты.

Сюжет фабуланы мәтінде көрсету тәсілі ретінде автордың позициясын да көрсетеді, яғни автордың көзқарасы түрғысынан осы оқиғада ненің маңызды және эксплицитті айтылымға алу керектігін, нені маңызды емес деп тауып, калдырып кетуге болатынын көрсетеді.

Мәтінде сюжет тікелей беріледі, ал фабуланы оқырман сюжетте аталған элементтер бойынша қалпына келтіреді (яғни ол фабуланың тоғызы референциалды астарлы мәтіннен құралады).

Сонымен, фабула мен сюжетті қарама қарсы қою – занды үрттеушілік амал. Фабула – ой жүгірту, ой жүгірту болғанда да пайдалы, себебі оқырман ойымен кітапта жазылмағанды да сезіп біледі.

Әңгімеде негізгі мағыналық жүктемені нәтижелі мәнді баяндауыш атқарады. Әңгімелеудің негізгі мәні-іс-әрекеттің ламуын жеткізу. Әңгімелеу түрлі уақыт көрсеткіштерімен, оған бірінші кезекте жаздың басында, күзде сиякты уақытты білдіретін (мезгіл пысықтауышы) сөздермен қамтамасыз етілетін мезгілдік сабактастық тән.

Әңгімелеуші бірден оқиғаны суреттеуден бастауы мүмкін. Әңгімелеу таза күйінде де, аралас күйінде де ұшыра береді, оның құрамына суреттеу де, ойталқы да жиі кіреді.

Казак тіл білімінде әңгімелеу тәсілін Ахмет Байтұрсынұлының пікірінен бастауымыз кажет. Ахмет

Байтұрсынұлы композициялық сөйлеу формаларын әуезе, әліптеу, пайымдау немесе зейінде де деп көрсетеді.

«Дүниедегі нәрсенің кайсысы туралы сөйлесек те, бір жағынан ғана емес, әр жағынан алсақ сөз қылуға болады. Мәселен, бір адамды сөз қылуға алсақ, не ол адамның істеген ісін, айтқан сөзін қылыш сөйлейміз. Я тұлға- тұрпатын, кескенін, көркін айтып пернесін әліптеп сөйлейміз, я болмаса ол адамның істеген істерінің, өзінің жақсы- жаман болғанын мәнісін, себебін тексерे, пайымдап сөйлейміз. Осыған қарай сөйлеген сөзіміздің түрі не әуезе, не әліптеме, не пайымдама болып шығады. Ахмет Байтұрсынұлы әңгімелуе тәсілін әуезе деп атап, оның шежіре, заман хат, өмірбаян, мінездеме, тарих, тарихи әңгіме деген түрлерін көрсетеді.

Қазіргі қазақ тіл білімінде әңгімелуе мәтінінің акпараттық, әлеуметтік, психологиялық сипатын, композициялық сөйлеу бірліктерінің тілдік құрылымдық, прагматикалық және стилистикалық табиғатын аныктайтын зерттеулерін атауға болады. Б. Шалабай, Р. Сыздық, С. Құнанбаева, З. Ерназарова, С. Мұстафина, Г. Әзімжанова, Д. Әлкебаева, М. Маретбаева, Г. Әбікенова, Г. Смағұлова т.б. ғалымдардың енбектерінде аталған мәселелер жан-жақты зерттеле бастады.

Ғалым Б. Шалабай «Көркем проза тілін зерттеудің ғылыми- теориялық негіздері» атты еңбегінде: «Әңгімелуе- көркем прозаның негізгі баяндау формасы. Бұл форма арқылы объективті де, субъективті де мазмұн беріледі. Әңгімелуедің формалық, құрылымдық мазмұның оқиғалардың мезгілдік ізбелілігі, құбылыстардың бірін –бірі айытыруы құрайды,»- деп көрсетеді.

М. Маретбаева әңгімелуе мәтінін арнайы зерттеген ғылыми еңбегінде қазақ көркем порzasындағы әңгімелесу формасының акпараттық- мазмұндық, композициялық үйымдасу ерекшеліктерін, лексика-грамматикалық құрылымдарының өзгешелігін, көркем шығарманың стилистикалық сипатын айқындаатты. Ол әңгімелуе мәтіндерінің тақырыптық- мағыналық түрлерін жақтық және оқиғалы мәнді әңгімелесу

мәтіндері деп топтастырады. «Жақтық мәнді әңгімелеу мәтіндеріндегі субъективтілік кейіпкердің іс-әрекетіне, соған қарының баяндалатын оқиға-жағдайға тәуелді болса, оқиғалы мәтіндеріндегі объективтілік объективтік уақытқа тәуелді болады». Мысалы: Оның үстінен 1917 жылдың қысы қарты, жазы куаң болды. Осынау кезеңде миллиондаған халық көз телмірткен Россия астығын Актөбеден Дутов, Кавказдан анылышын интервенттері бөгеді де, Жетісу ак бандылары Сібір астығына тосқауыл жасады. Осының нәтижесінде 1918 жылдың айустында Ташкентте ауыр жағдай орнады (Ж. Арыстанов).

Көркем шығармалардан нақты дәлелдеме ретінде үйінділер талдап, Г.Әбікенова әңгімелеу мәтінінің эмоционалды-экспрессивтік, стилистикалық қызметін, оның лексика-грамматикалық құралдары арқылы шығарманың көркемдігін арттыруын, оқиғаны, іс-әрекетті ретімен, мезгілін, мекенін баяндай отыра, кейіпкердің мінезд-кулқын, ішкі жан дүниесін ашпаратынын көрсетеді.

14.3 Ойтакы.

Ойтакы ең алдымен ғылыми сөйлеуге тән. Ойтакы үш болікке бөлінеді:

- тезис,
- дәлелдеме (дәйектеме),
- корытынды (түйін, жинақтау т.б.).

Ойтакыда ең алдымен сабактас құрамалас сөйлемдер, біріншіден, екіншіден, үшіншіден т.б. жағты атғанда, тұтасынан атғанда, демек, осытайша, ең соңында, себебі, сондықтан т.б. кіріспе-модальды сездер колданылады.

Мұндай ойтакыда баяндауыш, әдетте, ойтакы тақырыбының нышандарына тән тұрактылықты білдіретін осы шакта болады. Алайда дәлелдемеде келер шакта болуы да мүмкін.

Ойтакының үшінші бөлімі – корытындысы жок түрлері де кездеседі. Айтылған дәйектемемен макулданады. Корытынды жасау оқырманның (тындаушының) өзіне қалдырылады.

Көркем шығармаларда ойталқы мағыналық жағынан да, күрылымдық ұйымдастырылуы жағынан да әр киле болады. Оларда тезиссіз және қорытындысыз тек ойталқының өзі жиек зездеседі. Ойталқының модальды сөздерсіз құрылуы жиек.

Себебі, сондықтан, демек т.б. имплицитті байланыс құралдары көркем шығармада классикалық ойталқыны көрсетіп тұрады. Бұл байланыс құралдарын ойша сөйлемдердің арасына онай ораналастыруға болады.

Ойталқы таза күйінде басқа стильтерге қарағанда көркем әдебиет шығармаларында едәуір сирек зездеседі (іскерлік стильде мүлде болмайды деуге болады). Ойталқы элементтері суреттеу және әнгімелегенде жирик ұшырасады. Ондай курделі фразалық тұтастық типін әдетте аралас типке жатқызады.

Негізгі үш бөлім – тезис, дәлелдеме және қорытынды белініп көрінетін ойталқыға негізгі назарды аударған жөн. Тезис түсінікті бір сөйлеммен де айқын құрыла береді, дәлелдеме (аргументация) *біріншіден, екіншіден, үшіншіден, сол сияқты, сондай-ақ, сонымен бірге* және басқа да қыстырма сөздермен басталуы мүмкін. Ойталқының қорытындысы кейде қыска да нұсқа бір сөйлемнен тұра береді.

Ойталқының композициялық ұйымдастырылуы (бүкіл мәтін сияқты) мәтіннің қандай стильтеге жататына қатысты.

Мәселен, *ғылыми мәтіннің* (кез-келген жанрда) композициясы стандартты, онда үш тармақтық-такырыптық (кейде такырыпшаның да), кіріспенің, такырыптың дамуының және қорытындының болуы міндettі. Жанрды такырыптық кешенде белгілеу өте сирек.

Ресми-іскерлік мәтін композициялық түрғыда клишелі мәтіндерге, яғни белгілі бір қатаң композициялық құрылымды мәтіндерге жатады. Ресми-іскерлік мәтіннің такырыбының мәні жоғары, оған тұтас мәтіннің проспективалы белгісі (өтініш, анықтама, акт, түсініктеме хат, бүйрек, зан, т.б.) болып табылатын мәтіннің жанрлық белгісі енүі маңыздырақ. Мәтіннің жанрлық белгісінде адресатка прагматикалық бағдар көрсетілген. Маман зангерлер оны зерделеп, тіпті талқыға

салады. Алайда ресми-іскерлік мәтінде корытынды әрдайым оона бермейді.

Публицистикалық мәтін тақырыптан, тақырып басталуынан, дамуынан және аяқталуынан тұрады. Тақырып пен аяқталуы антистандартты, бағалау және прагматикалық функцияны атқарады, тақырып-информатикалық, ал корытынды психикалық функцияға ие. Публицистикалық мәтіннің басталуы тақырыптық мазмұнмен ұксас-автордың мақсатын білдіріп, оқырманның назарын аударады.

Ауызекі сөйлеу мәтіннің шекаралары берілген нақты жағдаймен ғана, этикеттік шенбермен аныкталып, айтушының «мен» желісімен байланысты.

Көркем мәтінде композициялық блоктар өте айқын болінген: тақырыптар, мәтінді мүшелеудің графикалық тәсілдері. Көркем мәтіннің тақырыбы – мазмұнына ақпарат синген, шығарманың бүкіл күрілісін аныктайтын проспективалы бірлік.

Көркем мәтіннің композициялық шегі – басталуы (экспозиция) мен сонында (финал) стандартсыздық басым, алайда мұнда белгілі бір стереотиптер (жанрлық және жалпыстильдік) жинақталған.

Жалпы композициялық блоктардың сипаты мен ара қатынасы эстетикалық міндет пен автордың психологиялық мақсатына бағындырылған.

Ойталқы формасында кейіпкердің немесе автордың ішкі дүниесінің толғаныстарын, ой арпалысы, болмысқа көз карасы т.с.с. ойлау үдерісіне негізделген көріністер орын алады. Бұл күрделі фразалық тұтастыққа көбінесе риторикалық сөйлемдер, инверсия, синтаксистік параллель түзілімдер, сөйлемнің үзілмелілігі сиякты тілдік күрілімдар жатады.

Мысалы: *Ыстық қой, шіркін, тұган жер! Тұган жерге жеткенше, қайтіп дәті шыдаіды? Кім сағынбас өз қағын? Кім сүймесін өз жерін? Сүймесе сүймес зердесіз, шерсіз жүрек, тілеуі болек жетесіз* (Ж. Аймауытов).

Ойлауды құрайтын маңызды бөлшектерге уақыт пен кеңестік және себеп-салдар жатады. Мысалы: «Ақ тиін мен

қаскыр» ертегісі. Бір күні ақ тиін бұтактап ұйықтап жатқаш қасқырдың үстіне құлтайды. Қасқыр қарғып тұрып оны жесең і келеді. Ақ тиін жағалының:

- Мені жеме, жібер?- дейді.
- Жарайды, жіберейін, бірақ сен маган айт: неліктен сендер әр уақытта шат болып жүресіңдер?

Сонда ақ тиін:

- Мені жіберіңіз, сонан соң айтайын,- дейді.

Қасқыр ақ тиінді босатады. Ақ тиін агаши басына шығып атып:

- Сен қасқыр, затымсың, затымдық ішіңді жандырады. Сондықтан әрқашан қапалы жүресің. Біз ешкімде жауыздық жасамаймыз, сол ушін де әр уақытта шат болып жүреміз, - депті (Елу ертегі).

Сонымен, мәтіннің композициялық сөйлеу формалары туралы лингвист ғалымдардың ұстанымдарын корытындылай келе: «Суреттеу-бейнелеудің кеңістіктері дамуы болса, әңгімелеу-мезгілдік дамуы, ал, ойталқы-логикалық дамуы... Шығарманың композициялық құрлымы осы айтылған сөйлеу формаларының түрліше байланысып қызықан өрмегінен тұрады.

14.4 Диалогты бөлшектеу.

Диалогтік мәтіннің бірліктері (монологтік мәтіннен – бір автордың сөйлемдерінің желілік тізбесінен) сөйлеу актісіне қатысушы екі немесе бірнеше адамның айтылымының кезектесуімен құрылатын сөйлемдердің баламалық тізбегін көрсетеді; әр қатысушы сөйлеу актісі үдерісінде не айтушы, не тындаушы ролінде болады. Психолингвистикалық көзқарас тұрғысынан диалогтың негізінде екі жақты қатынас: түрлі вариантағы ынталандыру – реакция (бір айтушының ынталандыруына сұхбаттасуышының реакциясы, оның әңгімені жалғастыру реакциясы, айтушының өзіне бағытталған адресаттың ынталандыруы және т.б. болуы мүмкін). Коммуникативтік көзқарас тұрғысынан айтушының – ынталандыруы (көбіне сұрап, дегенмен іс-кимылға ынталандыру және акпаратты хабарлау) айтылым **такырыбы**, ал адресаттың – реакциясы – **рема** болады, бұл сұрап-жауап диалогтік

шарындарде **такырып-ремалық** қатынас тудыра отырып, бүкіл коммуникацияны өзектендіреді. Барлық жалпы сұрапқа әмбебап жиғаш – макұлдау мен бас тарту болып табылады.

Жайылма диалогта коммуникативтік прогрессия да оның дамиды. «Таза диалог» құрайтын ынталандыру мен реакциялардың баламалы тізбесінде әрбір жаңа буын (ынталандыру-реакция) коммуникативтік прогрессияның жаңа қызығына материал береді.

Диалогтік мәтіннің мағыналық көлемі реплика (кактыйсөз) тудыратын айтылымдардың пропозициялық мазмұнының негізінде құралып, имплицитивтік құрамалар-пресуппозиция мен импликацияның көмегімен өседі. Алайда негізгі мазмұнын интенциялық мәндер, модальды және імоциялық мағыналар құрап, осының бәрі статустық, рөлддік қатынастардың әлеуметтік мағыналары мен коммуниканттардың психологиялық жағдайларына тіреледі.

Диалог бірліктерінің құрылымында монологтық сөздің күрделі фразалық тұтастықтарының құрылымдық өзендерілтуімен салыстырғанда елеулі айырмашылыктары бар.

Диалогтың өзіне тән құрылымдық қыры – репликаның ықшамдылығы. Ауызекі сөзде диалог бірліктерінің интонациялық бірлігі айқын көрінеді.

Диалог – үдемелі дамитын сөйлеу оқигасы; сөйлеу орекетінің үдерісі және жемісі ретінде құрылып, оған мыналар кіреді:

- айтушының әлем және қарым-қатынас жағдайы туралы білімі;
- адресатта да сондай білімнің, пікірдің т.с.с. болуын ескеру;
- өзімен аракатынаста адресаттың әлеуметтік рөлі мен мәртебесіне бағдар ұстая.

Диалог бірлігін құрайтын репликалардан тұратын микродиалогтар мен әнгіме, дау, ұрсысу, сұхбаттасу және т.б. жанрдағы макродиалогтар өзара ажыратылады.

14.5 Көркем диалог қызметі мен типологиясы.

Диалог арқылы адамдар бір-бірімен тығыз карым-қатынас құрып, рухани, мәдени байланыс орнатып, құнделікті өмір тіршілігінен хабардар болады, коғамдағы өз орнын тауыш бағыт-бағдарын анықтайды. Диалог - (грек. - сөйлесу, әңгімелесу) - екі адамның тіл катысуы.... Диалогке катынасушы адамдардың сұрақ-жауап немесе, керісінше жауап-сұрақ түріндегі сөздері жағдайға және сол диалогтің алдынданемессө одан кейін айтылған сөйлемдерге байланысты. Диалог ауызекі сөйлеу тілінде де, көркем әдебиет шығармасында да коп кездеседі. Мәтін атауы, көріп отырғанымыздай, сөйлеудің әр түрлі формаларына қолданыла береді. Сонымен катар мәтінлингвистикасында бұл терминді макро және микромәтіндерді сипаттауушін де қолдану үрдісі қалыптасқан. Солай болса да, галымдардың көпшілігі мәтін деп белгілі бір тәртіппен құрылған, ұйымдастырылған мәтіннің берілу жолдарының өзі әртүрлі болады. Сондыктан мәтінжазбаша әрі ауызша формада, монолог әрі диалог түрінде кездеседі және кез келген мәтін қандай формада көрінсе де, катысым қызметінде жаңа мәтіннің берілу жолдарының (адресант) мен хабардың (адресат) бірлігінен тұрады. Мәтіннің көлемі қандай, қанша сөйлемнен тұзілуі тиіс деген сұраулар төнірегінде де зерттеушілер арасында бірізді пікір жок. Сол себепті де мәтін атауы әр түрлі құрылымдық-мағыналық бірліктерге -дара сейлемге де, мағыналық, интонациялық жағынан аяқталғансөйлемдердің тізбегіне де, шығарма бөліктері мен үзінділеріне де (микромәтін), тұтас шығармаға (макромәтін) да катысты қолданылабереді. Роман жанрын зерттеуші М.Бахтин айтқандай: «Шындықты іздеудің диалогтық әдісі дайын шындыққа ие болғысы келетін накты монологизмге, сонымен катар, қандайда да бір шындықты білеміз деп ойлаған адамдардың сенімділігіне де карсы қойылады. Шындық жеке адам басында туындармайды және болмайды, ол шындықты іздеуші адамдар арасында олардың диалогтық сөйлесуі кезінде туындармайды» [9, 26 б].

Көркем туындыдағы кейіпкердің өзара тілдік катынасының негізгі формасы, сөз жоқ, диалог болып табылады. Прозалық туындының үлкен бір бөлігі болып табылатын көркем диалог айқын түрде бегілі бір құрылымдарға бөлініп, өзіндік шекарасы болатындығы жайлы тұжырым осы орыс тіл білімі ғылымында қарастырылған. Көркем диалог құрылымының ауызекі диалог құрылымынан айырмашылығы байланыс, аныкталған аралық және берілген диалогтың максат – бағдарына байланысты екендігі де айтылады.

«Көркем диалог – бұл адамдардың тілдік колданыс шенберін айқын береді. Көркем диалогтың тілдік құрылымы, бір жағынан, типтендіру қызметін атқарса, екінші жағынан, манызды стильдік қызмет атқарады» [2, 3 б.]. Орыс тіл білімі ғалымдарының типологиясы негізінде жас ғалым Г. С. Имангалиева «Типология диалога» (На материале казахского и рус.яз.) [3] атты кандидаттық зерттеу жұмысында төмендегідей көптеген диалог түрлерін атап көрсеткен: Диалог ұлгілерін ғалым жинақтап үлкен үш топқа бөліп қарастырады:

- а) акпараттық диалог (информационный). Бұған: диалог – сұхбат, диалог –тергеу, хабарлама диалог және диалог – түсінісуді жатқызады [3, 64 б].
- ә) прагматикалық диалог (прагматический). Бұл топка: диалог – тартыс, диалог – дау, диалог – ойталқы, диалог – өтініш, диалог – ұсыныс, диалог – ой-тұртқіні топтастырады [3, 74 б].
- б) модальдық диалогқа (модальный): диалог – үндестік, диалог – жинактау, диалог – сәлемдесу, диалог – қоштасу сынды түрлерін топтастырады [3, 88 б].

1974 жылы жарық көрген «Әдебиеттану. Терминдер сөздігінде» диалогқа тек аныктама беріліп коймай, оның әдебиеттің (орыс әдебиеті) барлық жанрларында да осы көркемдік құралдың көрініс табатындығы айтылған. «Диалог – ауызша сейлеу түрі, екі немесе бірнеше адамдар арасындағы әнгіме» делініп, әр жанрдағы диалогтың аткаратын қызметі жеке–жеке айтылады. Бул айтылған жайлар орыс тіл ғылымы мен әдебиетіндегі диалогтың зерттелу жайынан хабардар етсе, өзге тіл білімі мен әдебиеттану ғылымында да диалогтың

зерттегу жайы назардан тыс қалмашылыш

Айталық: неміс филологиясында диалогтың екі түрі берілген:

- 1) поэтикалық диалог (образдылық қызметі басым)
- 2) прозалық диалог, ол өз ішінен:
 - a) теориялық-тәнұымдық (ғылыми, «сократтық»);
 - ә) философиялық(аудиозекі сөйлеу және характерологиялық).

Ағылшын көркем әдебиетіндегі диалогтардың мағыналық түрлері айтылмағанмен, шығармадағы диалогтық бірлікке баса назар аударылған. Диалогтың тар мағынасында оған тоң белгілері көрсетілген: әңгімелесуші кейіпкерлер саны екіден кем болмау керек; сөйлесушілер өзара кезектесіп отыру керек; диалогтың қандай тілде жүріп жатқанын диалогқа катысушылар түсінуі керек; диалогқа катысушылар бір-бірін көреді; ең кем дегендеге бір-бірін естиді.

Кей зерттеулерде диалогтар түрлері және олардың типологиясы беріліп отырады. Әлеуметтік – қызметтік бағытта диалог: диалог тергеу, диалог – ойталық, отбасылық әңгіме диалог, диалог мінездеме; ал жанрлық түрғыда комикалық диалог, трагедиялық диалог және т.б. құрылымдық және семантикалық жоспарда белгілі ағылшын ғалымы С. Беркнер диалогтың бірлікке баса назар аударған.

Х. Загс бастаған американ зерттеушілері диалогты өзара әрекетті әлеуметтік процесс деп қарайды. Диалог қос бағыттағы коммуникативті процесс, диалогтың әр катысушысы субъект, және сол мезетте диалог әрекетінде объекті де болып табылады. Диалогтың басты белгісі сөйлеуші мен тыңдаушы кезегі ауысып отырады. Сөйлесім мен тыңдалым кезегінің ауысып отыруы американдық диалог теориясында басты болып табылады. Көркем диалогқа жай диалогтағы автор тәжірибесі де кіреді.

«...Драма, повесть, роман өлеңдегі диалогтың характерологиялық және поэтикалық қасиеттері, репликалардың алмасу заны мен эллипсис формалары сиякты көркем әдебиет пен театрдың барлық жанрларындағы диалогқа тән әрі төл сипаттардың көпшілігіне, лингвистердің былай койғанда, әдебиет зерттеушілері мен өнер танушылар да жете мән бермей келе

«Атыр» [14, 69 б], - деген академик В. Виноградов пікірі көркемдік текстің бөлінбес бір саласын әр түрлі аспектілерде, ғылыштың өнер, жанр түрлеріндегі функционалдық ерекшеліктері түрлісінан қарастыру қажеттігін негіздейді.

Біз диалогты оның қызметі зор драма және проза түрлері шарында салыстырып қарастырып көрелік. Драмада диалог қолданылады, монологтардың араласуымен бүкіл баяндаушылық шарында тұтас алып жататынын білеміз. Авторлық ремаркалар әрекет ететін жердің жалпы көрінісі мен жағдайын танытып, әркіндер ойынына нұсқау береді, кейіпкерлердің эмоционалдық, психологиялық әуенге дайындалуына кеңес косады. Бірақ мұның бәрі де сахналық текстен тыс нәрселер. Сондыктан диалог сюжет, конфликт дамыту, характер ашуда айырықша сапаларға ие болуға тиіс. Кейде авторлық және лирикалық шегіністер бірлесе түсіп, сөз түрінде шығарманың идеясын ашады. Драмадағы диалог адамдар ойы мен сезімінің мәнгі қозғалысы, өмір символы іспетті. Атақты жазушы Антуан Сент Экзюпери айтқандай: «... қарым-қатынас адам баласына тиесілі дәүлеттің бірі болып саналады» [6, 415 б]. Ал қарым-қатынас мәселесі диалогка келіп тірелеттің анық.

Диалог арқылы сыртқы әлем бейнеленетіндігі, пейзаж бел портрет сипатталатындығы, предметтік-заттық орта, жекелеген кейіпкерлер субъективті түйсінулер әсерімен суреттелетіндігі анық. Драмадағы диалогтың бұл қызметі шындықты объективті түрғыдан пайымдау міндеттін толық атқара алмағанымен корермен, тындаушыларға оқиға, құбылыстардың сырны дұрыс ұғуға біршама тұра жол сілтейтіндігіне ғалымдарымыз база назар аударған.

Көркем проза орсеріндегі диалогка келмес бұрын жалпы диалогтың әдебиеттің алғаш дінеге, кайнар көзі саналатын фольклормен байланысына тоқталмай өтүге болмайды. Диалог-комедия – фольклордан болек ұғым. Орындаушылар әуелі диалог комедияны жасаса, содан соң барып халық ауыз әдебиеті туады. Ең алғашында фольклор диалог комедияның репертуарлық тармағы ретинде дамыған. Ғалым пікірі бойынша халық ауыз әдебиеттің оны репертуарлық тармаққа жатады.

Көркем проза жүйесіндегі диалогқа тиісті үлес, салмақ та зор. Егер драмада ол тенденсі жок қажеттіліктен туса, прозада оны түрлі авторлық баяндау тәсілдерімен алмастыруға болар еді. Бірак мұндай біркелкі баяндау тәсілі өмір занылыштарына сәйкес келмейтіндігі белгілі.

Көркем бейне жасау – үлкен жауапкершілікті қажет ететін іс. Көркем бейне – кейіпкерді тұлғалаудың амал-тәсілдері сан алуан болып келеді. Көрнекті әдебиеттанушы-ғалым З. Қабдолов “Сөз өнері” енбегінде көркем бейнені жасау тәсілдері мен олардың қызметі жайлы: “Әдебиеттегі адамның ішкі бітімі тек мінездеу немесе жанама мінездеу арқылы ғана жасалмайды, тіпті тұлғалауға қажетті өзге тәсілдер де түтел осы мақсатта қызмет аткарып жатады. Адамның әлдебір күйініш-сүйінішін немесе кескін-кейпін, кимыл-әрекетін суреттеу, оның өз сөзін немесе өзгемен сөйлесуін келтіру, ең арғы жағы, түрліше табиғат құбылыстарын суреттеу... – осылардың бәрі, сайып келгенде, әдебиеттегі адамның сыртқы түрін анықтап, ішкі сырын ашу керек”, - деп жазады.

Әр жазушы өз мүмкіндігі – шеберлігіне байланысты кейіпкерді сомдаудың түрлі әдіс-амалдарын қолданатыны белгілі. Соған байланысты кейіпкер тілін даралау, характер таныту ерекшелігі де әр жазушыда түрліше көрінеді. Соның ішінде кейіпкердің төл сөзі – монолог пен өзге кейіпкерлермен қарым-қатынаска түскен кезінде ішкі ой-толғаныстарының оның тілінде (сөзінде) көрініс табуы, яки диалог тәсілі адам тұлғасын танытуда қолданылатын бейнелеу құралдарының ішінде (портрет, мінездеме т.б.) ерекше орын алады. Басқа көркемдік амал-тәсілдердің барлығы да негізінен кейіпкер туралы тек жанама түсінік береді.

Қ.Әбдікова Ж. Аймауытов шығармашылығын қарастырған кандидаттық диссертациясында «романдағы («Ақбілек») характер сомдаудың, оны даралаудың тәсілдерінің бірі – диалог», - деп жазады. Әдебиет зерттеушісі К. Әбдезұлы диалогтың көркем шығармадағы аткаратын қызметі жайында айта келіп, «бірде диалог арқылы кейіпкер мінезін іштен ашып, алдымызға салса, бірде диалог арқылы қаламгер оқиға желісін

ширата, ширыктыра түсетіндігі» [15, 270 б] жайлы ой ғүйіндейді. Белгілі зерттеуші Ә. Байтанаев та көркем шығармадағы диалогқа үлкен жүк артады. Фалым «Шын шеберлік» атты (1969) еңбегінде өз ойын: «Диалог өз қызметін аткармаса, онда оны қолданудың кажеті жоқ, ал оның қызметі айтылып келе жатқан мәнінен тыс, соған қосымша мән әкелуі кажет», - деп тұжырымдайды.

Қазак әдебиеттану ғылымында диалогтың көркемдік қызметі арнағы зерттеу объектісіне алынбағанмен, оның шығарма құрылымындағы қызметі алғаш рет А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» еңбегінде қарастырылды. Шығарма мазмұнын берудегі «сөйлес-тірулердің» (А. Байтұрсынулы атауы бойынша) «әнгімелес-тірулердің» (М. Әуезов атауы бойынша) көркемдік мәні, диалогтың ауыз әдебиеті үлгілеріндегі колданысы (К. Жұмалиев зерттеулерінде), диалогтың әдебиеттің озге көркемдік амалтәсілдерімен сабактас қызметі (З. Қабловтың зерттеулерінде) накты талданды. Диалогтың қазак романдарындағы көрінісі және оның психологиялық қырларын анықтауда арнағы зерттеу жүргізген Б. Майтанов, Х. Әлібасев, Т. Рақымжанов еңбектері бұл бағыттағы ізденістердің іргелісі. Б. Майтанов, Т. Рақымжанов зерттеулерінде диалогтың поэтикалық сипаты мен кейіпкер характерін, мінезін аныдағы ролі накты мысалдармен дәлелденген.

Диалогтың көркемдеу тасіл ретінде қолдану ерекшелігі жоғарыда аталған еңбектерде поэтикалық тұрғыда талдау барысында айтылып кетсе, ал біз өз еңбегімізде осы мәселені жалпы жазушының накты шығармалары негізінде анықтауға тырыстық. Диалог кейіпкердің рухани әлемін терең әрі жанжакты ашу құралы ретінде зерттеліп, жазушы романдарындағы диалогтың кейіпкер бейнесін сомдаудағы, характер ашу дағы қолданысы айқындалды. Монопол мәселесі әдебиетші фалым Г. Пірәлиева зерттеулерінің бағыттықтырыбы болса, диалог және оның Ж.Аймауытов шығармаларындағы көрінісі Ш. Әбішеваның зерттеу жұмысында ғылыми тұрғыдан арнағы талдау жасалды. Зерттеу шысамы осы еңбектермен кеңірек

салыстырылды. Фалым · диалогты кейіпкер бейнесін, психологиясын ашуда басты құрал ретінде Ж. Аймауытой романдары, әңгімелері негізінде қарастырады. Орыс тіл ғылымы мен неміс филологиясында диалогтың тек түр жағынан емес, мазмұн, мағыналық түрғыдан өзгеше келетіндігі аныкталды. Ал біз өз зерттеуімізде («С. Мұқанов романдарындағы диалог колдану ерекшелігі («Ботагөз», «Сырдария», «Ақкан жүлдіз» романдары бойынша») С.Мұқанов романдарындағы диалогтардың мағыналық түрлерін топтастыруға алғаш рет талпыныс жасап, олардың мағыналық айырымдарына, көркемдік қызметіне талдау жасаған болатынбыз.

Қазак әдебиетіндегі көркем диалог проблемасы өзге әдебиеттану ғылымындағыдан жете зерттелмеген. Диалогқа арналған құнды теориялық зерттеулер қазак әдебиеттану ғылымында аздық етеді. Көркем шығармадағы диалог проблемасы сандаған ғылыми зерттеу еңбектерге нысана боларлық құрделі әлем. Ал оның сан-салалы қырларын жанжакты зерттеп-зerdeлеу, олардың көркем шығармадағы функционалдық қызметін айқындау – зерттеуші ғалымдар еншісіндегі үлкен міндет.

15 Автордың тілдік тұлғасы және автор бейнесі.Мәтін мазмұнын игерту

15.1 .Мәтін авторының тілдік тұлғасы.

Әр мәтіннің сыртында тіл жүйесін меңгерген тілдік тұлға немесе сөйлеу туындысын (мәтінді) тудыруына және кабылдауына карай адамның қабілеттері мен мінездемелерінің жиынтығы ретінде түсініletін автордың тілдік тұлғасы тұрады.

Мәтіннің авторға тәуелділігі мәтін авторы – тілдік тұлғаның типімен аныкталады, автордың сөйлеу мәдениетінің (элитарлық, әдеби-сөйлеу, орташа әдеби, ауызекі карапайым, т.б.) қай типіне жататыны, жынысы (әйел, ерек), жасы, мамандығы – бәрі косыла келіп, оның жеке басының қасиеттерін танытады. Әрбір нақты жағдайда автор өз позициясын әртүрлі –

«...йде ашық, кейде сөз арасында, кейде бүркемелей, мазмұның
концептуалды немесе астарлы мәтінді әкпарат арқылы жеткізеді

Автордың «мен»-інде автордың тұлғасы ғана танылыш
жаймайды, «мен» құрылымында (ен алдымен коркем
мәтіндерде) автор мен әңгімешінің, автор мен лирикалық
жайпкердің (әсіресе өлеңде) тұлғасының бірігуі мүмкін.

Автор өз позициясын мәтінде автосемантикалық үзіндіде,
«өркін» сөйлемдерде ашық айта алады, кейіпкердің мінез-
құлқы, көңіл күйі, әлдебір құбылысқа көзқарасы авторға тән
шолуы мүмкін. Автордың араласуымен суреттеменің кеңістік,
шығыт шекаралары жылжиды.

Мәтінде автордың қатысымының сөздік танылуы **автор**
кестесін құрайды. Т. В. Шмелева оны мәтінде мына
шементтермен көрсетеді:

1) әдетте «кадрдың сыртында» қалып қоятын, бірақ өзін
таныту үшін мәтіннің ерекше фрагментін ала алатын автор мен
адресат «фигураларының» экспликациясы. Мысалы, «автор
фигурасының» танылуы;

2) суреттеу үшін іріктеліп алынған тілдік құралдармен,
авторландырылған әкпарат құралдарымен және әр килы
авторлық бағалаумен;

3) метамәтінді немесе А.Вежбицкая айтқандай,
«мәтіндеңі мәтінді» яғни суреттемесін және сонымен бір
уақытта оқырманға түсіндіру нұськаулығы болатын мәтін бөлігін
колдану.

Кейбір авторлар иннективті (лат. *in ectio*-«өру») метамәтін
құралдарын контекстуалдық (біріншіден, екіншіден, т.б.) және
интерперсоналдық (әрине, мүмкін, өкінішке орай, ... қайталау,
санамалау, сандық деректер, шрифтпен бөлу, риторикалық
сұраптар және т.б.), деп ажыратады.

Мәтіннің авторлық кестесі оның тілдік ерекшеліктеріне
карай елеулі.

Авторлық кестені елеулі ету-етпеу автордың өзінің
колында.

Сан алуан шексіз айтылымдар мен мәтіндерге сініп
кеткен автор тұлғасы өзін автор бейнесінде көрсетеді, алайда

оның шын авторға еш қатысы болмауы да мүмкін (мысалы, Л. Н. Толстойдың «Кавказский пленник» шығармасында автор бейнесі солдат, қарапайым халықтан шықкан адам).

Накты тілдік тұлға мен автор бейнесін ұксастыруға болмайды, олар бір-бірінен эстетикалық тұрғыдан мүлде бөлек. Автор бейнесін автор «актердің сахнада сомдаған ролі» сияқты әдейі жасайды.

В. В. Виноградов «автор бейнесі» ұғымын енгізіп, өзінің көркем сөз теориясының негізі етті. «Автор бейнесі-сөз өнерінің барлық стилистикалық амалдары тоғысатын, бірігетін, синтезделетін орталығы». Автор бейнесі дегеніміз «көркем шығарманың бойымен өтетін жеке дара сөз сөйлеу құрылымы». Автор бейнесі – шығарманың бірынғай дүние таным арқау болған жеке бөлшектерін бір тұтастыққа біріктіретін ұйымдастыруышы күш». Автор бейнесі – әрдайым біршама идеалдандырылған, өмірбаяндық шындықтан белгілі бір ауытқушылық.

Автор бейнесі баяндау тәсіліне (бірінші жақтан, әнгіме айтудының атынан, т.б.) қарамастан кез-келген шығармада айқын не бүркемелі болады.

В. В. Виноградовтың пікірінше, «автордың қатысы» автор бейнесінің анықтауышы болып қызмет етеді. Оның тұра айтылуы мүмкін, алайда көбіне мәтіннің бүкіл ішкі құрылымында болып, «композиция мен стильдің теренінде» жасырынып жатады. Автор бейнесі, автор тұлғасы «оның тақырыпқа қатысынан» ашылады.

Көркем әдебиетте автор бейнесі айту формаларының көптігін көрсетеді. Шығарма авторы автор бейнесі арқылы өз тұлғасы адам және жазушы ретінде тікелей айтуға тырысып, авторға ұксамайтын кейіпкерге, әнгімеліге барынша жакындауға ұмтылады.

Авторлық көзқарас автор бейнесін барынша ашық формада көрсетеді. Кейіпкерлерінің ойы мен іс-әрекетін суреткердің өзі топтаса, оның бейнесі туралы пікір қалыптасады. Осы бейне композицияда да, сюжетте де, шығарманың тілінде де жүреді. Ол өзінің ролін оқиғаға тікелей

катаисушиға немесе күәгерге жүктеп қойса (осы мақсатта әңгімеші ролі енгізіледі), онда автордың позициясын анықтау киынырақ. Әңгімешінің әңгімені бірінші, екінші немесе үшінші жактан айту мүмкін.

Автор көзқарасының әңгімешінің көзқарасымен толық сай (бір бағытта әңгімелу) келуі де, келмеуі де (әр бағытта әңгімелу) мүмкін. Көркем әдебитте әңгімелуудің осы екі желісі бір-бірін толыктырып отырады.

15.2 Автор бейнесі көркем мәтін категориясы ретінде.

Автор бейнесі ең алдымен баяндау тәсілінде байкалады. Автор, әңгімеші, кейіпкер суреттеуге катысты әр түрлі позиция ұстануы мүмкін. Бірыңғай «мен» авторлық көзқарасқа жақын көзқарасты да, оған қарама-қарсы көзқарасты да біріктіре алады. Баяндау перспективасы автордың идеяны дамыту үшін таңдаған баяндау тәсілінің көрінісі болып табылады.

Көркем прозада баяндау перспективасының екі түрі бар:

1) шектеусіз баяндау перспективасы;

2) шектеулі перспектива. Көптеген шығармаларда баяндау перспективасының екі түрі әр алуан формада үйлесіп жатады: варианты тұрақсыз баяндау перспективалы шығармаларды және тұрақты константы баяндау перспективалы шығармаларды атауға болады.

Баяндау перспективасы екі бағыттан – объектіленген авторлық баяндау мен субъектіленген әңгіменден тұрады. Әр бағытта (объектіленген және субъектіленген) бірнеше баяндау типтері ажыратылады:

- баяндаушының бірінші типі – мәтінде көрінбейтін, айтылмаған, авторға барынша жақындастырылған және әңгімені үшінші жактан айтатын баяндаушы. Ол көркем шығарма оқиғасына қатаиспайды, тек сыртынан бакылайды. Бұл тип автор - баяндаушы ретінде белгіленеді;

- баяндаушының екінші типі-кейіптендірілген әңгімеші, көркем шығарма кейіпкерлерінің бірі, оны «әңгімеші оқиғаға қатаисуши» деп белгілеуге болады;

- баяндаушының үшінші типі әңгімешінің де, прозалық шығарма басты кейіпкерінің де бір адам болуы. Баяндау уағызды әңгіме (исповедальный рассказ) сипатында болады.

Осылайша көркем мәтін авторы баяндау типін, идеяны қай тұрғыда дамытуды және тұтас эстетикалық құрылым үлгісін анықтайды. Оқиғаны басым көпшілігінде адам нақты баяндаушысы бар бірінші жакта әңгімелейді, алайда кез-келген жанды (жылқы, мысық, ит, т.б.), жансыз заттың әңгімеші болуы мүмкін. Өлеңдерде жансыз дүниенің не хайуанның атынан сөйлеу кең тараған. Бірінші жакты шығармалардың бір бөлігін естеліктер құрайды. Естеліктер әлі есімде, көз алдында, т.б. тұракты сөз тіркестерімен беріледі. Бірінші жакты баяндауларға әңгіме тұракты қайталанатын іс-әрекет туралы болғанда бірінші жактағы есімдіктің варианты сияқты көрінетін екінші жактағы есімдікпен үйімдастырылған үзінділер косылады.

Баяндаушы – әрі әңгімеші, әрі кейіпкер болса, бірінші жактан баяндағанда әдеттегі «мен»-нің орнына үшінші жакты есімдіктің шығуы мүмкін.

Автор бейнесі – бүкіл шығарманың өзегі, ол өз кейіпкерінің басынан өткен жайларда, тағдырында, сөзінде, мінез-құлқында, оқырманға эстетикалық әсерінде көрініс табады.

Корыта келгенде, автор бейнесі мәтіннің барлық категорияларын, соның ішінде көгезияны, уақыт және кеңістік континуумы топтастырады. Бүкіл шығарманың композициялық құрылымдық формасын анықтайды.

15.3 Мәтін мазмұнын игерту мен құрылымдық әрекшелігін танытуудың әдіс-тәсілдері.

Тіл ғылымында бүгінге дейін зерттеу нысаны болып келген сөз, сөз тіркесі, сөйлем, морфологикалық, лексикалық тұлғалар, фонетикалық құбылыстар – мәтіннің құрамына енетін тілдік бірліктер. Осы тұрғыдан алып қарағанда, казіргі казақ тілі білімінде мәтінді құрылымдық, мағыналық, қызметтік жағынан жан-жакты зерттеу әлі де өте маңызды мәселелердің бірі.

Мәтін – өте күрделі тілдік құрылым. Осы құрылымда айқындытын басты белгілері – жүйелілік және тұтастық Мәтіннің тұтастық категориясы сол мәтінді ұғынып, мәннің ісінгенде ғана пайда болатын, оның логикалық жағымен тыныз байланыста болса, ал оның жүйелілігі күрделі бірліктерді құрайтын тілдік құралдардың белгілі әдіс-тәсілдерімен үйімдасуынан көрінеді [1,27].

Мәтін – қазак тілін оқыту барысында үлкен орын алатын оқыту нысаны. Біріншіден, тілден білім беретін материал оқыту мәтіндері түрінде болса, екіншіден, жаттығулардың тұтас мәтін іүрінде берілуі де мәтінмен орындалатын жұмыстардың сараланып жүйеленуін қажет етеді. Мәтіннің қызметін таныту – тындаушыға тіл бірліктерін функционалдық тұрғыдан танып-білуге, сол арқылы тындаушының логикалық ойлауы бірізді қалыптасуына мүмкіндік береді. Өйткені мәтінде тіл бірліктері (сөз, сөз тіркесі, сөйлем) тегіс катысады. Сондай-ақ мәтіннің стильге қатыстырығы да ескеріледі .

Мәтін талдаудың негізгі бағыттары: мәтін лингвистикасы, мәтіннің лингвостилистикасы, поэтикалық лингвистика. Барлық мәтіндер, ен алдымен, лингвистикалық нысан болып табылады. Сондықтан да мәтіндердің типологиясы лингвистикалық тұрғыдан танылуы қажет. Лингвистикалық типологияның негізіне лингвистикалық дифференциация алынады. Оның өзі мәтіннің түрін, формасын, жанрлық-стилистикалық ерекшеліктерін, жүзеге асырылу шарттары мен тәсілін білдіреді.

Сонымен мәтіннің белгілеріне (әдістемелік тұрғыдан келгенде) мыналар алынады: 1) сөйлеу түрі; 2) сөйлеу формасы; 3) сөйлеу стилі; 4) жанры; 5) сөйлеудің функционалдық-мағыналық типі (сөйлеу тәсілі); 6) сөйлеудің эмоционалдығы мен экспрессивтілігі. Осы айтылғандарды қарастырып көрелік. Біріншісінде, сөйлеудің ауызша және жазбаша екендігі қарастырылады. *Ауызша мәтін* уақытпен байланысты болса, *жазбаша мәтін* көністікпен байланысты. Ауызша мәтіндер – синтаксистік құрылымы жағынан жазбашаға қарағанда, анағұрлым карапайымдау, эллипсистігі мол, мағыналық

құрылымы бір-біріне ұқсастығы экспрессивтік элементтері мол болып келетін мәтіндер. Жазбаша мәтінде оны құраушы бірліктердің арасындағы байланыстыруышы элементтер айқын білініп, формалды көрсеткіштері мүмкіндігінше, толықканды болуға, логикалық ой желісі үзілмей, сакталып отыруға, лексикалық құнарлылығы терен болып, басқа да тілдік формалардың мол болуына мүмкіндік беретіндей күйде жасалады. Екіншісінде, карым-қатынас жасау формасына сәйкес, мәтіндер *монологтық, диалогтық* (кей ретте *полилогтық* та) болып белінеді. Бұл жерде сөйлеудің түрі мен формалары бірігіп келіп, жазбаша мәтінде де, ауызша мәтінде де монолог пен диалог болатыны аныкталады. Үшіншісінде, мәтіннің қандай да бір *стильде құрылатыны* белгілі. Оқыту барысында функционалды стильтердің ауызекі сөйлеу стилі, ғылыми, ресми іс қағаздары, публицистикалық және көркем әдеби түрі колданылады. Осы стильтердің әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері белгілі. Олардың мәтіндегі өзіндік құрылымы бірден көрініп түруы да мүмкін. Көп ретте, публицистикалық және көркем әдеби стильтерді айыра алмау байқалады. Сондыктан да мәтін стильтерін таныту бағытында жүргізілетін жұмыстардың өзіндік жүйесі жасалынуы керек. Төртінші, мәтіннің *жанрлық ерекшеліктері* де танылуы кажет. Жанр, негізінде, функционалдық стильтермен тығыз астасып жатады. Мәтіннің бесінші белгісі – *сөйлеудің функционалдылығы*. Сөйлеуде сипаттама, хабарлама түрлері колданылатыны белгілі. Бұлардың әрқайсысының жеке ерекшеліктері әрбір сөйлеу типтерінің құрылымдық-жүйелік зандаулықтарына сәйкес танытылады. Мәтіннің тағы бір манызды белгісі – оның *эмоционалдық бояулығы*. Бұл жағынан, ғалымдардың пікірінше, мәтіндер: а) ресми, ә) ресми емес, б) бейтарап болып белінеді. Экспрессивті мәтіндер өз ішінде: 1) экспрессивті-стилистикалық белгілері бар және 2) бейтарап мәтіндер болып белінеді. Осының ішінде, экспрессивтік-стилистикалық белгісі бар мәтіндерге: көркем, публицистикалық, ауызекі сөйлеу, ғылыми (пікірталастар), құттықтау, қарсы алу сезі сияқты ресми мәтін түрлері жатады. Ал бейтарап мәтіндерге: ғылыми, ресми

іс қағаздар, публицистикалық стильдің кейбір жанрлары, хроника жатады.

Әдіскер-мамандар әдістемелік түрғыдан мынадай етіп бөлуді ұсынады: 1) оқуға; 2) тыңдауға; 3) ауызекі сөйлеу тілін дамытуға; 3) жазба сөйлеу тілін дамытуға арналған мәтіндер. Тұжырымдай келгенде, тыңдаушылардың дүниетанымын дамыту мен қалыптастырудың арнайы мақсаттары көзделіп, түрлі өмір, ғылым салаларынан арнайы мәтіндер талданады. Ғылыми мақсат та сол бағытта болады. Ал тіл дамыту мәтіндер бойынша *шығарма, мазиұндама, жоспар, эссе, мәтінде тақдау* сиякты жұмыстар жүргізіледі. Казіргі стильдердің кайсысын болсын, тыңдаушы мүмкіндігінше жетік менгеруі керек. Ал жазбаша тіл ұстарту жұмыстары стиль тармактарының ерекшеліктерін тани отырып, сол бағытта құра білу дағдысын қалыптастырады. Мәтін бойынша тіл дамытуды жетілдіруге негіз болатындей әдістемелік маңыздыға ие талаптарды атайды: 1) тыңдаушының түсініп оку арқылы баяндау дайындығын қамтамасыз ететін талаптар: а) катысымдық міндетті шешуге арналған; ә) сөйлеушінің көзқарасы; б) эмоционалдық бояу; в) мәнерлілік; г) қаратпалық; 2) мәтіннің мағыналық құрылымын қамтамасыз ететін талаптар: а) байланыстылық; ә) бүтіндік; б) кисындылық; в) акпараттылық. 2) мәтіннің түсінікті болуын қамтамасыз ететін талаптар: а) акпараттық негізде қабылдау ерекшелігіне байланысты қызығушылық есебі; ә) тыңдаушының даму деңгей есебі. 3) мәтін негізінде тілдік тәжірибелерді тікелей жетілдіруді қамтамасыз ететін талаптар: а) мәтіннің көлемі орындалатын жұмыстарға сай болуы; ә) менгерілмен тілдік материалдың аз болуы; б) орын өтілген материалдың жаңа материалмен толықтырылуы, байланысты болуы; в) материалдың қайталанып есте сактауға, бекітүге мүмкіндік жасалуы. [2,122]. Сонымен, тыңдаушылардың сөйлеу икемділіктері мен дагдыларын дамыту үшін мәтін туралы мынадай білім мен дагдыларын дамыту үшін мәтін туралы мынадай білім мен дагдыларын дамыту үшін мәтін түсініп оки білу және есте сактау; – мәтіннің құрылымдық ерекшеліктері туралы білім беріп, оның тәжірибесінде пайдалана білу даңдысын қалыптастыру; – мәтіндегі

қайырымдар және олардың мазмұнды, жүйелі баяндау мақсатындағы ерекшеліктерін үйрету арқылы жүйелі мәтін күрай білуге үйрету; – мәтіннің түрлері бойынша сөйлеуге ауызша, жазбаша жаттықтыру. Мәтін туралы білім мен тәжірибелік дағды, ең алдымен, оку мен тындалап түсіну әрекетінсіз байланысты. Оку мен тындалап түсінудің психологиялық-физиологиялық үдеріс ретінде ұқастығы да, айырмашылығы да бар. Ұқастығы – ойлау қабілеті үдерістерінде ойлау амалдары деңгейінде (талдау, салыстыру, айыру, жалпыламалау т.с.с.) жүретіндігі, айырмашылығы шарт кою және қабылдау деңгейінде байкалады. Табиғи ауызша сөйлеу өзінің қысқалығымен, қайталанбайтындығымен және бір ғана рет айтылатындығымен сипатталады. Ал жазбаша оку кезінде оқылған нәрсеге бірнеше рет кайта оралуға мүмкіндік бар. Оку жылдамдығы мен қарқынын оқып тұрган адамның өзі реттейді, оку уақыты шектелмеген. Оған қоса, оқып тұрган адам анықтама әдебиетін де пайдалана алады. Әдістемелік жағына келетін болсақ, бұл өте манызды айырмашылық, өйткені жоғарыда көрсетілген ерекшеліктердің салдарынан окудағы қабілеттер мен дағдылардың деңгейі оку нәтижесіне шешуші ыкпал тигізбейді. Дыбыстау, айту барысында тілдің сипаттамалары одан тыс реттеледі, сондықтан ол үдерістің өзіне де, оның нәтижесіне де айтарлықтай әсерін тигізеді. Осы себепті дыбыстаудағы қабілеттер мен дағдылар тілдік автоматтанудың деңгейіне тенестірілуі қажет. Ол жазбаша сөйлеу әрекетімен байланыстырылады. Окудың және айтып дыбыстаудың негізгі мақсаты болып, оқырманның немесе тындаушының мәтіндегі мағынаны қабылдауы мен түсінуі есептеледі. Баска сөзben айтқанда, қатынастың қолайлы жағдайларында қабылдау, мағыналық қабылдау ретінде анықталуы мүмкін. Мәселен, оку барысында түсіну – күрделі үдеріс.

Психологтар жазбаша тілді дамыту үшін ана тілінде түсініп окудың да бірнеше деңгейін белгілейді. З.И. Клычникова мәтінді түсінудің жеті деңгейін: 1) жеке сөдерді түсіну деңгейі; 2) жеке сөз тіркестерін түсіну деңгейі; 3) жеке сөйлемдерді түсіну деңгейі; 4) мәтіннің жалпы мазмұнын түсіну деңгейі; 5)

мәтіннің жалпы мазмұны мен жекелеген бөлшектерін түсіну үшінгейі; 6) мәтіннің сезімдік-хабарламалық және бағалау үшінгейін түсіну; 7) мәтіннің өзгелік ырықты деректерін түсіну үшінгейі деп бөліп аныктайды [3,159]. Алғашкы бес үшінгей мәтіннің маңыздық жоспарымен, қалған екеудің мәтіннің мазмұндық жоспарымен байланысты.

Мәтін мазмұнын игерту мен күрілымдық ерекшелігін танытудың әдіс-тәсілдерін қарастырайык. Окулыкта берілген лингвистикалық мәтінді окуы да, оқымауы да мүмкін. Ал егер оқытушы окулыкта берілгенде кайталап беретін болса, сабактың құндылығы тағы болмайды. Ал оқытушы оқыту материалын басқа еңбектерден алып, тереңірек даярлану максатымен, окулықка күш салмай, оған қарамай баяндалап, содан соң бірден жаттығуларға ауысып, мәтінді үйден оқып келу ғана тапсырылса, мұнда да әдістемелік шалалық болады. Өйткені тындаушылар лингвистикалық мәтіндермен жұмыс істеуді білмейді. Егер осы бірінші бағытта, мәтіндермен жұмыс түрлерін: зерттеу бағытындағы оку; танису бағытындағы оку; шолу бағытындағы оку; іздену оку деп бөлестін болсак, мәтінмен ғылыми ізденіс бағытындағы жұмыстың түрі анықталады. Мысалы, «Сөз тіркесі» туралы лингвистикалық мәліметтер берілген мәтіндермен арнайы жұмыстар жүргізу осы бағытта алынаады: 1) берілген мәтінді алдымен, шолу максатымен оқытып шығару керек; 2) одан соң оқытушы белгілі бір сұрап койып, сол сұрақтың жауабын мәтіннен іздете бағытында оқыту жүргізіледі; 3) одан соң берілтін мәліметтің тілдегі фактілерін анықтау үшін тағы бір танису максатымен оқытып; 4) сонында корыту максатымен бір оқытылады. Бұл әрбір кезеңнің жетекші сұрақтары алдын ала жасалады. Өйткені оқытушы оку мәтінін талдауда екі жакты жұмыс жасайды: біріншісі сабактың тақырыбына тындаушыларды тереңдете енгізу, екіншіден, мәтінді талдау дағдысын қалыптастыру міндетін шешу. – Мәтін қандай стилде жазылған? – Неліктен ресми (ғылыми, көркем-әдеби, публицистикалық, ауызекі) стилде жазылған деп атایмыз? – Мәтіннің негізгі түйіні неде? – Мәтіннің ішкі бөлшектері қандай? – Мәтіннің теориялық және тәжірибелік

бөлімдері бар ма? Олардың қалай байланысып тұрғанын аныктап т.б. деген жетекші сұрақтар койылады. Тындаушылардың мәтіннің туралы түсінігін арттыру үшін оның құрылымы туралы білім беріледі. Мәтіннің қайырымдарға (абзаңтарға), күрделі сөйлемдерге тұтастықтарына, сөйлемдерге бөлшектенетіні белгілі. Сонда, адамның дұрыс құрастырылған сөйлеуінің негізінде, мейлі ол жазбаша түрде ме, ауызекі түрде ме, жекелеген сөздер емес. Жекелеген сөйлемдер емес, логикалық және композициялық жағынан үйлескен ерекше тұтастық жатады.

«Қазак грамматикасы» атты академиялық еңбекте мәтіннің туралы ешқандай пікір кездеспейді, тек мәтіннің құрылымдың бөлшегі туралы айтылып, «курделі синтаксистік тұтастық» деп карайды да оған мынадай анықтама береді: «Курделі синтаксистік тұтастық-жеке сөйлемдерге қарағанда, ойлың дамуын неғұрлым толық бере алатын, мағыналық және синтаксистік жағынан өзара тығыз байланыскан сөйлемдердің тобы» [5,735]. Еңбекте күрделі синтаксистік тұтастықты мәтіннің бір тақырыпшасы ретінде қарастыра келе оны синтаксистік бірлікке жатқызады: «Курделі синтаксистік тұтастық деп – бірнеше сөйлемдердің тізбегінен жасалып, мағыналық және құрылымдық жағы-нан түйікталған, белгілі бір ойды білдіретін синтаксистік бірлікті айтамыз» [5,735].

Сонымен катар мұнда күрделі синтаксистік тұтастықты синтаксистік бірлікке жатқыза отырып, оның мынадай басы белгілерін көрсетеді:

«Курделі синтаксистік тұтастық категориясына тән иелігі белгілер көзге түседі. Ең алдымен, ол - мағыналық бірлікке ие. Оны құрайтын сөйлемдер негізгі бір ой төнірегінде жатады.

Күрделі синтаксистік тұтастық ой бірлігімен тәнни сипатталып қоймайды, ол сол ойдың аяқталуымен де сипатталады. Мағыналық жағынан аяқталғандық, сөйлемнің қарағанда, мұнда басым сезіледі. Осы мағыналық тұтастықтың синтаксистік бірлік сай келеді, яғни екінші белгісі - оны қүріп тұрған сөйлемдердің өзара тығыз байланыскан синтаксистік бірлігі. Үшіншіден, күрделі синтаксистік тұтастық біртүстік интонациялық ырғактыққа ие.

Авторлар мәтінді тұтас бірлік ретінде карастыра отырып, оның құрылымдық жағына назар аудармай, тек мазмұнды қызметіне ден коюды ұсынады. Негізгі мәтінді казіргі кезде шингистикалық әдебиеттерде түрліше түсіндіріп жүр.

Көптеген ғалымдар мәтіннің үш түрі бар деп есептейді. Олар: *хабар*, *сипаттау және пікір айту*. Мәтін түріне не жататынын білу үшін сөйлем мүшелері сияқты оған да сұрақ коя білу керек. Егер мәтін қашан? кім? не істеді? не болды? деген сұрақтарға жауап берсе, ондай мәтін хабарға жатады. Ал қандай? қалай? кайтіп? сұрақтарына жауап берсе, мәтін сипаттауға жатады, ал кім үшін? не үшін? неліктен? не себепті? деген сұрақтарға жауап берсе, пікір айту мәтініне тиіс болады.

Мәтін (әсіресе көркем мәтін) мынадай универсал мағыналық категорияларды бейнелейді: кейіпкер, уақыт, кеңістік, хабар көзі, автор және оқырман бейнелері. Ал жай мәтінге бұлардың тек сонғылары ғана тән.

Уақыт материяның өмір сүру формасы болғандықтан, ол көркем мәтіннің негізгі мағынасының бірі болып табылады. Шығарма мазмұнының белгілі бір шынайы уақытқа қатынасы ерекше тілдік құралдар арқылы көрініс табады. Ең алдымен оларға уақытты білдіретін сөздер тобы жатады (жыл, ай, күн, апта, т.б. аттарын білдіретін сөздер). Олар уақыттың тура көрсеткіштері болса, уақытқа жанама түрде мензейтін көрсеткіштер де болады. Оларға жататындар: тарихи бірліктердің аттары, тарихи болмыс, қызмет (хан, сұлтан, болыс, әкім т.б.), адамдардың әлеуметтік жағдайларының атаулары, мекеме-ұйым, когамдардың т.б. аттары. Шығармада суреттелетін немесе аталаған кана өтетін тарихи оқиғалар да уақыт көрсеткіштері болып табылады.

Мәтінде бейнеленетін уақыт үш түрлі: өткен шактық, осы шактық, келер шактық болып келеді. Бұлардың әрқайсысы жеке-жеке тұрғыда көркем шығармадағы баяндау жоспарының негізін құрауы мүмкін. Мәтінде сөз болатын оқиға, іс-әрекет баяндау кезеңіне сай келуі не оның алдында өтуі немесе кейін өтуі де мүмкін. Немесе нақтылы шығармаларды бейнелейтін уақыт түрлерінің бірінде жымдасуының көптеген вариантары кездесуі

мүмкін. Жоғарыда мәтіннің қыр-сырын жан-жақты зерттеу болашактың ісі екендігі айтылды. Алайда, бастауыш сының окушыларының тілін жетілдіруде, байланыстырып сөйлеуді дамытуда, әсіресе мазмұндама мен шығарма жазуға үйрету үшін сөз тіркестері, жай сөйлем мен құрмалас сөйлем синтаксистерін, жалпы тілдік катысымды біліп қою жеткіліксіз, өйткені жұмыстың бұл түрлерінде окушылар жеке-жеке сөйлемдер құрастырып қана қоймайды, сонымен қатар, тұтас мәтін құраулары тиіс.

Окушыға бастауыш сыныптарда мазмұндама мен шығарма жаздыру қажет болса, онда мәтін туралы түсінік берілмейінше жұмыс өз дәрежесінде орындалмайды. Мәтін туралы түсінік, оның жасалу жолы, құрамындағы сөйлемдердің, қайырымдардың (абзац) өзара байланысы, мәтіннің түрлері (хабар, сипаттау, пікір айту) және оның стилі үйретілсе, окушылар сөздерді сөйлемде өз орнында еркін колдана алар еді.

Мәтін бөліктегі мағыналық дербестігі макромәтіндермен салыстырғанда салыстырмалы түрде алынып отырады. Мәселен, көлемді монографиялық енбектен бір тарауын немесе бірнеше сөйлемдерден тұратын бір құрделі фразалық тұтасымды алып қарастыратын болсак, зерттеуде қамтылған көлемді мазмұнның біргана бөлігі, көтерілген мәселенің бір ғана қыры алынады. Сондықтан мағыналық дербестік сол мәтіннен алынған үзінді көлемін қамтып, тұтас бір хабардың құрамдас бөлшегі түрінде танылады.

Сыртқы көрінісі бір ғана сөйлемге сәйкес келетін мәтіннің беретін хабары анағұрлым ауқымды болуы мүмкін. Өйткені мәтін авторының ұстанымына сәйкес оның айтайын деген ойы бір сөйлем көлемінде аяқталады. Мысалы: макал-мәтелдер, жарнама мәтіндері т.с.с. Мәтінді тудырушы кабылдаушысына ерекше әсер ету мақсатында айтайын деген ойын тілдік қуралдар арқылы эксплиицитетті түрде бермегендіктен, мәтін бір сөйлем түрінде құрылады. Аз сөзге көп мағына сыйдыратын казак халқының философиялық ой корыгтындылары мақал-мәтелдерде бір-ак сөйлеммен беріліп, бірнеше сөйлемдер тізбегін қамтитын ойды бойына жинактап тұрады. Макал-мәтелдер - шындық

болмыс туралы күрделі ойларды, хабарларды тілдік бірлік арқылы ықшамдаپ жеткізудің бірден-бір формасы. Бұдан макалмәтелдердің ерекше қатысымдық-прагматикалық қызметке ие скендігін аңғарамыз.

Академик Ә.Қайдар «Халық даналығы» енбегінде бір-екі сөйлемнен тұратын мақал-мәтелдердің мән-мағынасын ашып түсіндірген. Яғни бір сөйлемнің мәнін тілдік бірліктер арқылы эксплициттің түрде мәтінарқылы берген: *Мағ арыстанның аузында, түркіменнің түбінде. Қазақтың өткен өмірінен қалған сөз: жогаған маіды іздепtabудан қыын, ал оны ізіне түсіп, тапқан күннің өзінде қайтарып алу одан да қыын болғандығын аңғартады. Маіды ұртаган адамның қанарапы мен қатаңдығы арыстанның азұлы аузына баланып, оданөз маіын жсанын аямайтын жансебіл адамның гана ажыраттаатынын аңғартса, көрші отырган ел ұры-қарыларының қолынатускен маіды өздерінің ішкери жағына апарып, «туркімен» деп атаптаган (көне сөз) қатың жыныс, тау шатқалдарының арасындағы сай-шүңқырлардың, тас үңгірлердің ішіне сіңіріп, індетіп жіберетінәдемтінен маіын таба атмай қалатын казак жайын аңғартады.* Демек, *Мағ арыстанның аузында, түркіменнің түбінде* деген сөйлем-мәтін ойдың толыкгығын әрі аяқталғандығын білдіреді. О.Москальскаяның енбегінде бір сөйлемнен түзілген мәтінге «*Өрт!*» («*Пожар!*») деген мысалды берген. Шынында да, сондай қарбалас жағдай туындаған кезде, бірнеше ойлардың тізбегін бір сөзді мәтінді колдану арқылы жеткізетін жағдайлар ұшырасады. Оны эксплицитті түрде былайша беруге болар еді: *Өрт! Өрт! Тезірек көмекке келіңдер. Іште кішкентай бағалар бар. Тезірек! Өрт сөндірушілерге хабарлаңдар. Су жекеліңдер. Жел күшті. Өрт жсан-жақты шарып кетпесін.* т.б. Не болмаса Н.Құрманова, К.Мухлисбір сөйлемді мәтін түріне «*Дат!*» дегенді мысал ретінде алады. Осы іспеттес мысалға казактың танымын бейнелейтін, оның тұрмыс-салтымен, әдет-ғұрпымен байланысты «*Сүйінші!*» деген сөйлемді мәтін түрінде алып қарауымызға болады (өзге ұлт өкілдері үшін бұл сөздің мән-мағынасы түсініксіз болуы мүмкін). Бұл сөздің астарында толып жатқан хабарлар тізбегі

бар. Бұл мәтінде басы артық сөзді қолданбай-ақ екі түрлі мағынаны ұғынамыз: біріншіден, жақсы істің жүзеге асуы, жақсылық хабар; екіншіден, сүйіншіні жеткізіп отырған сол адамға берілетін сый-сияпат. Алайда бұл жерде қандай куанышты хабар алынып отырғаны сол жағдаймен таныс адамдарға белгілі. Ол жақсылық алыстан күткен адамның келуімен байланысты ма, баланың дүниеге келуі ме, не басқадай қуаныш па. Қалай болғандада, асыға хабар күтіп отырған адамға осы сез-мәтін жағымды әсер туғызып, белгілі бір хабарды, жақсылық хабарды жеткізеп сөзсіз. Мәтін бірнеше сойлемдердің тізбегінен құралып, қурделі аяқталған ойды білдіреді. Ал бір ғана айтылыстардан тұратын сөйлеу туындылары - мәтіннің ерекше түрі ретінде танылады. Мәтін - аяқгалған толық мазмұнды білдіретін қарым-қатынастың, әсер етуін өрекше бірлігі. Ол - хабарды сактаушы және жеткізуші болып саналады.

Мәтін мынадай бірнеше белгілерден қуралады:

1. Өзара ұйымдастан тілдік бірліктердің жиынтығынан тұрады;
2. Қоршаған болмыс туралы аяқталған хабарды білдіреді;
3. Мәтін адресант пен адресаттың арасындағы қатысымды жүзеге асырады;
5. Байласым және тұтасым сипатын иеленеді.

**БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТИСТІКТЕРІН
БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ БОЙЫНША
МАТЕРИАЛДАР**

Емтихан сұрақтары

1. Тіл біліміндегі мәтінге берілген анықтамалар.
2. Жалпы тіл біліміндегі мәтін зерттеушілердің еңбектері
3. Бүтінгі қазак тіл біліміндегі мәтінді зерттеушілер еңбектері
4. Мәтін құрастыру белгілері
5. Мәтін бірліктері
6. Дискурстың негізгі белгілері
7. Мәтіннің негізгі белгілері
8. Мәтін мен дискурстың бірліктерінің өзара байланысы
9. Мәтін мен дискурстың негізгі белгілері
10. Дискурс терминімен тіркесіп қолданылып жүрген атаулар
11. Мәтін талдаудың әдістері мен аспекті.
12. А.Байтұрсыновтың «Тіл-қурал» енбегіндегі мәтін бірлігі күрделі синтаксистік тұтастық катысты ойлары
13. Қазак тіл біліміндегі Қ.Жұбанов еңбектерінің орын мен ғалымның мәтін мен дискурс туралы ойлары
14. Ауызекі сөйлеу мәтіннің тілі дегеніміз не?
15. Мәтіндердің функциональды-стильдік типологиясы.
16. Мәтін құрылымы. Көлемі. Басталуы. Аяқталуы туралы мәселелер
17. Мәтіндегі күрделі синтаксистік тұтастық. Абзац мәселелері
18. Мәтіндегі мағына бірліктері.
19. Мәтін. дискурс түрлеріндегі лексика-грамматикалық, тілдік единицалардың қызметін анықтау
20. Подтекст категориясы дегеніміз не?
21. Көркем мәтінді лингвистикалық талдау
22. Мәтін түзудегі ұлттық-мәдени коннотация
23. Мәтіндегі грамматикалық категориялар
24. Көркем мәтінді талдау бағыттары

25. Көркем мәтінді · лингвистикалық талдаудың басты аспектілері
26. Мәтін күрамындағы кейбір лексикалық топтар
27. Мәтіндегі қайталама түрлері
28. Мәтін талдаудың стилистикалық ерекшеліктері
29. Мәтін лингвистикасы пәннің мақсат-міндеттері қандай?
30. Неліктен мәтін қатысымның бірлігі болып саналады?
31. Мәтінге берілген анықтамаларды
32. Микромәтін және макромәтін туралы не білесіз?
33. Адам өмірінде мәтін қандай қызмет атқарады?
34. Мәтін оқырман тарарапынан автор ойлағанындей, сонымен бірдей дәрежеде қабылдана ма?
35. Мәтін лингвистикасының зерттелуі туралы не білесіз?
36. Монолог, диалог деген не?
37. Шетел тіл білімі ғалымдарынан кімдерді атай аласыз?
38. Мәтінді зерттеу бағыттары немен байланысты?
39. Мәтінді зерттеудегі антропоцентристік көзқарас туралы не білесіз?
40. Танымдық бағытта мәтін қай қырынан анықталады?
41. Мәтін pragmatикасы деген не?
42. Мәтіндегі интра және эстралингвистикалық факторларға нелер жатады?
43. Автор (адресант), оқырман (адресат), болмыс, тілдік жүйе және мәтін байланысын түсіндіріңіз.
44. Автор - мәтін - оқырман; Автор - болмыс - мәтін байланыстарын ашып көрсетіңіз.
45. Автор - тілдік жүйе - мәтін; Оқырман — мәтін - автор арасындағы байланысты калай түсіндірер едініз?
46. Оқырман - мәтін - болмыс; Оқырман - мәтін - тілдік жүйе - автор қатынастары нені білдіреді?
47. Қазак тіл білімінде мәтін лингвистикасы саласындағы кімдердің еңбектерін атай аласыз?
48. Коммуникация мәтін арқылы қалай жүзеге асады?
49. «Мәтін - объективті әлемнің субъективті бейнесі» дегенді қалай түсінесіз?
50. Ауызша мәтіннің ауызекі тілде сөйлеумен байланысы бар

ма?

51. Ауызша мәтін ауызша әдеби тілде сөйлеумен калай байланысты?
52. Мәтін туралы алғашкы ойлар кімдердің еңбектерінде айтылды?
53. Шығарма сөз деген терминді кай ғалымның еңбегінен кездестіреміз?
54. А.Байтұрсынұлының мәтін тақырыбына байланысты айтқан пікірін келтіріңіз.
55. Мәтін мазмұнының үш мүшесіне А.Байтұрсынұлы нені жатқызыады?
56. Өрнекті сөйлемдер немесе оралым деген не?
57. Өрнекті сөйлемдердегі тақырыпты және баяншы мүше, олардың арасындағы катынастар туралы не білесіз?
58. К.Жұбанов мәтінді қалай атайды?
59. К.Жұбановтың бейвербалды амал-тәсілдерге қатысты айтқан пікірін мәтіннің үйымдастырумен байланыстырып түсіндіріңіз.
60. К.Жұбанов ауызша және жазбаша сөйлеу туындылары туралы қандай пікір білдірді? Олардың қандай айырмашылықтары бар?
61. С.Аманжоловтың мәтінге қатысты ой-пікірлері қай еңбегінде айтылған?
62. Мәтіннің кабылдану деңгейі адресаттың «білімдік аясымен» байланысты дегенді қалай түсінесіз?
63. Мәтіннің аяқталуы деген не? (С.Аманжолов бойынша)
64. А.Байтұрсынұлы, К.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектерінде «мәтін - катысымды жүзеге асыратын құрал» деген пікір кездесе ме?
65. Р.Сыздықова мәтіннің тұлға-бірлігін қандай терминмен атайды?
66. Р.Сыздықова өлең мәтіннің үйымдастыруға қатысатын қандай тіллік бірліктерді анықтады?
67. Құрделі синтаксистік тұтастық мәселесі Р. Сыздықтың қай еңбегінде сөз болды?

68. Р.Сыздық күрделі синтаксистік тұтастыққа байланысты кімнің пікірін басшылықта алды? Ол қандай пікір?
69. Қазақ тілінде ең алғаш күрделі синтаксистік тұгастық туралы айтқан ғалым?
70. Т.Қордабаев күрделі синтаксистік бірлік дең нені таниды?
71. Т.Қордабаев күрделі синтаксистік бірлік құрамындағы байласым тәсілдеріне нені жатқызады?
72. Б.Шалабайдың мәтінге байланысты алғаш жарық көрген мақаласы қалай аталады? Онда қандай мәселе сөз болды?
73. Ж.Жакупов контексті функционалды синтаксис бірлігі ретінде қалай карастырды?
74. С.Құнанбаева мәтіннің қай категориясын зерттеді? Еңбегі қалай аталады?
75. Күрделі синтаксистік тұгастықтың интонациялық ерекшелігі қандай? (З.Базарбаева еңбегі бойынша)
76. Күрделі фразалық тұтасымды кімдер зерттеді?
77. Іргелес байласым қалай жүзеге асады?
78. Алшақ байласым деген не?
79. Мәтін тұтасымын қалай түсінесіз?
80. «Таза» және «аралас» мәтін дегенді қалай түсінесіз?

ОҚЫТУШЫМЕН ОРЫНДАЛАТЫН ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАР

1-жаттығу. «Ел болашағы - білімді жастар» деген тақырыпта монологтік мәтін құрастырыныздар. Мәтінді құрастыру барысында мынадай сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланыныздар.

Ел болашағы, білімді жастар, туган ел, шыныңы азаматы, ғлемдікбілім жүйесі, бәсеке, бәсекелестікке қабілетті отыз ел қатары, ғылыми-техникалық прогресс, үкімет саясаты, мемлекеттік тіл, орыс тілі, ағылшын тілі, азаматтар нарызы, ой жарыстыратын заман, ғылым, білім, жогары оқу орны, Отанға деген сүйіспеншілік, тұлға, даму.

2-жаттығу. Бір сөйлемнен тұратын 5 жарнама мәтінін жинақтап, сол сейлемнің мағынасын эксплицитті түрде бірнеше сөйлемдермен толыктырыныздар. Жарнамада ықпал ету қызметін атқарып тұрган тілдік бірлікті анықтаныздар.

3-жаттығу. *Мақал-мәтедерде қамтылған хабарды бірнеше сөйлемдер арқылы өрбітіңіздер.*

1. Кеңесті ел кем болмас.
2. Отанға опасызыңық еткенің, өз тубіңе өзің жеткенің.
3. Отан - елдің анасы, ел - ердің анасы.
4. Халық - дана.
5. Халық қаһары камал бұзар.
6. Рұлы ел - ұялы терек.
7. Ақ жүрген адам азбас.
8. Талабы жок жас - канаты жок құс.
9. Әдептілік, ар-ұят - адамдықтың белгісі, Тұрпайы мінез, тағы жат- надандықтың белгісі.
10. Ақылды қария - ағын дария.
11. Көз - таразы, көніл - казы.

4-жаттығу. *Төмендеғі тақырыптар бойынша бір, екі сөйлемнен тұратын жарнама мәтіндерін құрастырыныздар.*

Кітап жарнамасы: ...

Кино жарнамасы: ...

Концерт жарнамасы: ...

Телебағдарлама жарнамасы: ...

Банк жарнамасы: ...

Дүкен жарнамасы: ...

Электро-техникалық құралдар жарнамасы:...

Тамақ өнімдері жарнамасы:...

*Өзініз құрасғырған мәтіндерді қолданыста бар жарнама мәтіндерімен салыстырып көріңіздер.

7-жаттығу. Мәтін құрастырып, адресант, мәтін, адресат, болыс, тілдік жүйе қарын-қатынасын талдаңыздар (адресат ретінде өзіңіз атынасыз).

ӨЗ БЕТИМЕН ОРЫНДАЛАТЫН ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАР

- 1) «Мәтін - қурделі катысым бірлігі» тақырыбында реферат жазыңыздар.
- 2) Бірынғай монологке, бірынғай диалогке құрылған мәтіндерді жинактап таддаңыздар.
- 3) Мәтін лингвистикасы зерттеулеріндегі пікірлерді ой елегінен өткізіп, өз топшылауынызben тіл біліміндегі бүтінгі көзқарас түрғысынан талдау жасаңыз (A.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектері бойынша).
- 4) Құрделі синтаксистік тұғастық - арнайы зерттеу нысаны (T.Қордабаев, Р. Сыздық еңбектері бойынша).
- 5) Қазіргі мәтін лингвистикасы саласындағы еңбектер, қарастырылған мәселелер.

1-жаттығу. Төмендегі сөздерді пайдатана отырып, мәтін құрастырыңыздар.

Ақын, балалық, дاناңың, қыран, кия, адам, дала, ақын бойы, ақын ойы, ақын жаны, жараланады, жазылады, ақын жүргегі.

2-жаттығу. Асты сыйылған сөздердің мәтіншүзімдік қызметін анықтаңыздар. Олардың кандай мағынадақ қатынасты білдіріп тұрғанын түсіндіріңіздер.

1. Мақаш Бекмұхамбетовтың кезінде көбірек нағар аударғаны қазак топырағындағы құқыктық жағдай, дәлден айтсақ, дағдылы әдет құқына катысты мәселелер болды. **Бір караганда**, оның да жаны бар еді. **Өйткені** патшалық Ресей XIX ғасырдың 60-70-жылдарында Қазақстанды барлық жағынан толық бағындырып, қоғамдық басқару тәртібіне өз зандарын, яғни ресейлік зандарды қолдана бастаған-ды.

2. Ал аталған күйді Хисмет аға қайдан, кімнен үйренді. Оны анықтап, білейік десек, күйші ағаның өзі дүние салып кеткен. Бірак бұл да Эсима апай айткан Бану карияның Мақаш күйлері еді деп түйдектеп төгетін 5-6 күйдің бірі шыгар. **Оған да шүкір, сөйтіп** әкім ағанын тағы бір күйі табылды, аты – «Назым»(Макаш Экім).

* *Белгіленген сөздерді қолданбай мәтінінде оқып көріңіздер. Қандай өзгеше тік байқалады? Сөйлемдер арасындағы байласының жүзеге аса ма?*

3-жаттығу. Мәтін мазмұнына сәйкес берілген көп нүктенің орнына байласымының жүзеге асыратын тілдік бірліктердің қойынызы.

1933 жылы театр Мухтар Әуезовтің «Еңлік-Кебегін» қайта койды. (...) Еңлікті ойнаған Күләш тұнғыш рет спектакльде ән салды. Еңліктің коштасуын түгелдей әнмен айтып шыкты. (...) жаңалық еді, жатырқамайтын, спектакльге ерекше өң беріп тұрған жақсы жаңалық еді.

4-жаттығу. Мәтіндегі іргелес, атшақ байланысын түрган сөйлемдерді анықтаңызыздар. Мәтін байласымының жүзеге асырып отырған тілдік амат-тасілдерді ауызша тағданызыздар.

М. Шоқай 1917 жылы Орта Азиядағы ең беделді басылым саналған өзбек тілінде шығатын «Ұлы Түркістан» газетінің алка мүшесі болған. Маусымда әйгілі Міржақып Дулатов, Сұлтанбек Кожанов сияқты қайраткерлермен бірлесіп, қазак тіліндегі «Бірлік туы» газетін шығарып, соның бас редакторы міндеттін аткарған. Грузияда жургенінде «Вольные горцы», «На рубеже» және түріктілінде жарық көрген «Йени дүния» (Жана

әлем) газеттерінің жұмысына өз мақалаларымен қатысқан. Ыстамбұлда 1927-1931жылдары жарық көрген «Йени Туркистан» (Жаңа Түркістан) және 1929-1939 жылдары Берлин қаласында басылған «Еш Түркістан» (Жас Түркістан) журналдарында бас редактор болып қызмет істеп, саяси жетекшілік еткен. Бұлардан басқа Лондонда, Париже және Варшавада шығатын ағылшын, француз және поляк басылымдарына да өз еңбектерін жарияладап отырған (Е.К.)

5-жаттығу. *М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясынан үш абзацты ала отырып, байласын түрлері мен тәсілдерін анықтаңыздар.*

6-жаттығу. З.Қабдолловтың «Мениң Әуезовім» атты кітабының мәтінін тақдаңыз. Осы кітапта қолданылған дәйексөздерді жинақтап, картотека жасаңыз. Мәтінде қолданылуына тоқтаңыңыз.

Мәтін түрлеріне мысалдар:

Әнгімелебеу

Жолаушыларды күткен ауылдагы барлық ерек, барлық қатын-қаташ Әміренің үйінің сыртына шығып, екі жаққа жарылып түрғанда, ауылга жарты шақырымдай жерде қатты жүріп кележатқан қоңыраулы тройка көрінді. Ат басын ұстасған жігіт жолаушыларды қарсы атуға шыққан тоңты қоріп, бұрынғысынан екіленіп атып, тер басқан үш коңыр атты биігімен ығыстырып, шаптырып келеді. Бірін-бірі көруге асықкан жақындардың шыдамсыздығы ұзаққа созылған жоқ. Аттардың тұмсығы Әміренің үлкен ақ үйінің сыртына келіп тірелді. Жолаушылар арбадан түсіп болғанша, сағынған жақындар Жұмагүлді бетінен сүйіп атды. Аздан соң әйелдердің бәрі де Қадишианы жағағап, Қамария сияқты үлкендері оның да бетінен сүйісті. Біраз сөзбен амондық айтысып, хал-жай білген соң жұрттың бәрі үйге кірді (М.Әуезов).

Ойталқы

Шабуыл — жеңіс емес те, шегіну — жеңіліс емес. Қоюқ атын кеп жағаға согылған толқын кейін лықсығанды күш анық қайта ма, күшиңен айрыла ма? Әлде сол жағада өле ме? Жай қоюқ толқын жағаға согылтып, күш атып кейін шалқып, қайтада кеп согылтып, үздіксіз қайтағанып жатқандай корінеді. Майдандағы ұқсастықтар да осындаі (F.Мусірепов).

Бүгінгі Қазақстан картасына бажайлан қарасаңыз, алабажақ «ақтаңдақтардан» - шұбарланған атаулардан көзің тұнады.

Қазақ халқы гасырларбойы жасап келген құттымекенінің өзінегін атауларын шұбарландырган, бөтендендіре бұрматаган, адамтансызыз күйге ұшыратқан қандай құдірет? Қандай күш? Шынында да, «ег аман, жұрттынышта» өз атамекенінде отырған жұрттың етімсақтан бері қатыптасқан елдік сана, ұлттық дәстүрлінің аяқта басылтып таптауына, тағдырдың талкегіне ұшырауына, оның бедеріне айғыздандыра дақ салып, алабажақ «ақтаңдақ түсіруіне нендей себептер болды, бұған кімкіналі?» деген сұрақтың тууы заңды (Ә.Қайдар).

Суреттеу

Жұрт қағаздарын алған құыстарына қайта салып, тағы дабет-бетімен қимылдаады. Біреулер шыгады, біреулер кіреді. Біреулер қақтығып топырлан жүреді. Біреулер жатыр, біреулер отыр, поезд жоқ (С.Сейфуллин).

Жылай-жылай сілесі қатқан баға бұл шақта әбден көгеріп, ықылтық атып жатыр екен. Ол бағаны жұбатама деп откен түнітаң атқанша үйқы көрмедин, арпа тысып шығып еді; өзі жұмысқа жеткесін бағаны бір жсан жұбатпаган. Ауру кемпір іргеге қарапжатыр. Өзінде аттың үй ішіндегі жсан жағадың жүзін көргісікелмей, қатты түңіліп безініп алғандай. Екі аласы - Төлеумен Қалауекі жерде сазарып отыр. Бағжан болса күнделесінің бағасына бауыры жібімейтін әшейіндегі безбүйрек

қаталдығына басып бір · шетте өзбалағасымен оңашалғанын атыпты (Ә.Нұрпейісов).

Жүрек (*сердце, cor*) - ыргақты жиырылуды мен босаңсұы нәтижесінде қанды венадан тартып атып, артерия қан тамырына айдайды. Жүрек кеүде қуысының сол жағындағы алдыңғы, төменгі көкірек аратықта орналасқан. Жүректің пішіні конусқа ұқсайды Конустың ұшы төменге, солға-алға, ал табаны жоғары-артақа, оңға қараган (Ә.Күзенбаева).

Жоғарыда берілген мәтіндердің әрөайсысы әртүрлі сөйлеу формасы арқылы баяндалып отыр. Алғашқы мәтінде ауылдағы адамдардың жолаушыларды тосу сәті, яғни тройканың көрінуі, жолаушыларды карсы алуы, үйге кіруі туралы баяндалған. Мәтін мазмұны бірі екіншісінен кейін жүзеге асырылатын іс-әрекеттер арқылы баяндалып, әнгімелдеу түрінде жеткізіліп отыр. Келесі мәтінде жазушы майдандағы іс-әрекеттерді табиғатқұбылысы - толқынмен параллель ала отырып, ой-тұжырымдары арқылы жеткізген. Одан кейінгі мысалда автордың елді-мекендер атауларының өзгеруіне байланысты толғаныстары жазылған. Екі мәтінде де автордың пайымдаулары баяндалып, ойталқыға құрылып отыр. Соңғы үш мәтінде баяндау қабатын суреттеу күрайды. Алғашқысында поезд күтушілер әрекеттері, екіншісінде бөлме ішишде калыптасып отырган жағдай суреттелген. Соңғы мәтінде жүректің сипаттамасы берілген. Бұл мәтіндер бір сөйлеу формасы арқылы баяндалып, дербес «таза» мәтін түрлерін қүрайды. Мысалдардың барлығы да мәтіннен бөлшектеніп алынған. Сондыктan композициялық-сөйлеу формалары - бір жағынан, тұтас шығарманың бөлшегі, екінші жағынан, мағыналық тұтастығымен ерекшеленетін мәтін түрі.

Мәтінде өз алдына бөлек мазмұнды білдіретін сөйлеу формалары бір-бірімен әртүрлі байланыска түседі. Тұтас мәтіннің баяндауында суреттеу әнгімелдеуге, әнгімелдеу суреттеуге, әнгімелдеу ойталқыға, ойталқы суреттеуге, суреттеу ойталқыға т.с. ауысып, ұласып отырады, сөйтіп, толық

мазмұнды иеленген, аяқталған, жүйелі мәтін дүниеге келеді. Мәтін құрылымында сөйлеу формалары автордың прагматикалық ұстанымына сәйкес дербес жеке сөйлеу түрінде келіп, бірімен-бірі іргелесе орналасады (ол «таза» әңгімелебе деп т.с.с.аталады), не болмаса бір құрделі фразалық тұтасымның ішінде араласып қолданылады («аралас» ойталкы деп т.с.с. атайды). Сөйлеу формаларының алмасып, кезектесіп келуі, біріншіден, мәтінде бейнеленіп отырған болмыстың жан-жакты камтылуын, екіншіден, оқырманның баяндаудың біркелкілігінен жалықпай хабарды жеңіл түсінуін камтамасыз етеді. Мәтін мазмұны көбіне сөйлеу формаларының араласа қолданылған күйінде беріледі.

Төмендегі мәтінде сөйлеу формалары бірімен-бірі араласып қосылған күйінде көркем болмыс туралы хабарды түрлше баяндаپ жеткізіп отыр. Әр сөйлеу формалары бір-бірінен мазмұндық жағынан ерекшеленгенімен де, осы үзіндіде бір мазмұнды беру үшін араласкан күйінде бір мағыналық тұтасым құрап жұмсалып отыр. Бір құрделі фразалық тұтасым құрамында сөйлеу формалары аралас қолданылса «аралас» мәтін деп аталады.

Мысалы: Тынысы тарылтып, денесі ауырлан отырган Ораз-Мухамед төсек үстіндегі әжеге қараган. Бейсаут сөйлемейтін еді, мұнысы не. Кербез тартылған биік кимешегінің самайынан бір шөкім ақ шаш шығып тұр. Қартайып кеткен. Кешигісімен салыстырғанда, қаусаған кемпір. Баязы құат, қайрат жоқ. Бар дігірі даусында. Сосын көзі. Көзі алі еткір екен (М.Мағаун).

Бұл мәтіннің баяндау кабаты әртүрлі композициялық-сөйлеу формаларынан тұрып, әңгімелебе - ойталкы - суреттеу түріндекұрылған. Алғашкы сөйлем әңгімелебеуде Ораз-Мұхамедтің қымыл-әрекеті туралы хабар берілген. Екінші сөйлемде не себепті қарағандығы ойталкы түрінде келіп, кейіпкердің ішкі ойы баяндалғаи. Мәтіннің қалған сөйлемдерінде Ораз-Мұхамедтің сол уақыт ішінде көзіне шалынған кейіпкердің сипаты суреттелген. Демек, бұл мәтінде композициялық-сөйлеу формалары бір-бірімен қосылып араласа қолданылып, әрбір композициялық-сөйлеу формаларындағы

мағына екінші бір сөйлеу формасындағы мағынаны дамытып отыр.

Тұтасымен алғанда бұл мәтіндегі мазмұн суреттеме түрінде қабылданады, өйткені мәтіндегі негізгі ой кейіпкердің сыртқы кескіні төнірегінде өрбіген. Көбіне-көп әңгімелебі мен суреттеудің мәтін ішінде араласып келетінін ғалымдар ерекше атап көрсетеді. Олар бір-бірін толықтыра қеліп, айырылмластай табиғи байланысып тұтасып кетеді. Әсіресе, көркем прозада әңгімелебі мен суреттеу араласып қолданылады.

Мысалы: *Олар посөлке сыртындағы көлге келді. Жагалауы ойдым-ойдым қамысты, орталығы жагалаңаш дөңгелек көл айжарығымен жағтырап, мөлдіреп жатыр. Айналадагы әсемдік: жасыл жагалау, бұйра басты тәбелер, жақпар – жақпар жартастар түн қараңғысын айқара жасылып, күндізгі күлгі сұлу көркін жасырып, мелишип қалған (М.Иманжанов).*

Сырт көзге білінбегенімен де, бұл мәтінде әңгімелебі мен суреттеу бір тұтасым құрамында араласа қолданылған. Әңгімелебі мәтіннің бірінші сөйлемі арқылы, ал суреттеу өзге екі сөйлем арқылы баяндалып отыр. Әңгімелебіде кейіпкерлердің көл жағасына келгені, яғни кимыл-козғалыс туралы хабар берілген. Ал суреттеуде кейіпкерлердің қимыл-козғалысының аяқталған жері (көл, көл айналасы) сипатталған. Бұл мәтін аралас суреттеуге жатады. «Аралас» суреттеудегі хабар әңгімелебі - суреттеу түрінде баяндалса да, әңгімелебі мен суреттеу мағыналық жағынан табиғи жымдасып кеткен. Оқырман бұл мәтінді бірден суреттеме, сипаттама түрінде қабылдайды. Мұны мәтін құрылымын негізінен суреттеудің құрап тұрғанымен түсіндіре аламыз.

Ал суреттеудегі мазмұнның дамуына әсер етіп отырған тұтасымның алғашқы сөйлемі - әңгімелебі. Әңгімелебі формасының алғашқы сөйлемдерде келіп суреттеуді мәтінге енгізу дегі кызметі ерекше. Мәтін құрамындағы сөйлеу формаларының баска да ретпен бір-бірімен араласуға қабілетті екенін ескерсек, бұлардың орындары ауысып, суреттеу - әңгімелебі, суреттеу - әңгімелебі - суреттеу, әңгімелебі - суреттеу -

әңгімелеге түрінде де колданылады. Әңгімеледің суреттеу мәтініне ұласуын олардың негізінде жаткан мазмұндық-фактуалды хабардан, сөйлемдердегі шактық мағынаның өзгеруінен және әңгімеледің суреттеуге ұласқандығын мекендік, мезгілдік, заттық мәніндегі сөздердің колданылуынан анғаруымызға болады. Келтірілген мәтінде әңгімелеге белгілі бір кеңістікте орын ауыстырған субъектілердің кимыл-козғалысы туралы мазмұндық-фактуалды хабарды білдірсе, суреттеуде бізді қоршаған орта, көлдің сипаттамасы туралы мазмұндық-фактуалды хабар беріліп отыр. Бұл - бірін екіншісінен ажырататын бірінші белгісі, яғни әрбір мәтін түрінің негізінде жатқан басты мазмұндық ерекшелігі болып саналады. Екінші белгісі - әңгімеледің жесел өткен шакта (келді), ал суреттеудің осы шакта берілуі (жалтырап, мөлдіреп жатыр; жасырып, мелшиіп қалған). Суреттеудің екінші сөйлемі өткен шак мәнін білдіретін есімшешің - ін тұлғасы арқылы берілсе де, осы мәтінде осы шактың орнына колданылған. Өткен шак тұлғасында қолданылған сөздер негізінен сипатталып отырған нысанның бір мезгіл ішіндегі бейнесін, сипатын, кимыл-сынын беруге жұмысалатындықтан, осы шак түрінде қабылданады. Әңгімеледің суреттеу ұласқанын мекендік ұғымды білдіріп тұрған барыс тұлғалы сөздің (көлге) заттық ұғымды білдіретін сөзге (көл) ауысқапшынан анғаруымызға болады. «Аралас» мәтіндерде әңгімелеге мем суреттеу мағыналық әрі лексика-грамматикалық тәсілдер арқылы байланысып, жіктері білінбей мазмұндық жағынан үшіншісіп жатады. Енді төмендегі мәтінге назар аударайык. Мысалы: *Үй іши жыл-жырт. Қарсы қабыргадағы сағат қашы жасы тағмасстан таңдаібын қақсан баладай тық-тық соғын тұр.* Мынау ұйқы-тұйқысы шығып жатқан астан-кестен дүниеде күлтіхаққа өзінің дегенін істеп баяғы бір ізben мінбақшы тартатын да отыратын жер бетіндегі жалғыз мыншы осы -уақыт қой. Я, уақыт... Уақыт... (Ә.Нұрпейісов).

Мәтін суреттеу ойталқы түрінде құрылып, кейіпкер-әңгімелеші суреттеши оқиғаға қатысты пайымдауын философиялық ой-корынышдысы ретінде беріп отыр. Алғашқы

екі сөйлемде үй ішінің, қабырғадағы сағаттың белгілерін сипаттап, бір көріністі бейнелесе, кейінгі екі сөйлемде осы көріністі кабылдап отырған кейіпкердің өмір, зырлап өтіп жатқан уақыт туралы өзіндік пайымдауы баяндалған. Бұл мәтінде суретtelіп отырған сағаттың сипаты қабылдаушының ішкі пікірімен астасып ойтакыдағы мазмұнға ұласкан.

Ойтакы әнгімелемен салыстырғанда суреттеумен толық тай табиғи жымдасып кетеді деп айта алмаймыз, себебі олардың арасындағы айырмашылық бір оқығаннан-ақ байқалып тұрады. Біріншіден, мазмұндық-фактуалды хабарлары бір-біріне мүлде жуыспайды. Бірі - автордың (кейіпкердің) окиғага, түрлі құбылыстарға деген өзіндік көзқарасын, пайымдауын, философиялық ойларын білдірсе, екіншісі - болмысты суреттеу арқылы бейнелейді. Екіншіден, ойтакы мәтінінде сұраулық шылаулар, сұрау есімдіктері суреттеумен салыстырғанда анағұрлым жиі қолданылады. Өйткені ойтакы да толғаныс, құдік, философиялық пайымдау, риторикалық сұрау мағынасын беруге катысатын сұраулы, лепті сөйлемдер көп кездеседі.

Сөйлемнің айтылу мақсатына карай қойылатын графикалық белгілер де, сөйлем сонынан келіп аякталмаған, әлі де айтылуға керекті ойды білдіретін көп нұкте де ойтакыны өзге сөйлеу формаларынан сырткы сипаты жағынан ажыратуға катысады. Ал айтылған ойға үстеме ренқ беретін демеуліктер, адамның түрлі сезімін білдіруге катысатын қыстырмалар екі сөйлеу формасында да қолданылады. Олардың қай мәтін түрінде қолданылып тұрганын мәтін мазмұны арқылы ажыратамыз.

Әнгімелемеу, суреттеу, ойтакының бір-біріне өзара тәуелділігі, араласып, кезектесіп отыруы, біреуінің мағыналық жағынан басым түсі - мәтіннің өзіндік табиғатына, адамның таным көкжиегі арқылы қабылданған мәліметтер мен құбылыстарды түрліше бейнелеуіне және сөйлеу туындысын дүниеге әкелген автордың жеке қолтаңбасына тікелей байланысты.

ТЕЗЛАУРУС

Абзаң – жаңа жолдан басталатын мәтін орынға күрделі құрылымдық-семантикалық тұтастық.

Автор бейнесі – көркем шығармандың мағынасы мен стилінің барлық элементтерін мәтіндік тұтастыққа орнайтын лингвистикалық категория.

Автордың тілдік тұлғасы – автордың даралыны мен көркем мәтін тудырудагы ерекшеліктері.

Айтылым – бір коммуниканттың бір сейлеу актісінде і сөйлеу әрекеті.

Антрапоцентристік бағыт – зерттеу жұмыстарынын, танымның адамға, оның барлық сипаттарына (жеке басынын, ұлттық, алеуметтік) бағытталғандығы.

Ақпарат – (лат. *informare*-суреттеу, бір нэрсе туралы ұғым құрастыру, хабарлау) коршаған ортадағы заттар мен құбылыстардың касиеттері мен ерекшеліктері туралы қарым-катаңас жағдайында табиғи тіл арқылы берілетін ақпартың жиынтығы.

Байласымдылық – мәтінге тән негізгі категориялардың бірі, ол тұтастықпен біргіп, автор интенциясы мен оқырман кабылдауын мейлінше жакындастыруға ықпал етеді.

Дискурс – (лат.*discursum*-әңгімелеу, сөйлеу үдерісі) кең мағынадағы тілдік іс-әрекет, тар мағынада – байласымды мәтін.

Дейксис (грек. *deixis* —сілтеме) — тілдік құралдармен берілетін сілтеме, орнына жұмсалып отырған тілдік бірліктің мағынасына немесе қызметіне нұсқайды (есімдіктер, үстеулер, есімдік пен шылау, есімдік пен мекендік, мезгілдік ұғымды білдіретін сөздер).

Диалог - (грек. *-сойлесу*, әңгімелесу) - екі адамның тіл катысуы.

Жарыспалы байланыс - тұтасым құрамына енетін сөйлемдердің синтаксистік құрылышының, предикат мүшелердің, сөйлемдегісөздердің орын тәртібінің бір-бірімен сәйкес келіп қайталануы арқылы жүзеге асады. Сөйлемдердің бірі екіншісіне бағынбай, өзара тен дәрежеде байланысуы.

Жағдаят – мәтіндегі оқиғаның орны мен уақыты және кейіпкерлер жөніндегі ақпарат.

Мазмұнды-фактуалды ақпарат – фактілер мен оқиғаларды, олардың уақыты мен орнын, автордың ойын, сюжеттің дамуын көрсететін ақпарат.

Мазмұндық-концептуалды ақпарат – автордың коғамдық өмір құбылыстарын өз бетінше саралаудын, түсінуін, бағалаудын оқырманға жеткізуінің көрінісі.

Мазмұндық-астарлы ақпарат – тіл бірліктерінің ассоциативті және бағалаушы мағына тудыра алу қабілетіне карай мазмұндық нақты ақпараттан алынатын жасырын ақпарат.

Инвенция – сөйлеуді тудыру.

Итенция- автордың ниеті

Кеңістік – мәтінге тән категориялардың бірі, ол баяндаудың нақтылығы мен шындығын қамтамасыз етеді, қатарлас нәрселердің орналасу тәртібін көрсетеді.

Когезия – (ағыл.cohesion-«бірігу») – мәтіндегі сейлемдер мазмұнының байласымдығы.

Континум – (лат. continuum-ұздіксіз,толассыз) – мәтіндегі уақыт пен кеңістік ұғымдарының көрінісі.

Концептуалдылық – (лат. conceptio-қабылдау)

1) құбылысты кабылдаудағы пікірлер жүйесі;

2) негізгі идея.

Құрылым мәтіннің – мәтіннің мазмұны мен формасы категорияларының арасындағы қатынастар.

Композициялық- сөйлеу формалары (композиционно-речевые формы) - екі жақты құрылым, біріншіден, ойлаудың бір түрі, яғни ойлау әрекетін жүзеге асырады, екіншіден, сөйлеу әрекетінің бір түрі, яғни қатысым түріне жатады.

Композициялық-сөйлеу формалары - әнгімелдеу, суреттеу (сипаттау), ойталқы (пайымдау).

Контекст (лат. contextus - бірігу, байланыс) — мәнге ие болу арқылы тілдің барлық денгейіне тән единицалардың мағына, мазмұны жүзеге асатын орта.

Мазмұн – тақырыпты ашу үшін тілдік талдауға түсетін фактілер мен құбылыстар.

Мәтін – (лат.textus-ткань, өрілім, қосынды) аяқталған, объективтеген жазба күжаты ретінде... биркатар ерекшесі бірліктері мен атауы бар, түрлі лексикалық, грамматикалық, логикалық, стилистикалық байланыстармен біріктірілген, белгілі бір мақсат пен прагматикалық бағыты бар сөйлеу шығармасының туындысы.

Макромәтін – көлемі улкен шығарма.

Микромәтін – түрлі күжаттар, акпараттар, көлемі шағын шығармалар.

Мәтін тұзу – «Текст тұзу» - жетілген жазба әдебиетінің қорінісі. Және ол қаламгердің зор талантын талап ететін құбылыс, өйткені текст тұзу үшін сөз таптарын, грамматикалық амалдарды таңдай білу керек, әр сөздің лексикалық мағынасы мен модальдық өнін тап баса білу керек.

Метамәтінділік – мәтіннің алдынғы бөліктеріне түсіндірме немесе сыни сипаттағы сілтеме.

Модальділік – айтушының айтылымға катынасын қөрсететін, акпарат пен объективті болмыстың аракатынасын бағалауға арналған грамматикалық-семантикалық категория.

Модальділік мәтіннің – автордың оқырманға болмыстағы құбылыстардың себеп-салдарын, катынастарын түсінуіне ықпал жасау.

Модальділік объективті – акпараттың болмысқа катынасын білдіру.

Модальділік субъективті – айтушының айтылымға катынасын қөрсету.

Ойталқы – композициялық сөйлеу формаларының бір түрі, кейіпкердің әр түрлі сезімін, көніл-күйін, дүниеге кезкарасын, кейде автордың ішкі ой-пікірін баяндайтын форма; ойталқының құрылымына уақыт, кеңістік және себеп-салдар категориялары жатады. Себеп-салдар ойталқыда құбылыстардың бірінен екіншісінің пайда болу байланысын қөрсетеді.

Прагматика – коммуниканттардың сөйлеу жағдаятын ескере отырып, айтылым мақсаты мен бір-біріңе және ақпаратға катынасын білдіретін категория.

Проспекция – (лат.prospicere-«калға қарау») – оқиғадан соң не болатынына тілдік құралдар арқылы сілтеме жасайтын категория, ол уақыт және кеңістікпен тығыз байланыста.

Рема – (грек.rhēma-сөз) – сөйлемнің актуалды бөлігі; хабардағы бастапкы бөлік – тема жөнінде айтылатын және ойдың аяқталмаған көрінісін жасаушы.

Ретроспекция – (лат.retrospicere-артқа қарау) – бұрынғы айтылғанға (жазылғанға) оралу.

Суреттеу – болмыстың белгілі бір қалпын, күй-жайын толыктайтын, көрсететін композициялық баяндау формаларының бірі.

Сюжет – (фр.sujet-шығарманың кейіпкерлері мен оқиғаларын баяндайтын негізгі мазмұн) – тақырып пен композиция катынасының нәтижесі.

Тақырып – автордың күбылышқа катынасын шығармасында зерттеу, көрсету үшін сұрыптаپ алған негізгі ойы немесе ой жиынтығы.

Тұтастық мәтіннің – мәтін ішіндегі сөйлем, абзац, тарау, бөлім мазмұндарының тұтастығы.

Тұтастық құрделі синтаксистік – ерекше синтаксистік-стилистикалық бірлік құрайтын бірнеше сөйлемдер жиынтығы.

Тұтастық құрделі фразалық – мәтін құрайтын тіл бірлігі.

Уақыт – мәтінге тән категориялардың бірі, ол қатарлас нәрселердің бірін-бірі ауыстыруын көрсетеді.

Уақыт концептуалды – оқига өтетін уақыт.

Уақыт көркем – сюжеттің, бейнеленген күбылыштардың өмір сүру формасы.

Уақыт объективті – күнтізбелік уақыт.

Шегендеуіш - қыстырма құрылымдар құдайға шүкір, расында да, амал қанша т.б.), жалғаулықты шылаулар (бірақ, сондықтан, алайда т.б.) атқарады.

Іргелес байласым - мәтін құрамында өзара іргелес орналасқан сөйлемдер арасында орнайтын байланыс түрі.

Тест тапсырмалары

1. Мәтін лингвистикасының нысаны?

- а) Күрделі фразалық тұтасым.
- ә) Жай сөйлем.
- б) Сөз тіркесі.
- в) Грамматикалық формалар.
- г) Көп компонентті күрмаластар.

2. « Сөз өнерінен жасалып шығатын нәрсенің жалпы аты шығарма сөз, ол аты қысқартылып шығарма деп айтылады. Ауыз шығарған сөз болсын, жазып шығарған сөз болсын бәрі шығарма болады» - кімнің сөзі?

- а) А.Байтұрсынұлы
- ә) К.Жұбанов
- б) Т.Кордабаев
- в) Р.Сыздықова
- г) С.Аманжолов

3. Қ.Жұбанов мәтінді қалай деп атайды?

- а) Сөз бүйымы.
- ә) Шығарма сөз.
- б) Сейлеу туындысы.
- в) Сөз тізбегі.
- г) Сөйлемдер тобы.

4. Диалог формасы қалай құрылуы керек?

- а) Қыска айтылуға және түсінуге қолайлы құрылуы керек.
- ә) Толымды, жайылма сөйлемдерден тұруы керек.
- б) Бір адамның ойы баяндалуы керек.
- в) Риторикалы сұраулы сөйлемдерден құрылуы керек.
- г) Күрделенген, күрмалас сөйлемдерден тұруы керек.

5. Мәтін қай бағыттағы зерттеулерде «шығарылатын» және «қабылданатын» нысан деп анықталады?

- а) Психолингвистикалық.

- ә) Прагматикалық.
- б) Қатысымдық.
- в) Танымдық.
- г) Құрылымдық.

6. Дискурс деген не?

- а) Тідден тыскары факторлармен бірлікте қарастырылатын мәтін.
- ә) Біршама тиянкты ойды білдіретін синтаксистік бірлік.
- б) Мәтіннің танымдық сипаты.
- в) Дұрыс ұйымдаспаған мәтін.
- г) Оқырманның мәтінді қабылдау әрекеті

7. Мәтін лингвистикасы қашан қалыптасты?

- а) XX ғ. 60 ж.
- ә) XX ғ. 70 ж.
- б) XX ғ. 20 ж.
- в) XX ғ. 80 ж.
- г) XX ғ. 90 ж.

8. Мәтін лингвистикасы саласы кімдердің енбектері арқылы қалыптасты?

- а) Г. Лакофф, Р. Харвег, З. Шмидт т.б.
- ә) А. Десницкая, В. Орлова, Г. Хабургаев т.б.
- б) Л. Выготский, В. Костомаров, А. Акишина т.б.
- в) А. Смирницкий, Г. Винокур, Л. Щерба т.б.
- г) В. Виноградов, П. Соболева, Е. Кубрякова т.б.

9. Монологтің негізгі ерекшелігі не?

- а) Бір адамның сөйлеуі немесе бір адамның ойы.
- ә) Екі адамның тіл катысы.
- б) Бірнеше адамның өзара пікір алмасуы.
- в) Негізгі ерекшелігі болмайды.
- г) Бір адамның сөйлеуінің ішінде басқа біреудің де пікірін келтіріп отыру.

ПАЙДАЛАНГАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жапбаров А. Окушылардың жазбаша тілін дамытпа оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. -Алматы, 2007. - 120-122 бб.
2. Клычникова З.И.. Психологические особенности обучения чтению на иностранных языках. - Москва, 1983 - с. 159.
3. Жапбаров А.. Қазак тілі стилистикасын оқыту методикасының негіздері. - Алматы: «Казак университеті», 1991. - 106.
4. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы, 1991. – 460 б.
5. Смағұлова Г. Мәтін лингвистикасы. – Алматы: Казак университеті, 2002. – 111 б.
6. Золотова Г. А., Онищенко Н. К., Сидорова М. Ю. Коммуникативная грамматика русского языка. – М., 1988. – 250 с.
7. Ворожбитова А.А. Теория текста: Антропоцентрическое направление. Учеб. пособие. – Изд. 2-е, исп. и доп. – И.: Высшая школа, 2005. -367 с.
8. Мосальская И. О. Грамматика текста. – М. : Высшая школа, 1981. – 215 с.
9. Бахтин М. М. Эстетика слова и язык писателя. – М., 1979.
10. Гальперин И. Р. Текст как объект лингвистического исследования. – М.: Наука, 1981. – 183 с.
11. Залевская А. Текст и его понимание. Тверь, 2000. 269 с.
12. Тураева З. Я. Лингвистика текста. – М.: Просвещение, 1986. – 107 с.
13. Кухаренко В. А. Интерпретация текста. – Л., 1979.
14. Виноградов В. В. О теории художественной речи. – М., 1971.
15. Әбдезұлы Қ. Т. Әлімқұлов шығармашылығы және 60-80 жылдардағы қазак прозасы. – Алматы: Ғылым, 2001. – 270 б.
16. Ахметова М.К. Мәтін лингвистикасы: Оқу-әдістемелік күрал. - Орап: Ағартушы», 2008. - 148 бет.

17. Лосева Л. М. Как строится текст. – М.: Просвещение, 1980. – 94 с.
18. Әбікенова Г. Т. Көркем шығармадағы мәтінгүзім мәселелері : оқу құралы. – Семей, 2010. – 155 б.
19. Әбілов Ж. Фольклор – диалог комедияның репертуарлық тармағы // Түркология, №3, 2005. – 78-80 бб.
20. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазак университеті, 1992. – 350 б.
21. Әбдікова Қ. Ж. Аймауытов туындыларындағы тұлға: Филол.ф.к. дисс.: 10.01.02. – Алматы, 1998. – 142 б.
22. Әбдезұлы Қ. Т. Әлімқұлов шығармашылығы және 60-80 жылдардағы қазақ прозасы. – Алматы: Ғылым, 2001. – 270 б.
23. Байтанаев Ә. Шын шеберлік. Алматы: Жазушы, 1969. – 220 б.
24. Қаріпжанова Г. Т. Көркем мәтінді лингвистикалық талдау: оқу құралы. – Павлодар: Кереку, 2009. – 112 б.
25. Шалабаев Б. Көркем проза тілі. – Алматы: Білім, 1994. – 124 б.
26. Шалабай Б. Көркем проза тілін зерттеудің ғылыми теориялық негіздері: филол. ғыл. д-ры... дисс. – Алматы, 1999. – 340 б.
27. Сыздыкова Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: Санат, 1995. – 208 б.
28. Кунанбаева С. С. Темпоральные отношения в казахском художественном тексте. – Алма-Ата: Ғылым, 1991.
29. Қайшығұлова Ж. Қазақ мәтінінің күрделі фразалық тұтасым / абзац деңгейінде мүшеленуі: филол. ғыл. канд. дисс. автореф. –Алматы, 2001. – 24 б.
30. Ерназарова З. Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі: филол. ғыл. д-ры... дисс. автореф. –Алматы, 2001. – 49 б.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
I Мәтін лингвистикасы ғылыми пән реті.....	4
1.1 Тіл біліміндегі мәтін мәселеісі.....	4
2 Мәтін және оның негізгі белгілері.....	8
2.1 Мәтінге берілген анықтамалар.....	8
2.2 Мәтіннің негізгі белгілері.....	11
2.3 Жалпы тіл біліміндегі мәтін мен дискурс зерттеушілердің еңбектеріне шолу.....	13
2.4 Сөйлеу жанрлары мен мәтін жанрлары. Мәтін типтері.....	19
3 Дискурс пен мәтін бірлігінің ерекшеліктері.....	21
3.1 «Дискурс» терминіне берілген анықтамалар.....	21
3.2 Сөйлеу жанрының прагматикалық мәнде көрінетін аспектилері.....	25
4 Мәтін – күрделі тіл бірлігі.....	26
4.1 Мәтінге тән белгілер.....	26
5 Қазак тіл білімінің ғылыми негізін салушылар.....	30
5.1 А.Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбанов еңбектеріндегі мәтін туралы алғашқы ойлар.....	30
6 Мәтіннің түрлері.....	34
6.1 Сөйлеу формасының ауызша және жазбаша түрлері.....	34
7 Мәтіндегі байланыс құралдары.....	36
7. 1 Мәтіннің мағыналық- құрылымдық тұтастыры.....	36
7. 2 Мәтіннің коммуникативтік тұтастыры.....	39
8 Күрделі синтаксистік тұтастықтың мәтінмен байланысы және тұтастыры.....	43
8.1 Сөйлемаралық тұтастық.....	47
8.2 Күрделі синтаксистік тұтастықтың негізгі типтері.....	48
9 Мәтін құрылымы.....	51
9.1 Абзац терминінің колданылу орны.....	51
9.2 Мәтіннің аяқталуы. Мәтіндегі тақырып пен эпиграф.....	53
10 Сөйлемаралық байланыс тәсілдері.....	54
10.1 Сөз таптарының байланыс құралдары қызметін атқаруы.....	54
10.2 Мәтін талдаудың лингвистикалық бағыттары.....	57
11 Мәтіннің акпараттылығы мен модальділігі.....	59
11.1 Мәтіннің акпараттылығы.....	59
12 Мәтіндегі уақыт пен кеңістік категориялары.....	64

12.1 Кеңістік континиум және оны мәтінде өткеру күралдары.....	64
12.2 Шынайы, концептуалды, көркем уақыт.....	67
12.3 Мәтіндегі ретроспекция мен проспекция.....	71
13 Мәтінді бөлшектеу, оның композициялық бөлімдері.....	73
13.1 Мәтінді көлемдік-прагматикалық бөлшектеу.....	73
13.2 Курделі фразалық тұтастық және абзац.....	75
13.3 Дербес сөйлемдер арасындағы байланыстар жиынтығы.....	83
14 Көркем мәтіндегі композициялық баяндау формалары.....	87
14.1 Суреттеу.....	87
14.2 Әнгімелеу.....	90
14.3 Ойталкы.....	93
14.4 Диалогты бөлшектеу.....	96
14.5 Көркем диалог қызметі мен типологиясы.....	98
15 Автордың тілдік тұлғасы және автор бейнесі. Мәтін мазмұнын игерту.....	104
15.1 Мәтін авторының тілдік тұлғасы.....	104
15.2 Автор бейнесі көркем мәтін категориясы ретінде.....	107
15.3 Мәтін мазмұнын игерту мен құрылымдық ерекшелігін танытудың әдіс-тәсілдері.....	108
Білім алушылардың оку жетістіктерін бакылау және бағалау бойынша материалдар. Емтихан сұрақтар.....	119
Оқытушымен орындалатын өзіндік жұмыстар.....	123
Өз бетімен орындалатын өзіндік жұмыстар.....	124
Тезаурус.....	133
Тест тапсрымалары.....	137
Пайдаланған әдебиеттер.....	139

Подписано в печать 25.10.2017 г.

Формат 60×90 1/16. Гарнитура Times.

Тираж 300 экз. Заказ № 1817.

Отпечатано в ТОО «Полиграфия СК», ул. Конституции Казахстана, 11.